

Социал ЖҰМАБАЕВ
Кәрім ЖАЛМАҚАНОВ

Біржанның
белгісіз ғұмыры

Нұралы шежіресі

**Социал ЖҰМАБАЕВ
Кәрім ЖАЛМАҚАНОВ**

**БІРЖАННЫҢ
БЕЛГІСІЗ ФУМЫРЫ**



НұРАЛЫ ШЕЖІРЕСІ

Петропавл 2009

УДК 929.5

ББК 63.2

Ж 81

Солтүстік Қазақстан облыстық өлкетану мұражайы
жанындағы «Асыл мұра» орталығы

Редакция алқасы: Қайролла Мұқанов,
Қаратай Бигожин,
Таңат Сүгірбаев

Редакторы: Болат Нұртаев

Авторлары: Жұмабаев С.,
Жалмақанов К.

Ж 81 Біржанның белгісіз ғұмыры

Нұралы шежіресі - Петропавл қаласы - 2009. - 212 б.

ISBN 978-601-7029-23-4

Кітапқа Біржан сал Қожагұлының бұрындары беймәлім болып келген өмірдеректері енген.

Екінші бөлімінде Керей руының Нұралы атасының шежіресі жазылған. Кітаптың тарихи-тәнімдүк мәні зор.

УДК 929.5

ББК 63.2

Ж 0502000000
00(05)-09

ISBN 978-601-7029-23-4

©Жұмабаев С., Жалмақанов К.. 2009





**БІРЖАННЫҢ
БЕЛГІСІЗ ҒҰМЫРЫ**

БІРЖАННЫҢ БЕЛГІСІЗ ҒҰМЫРЫ

БІРЖАН САЛДЫҢ АТА ҚОНЫСЫ

Есімі алты алашқа жайылған, үш жұз төбесіне көтерген сал-сазгер, әнші ақын Біржан сал Тұрлыбайұлы (1825-1897) туралы айтылып та жазылып жүрсе де әлі де өмірдеректерінің зерттелмей, ашылмай жатқан қыры мен сыры кездеседі. Әсіреле, оның қай жылы туғаны, ата мекені, шығармашылығы туралы жаңсақ айтылып жүргені де аз емес. Бұның бәрі әуелде жазылып қалған өміrbаянының жоқтығынан және түбегейлі емес, үстіргт зерттеуден болып отыр.

Біржан салдың XVIII ғасырға дейінгі аргы аталағының (Нұралы, Нұрымбет керейлердің) қонысы қазіргі Қорған қаласының батыс жағындағы ормандар мен көлдер екен. Бұл жер Қостанай және Қызылжар өңіріндегі керейлердің тұп атасы XVI ғасырда өмір сүрген Бағлан бидің қонысы болған жер. Осы маңдағы қазіргі Звериноголовск қаласы “Бағлан” ауылы деп аталған.

1745 жылдары Бертіс (Біржан салдың атасы) және Құрман (Марал ишанның атасы) бастаған Нұралы және Нұрымбет керейлер Аманқарағай орманының Күнгей жақ жартысы мен сол маңдағы Қайранкөл (Әулиекөл), Қандықөл, Сұлықөлдердің жағасындағы ормандары қоныс қылады. 1790 жылды Аманқарағай орманы өңірінде жаңбыр жаумай құргақшылық болып

жұт болады, орман өртенеді. Нұралы, Нұрымбет аталары малдарын қыстаратын жер іздейді. Осы кезде қазіргі Жаңажол ауылына қаасты Елтінжал, Бұркеутал жерінде мекендейтін Көшебе-Керейдің Тоқтаболат балалары: Әлібек, Елтін, Өтеп, Төлеп, Қарамен, Қожабай, Кішкентайлар Тобыл өзені бойынан алған шүрайлы жерге көшеді. Бұл уақытта Бертіс пен Құрман қайтыс болып, екеуі де Аманқарағай жеріне жерленеді. Нұралы мен Нұрымбеттің басшылары болып қалған Қожағұл мен Құрман сол кездегі Қызылжар уалаятының басшысын Тоқтаболат балалары жерін уақытша пайдалануға сұрап алады, кейін сол жерге біразы ие болып қалады.

Тұған жерлеріне Тоқтаболат ұрпактары Тобыл бойынан, әсіресе, Елтін, Қарамен, Қожабай мырзалардың ұлдары, немере-шөберелері мүлде оралмайды. Тоқтаболаттың басқа ұлдарының балалары да жұтқа ұшырап, кедейленіп қалады. Иесіз қалған қоныстарды Нұралылар иемденіп алыпты. Нұрымбеттер жұттан айырып қомданып алған соң, қайтадан Аманқарағайға көшіп кетеді. Азшылығы Нұралыларымен бірге қала береді.

Кейін бұл жерде қалған Нұрымбеттіктер “Нұрымбет” атты қоныс салады. Бұл қоныс 1930 жылдары “Нұрымбет” колхозын құрайды. Кейін бұл ауыл “Ақбалық” колхозының, одан кейін “Озерный” совхозының құрамында болып, 1960 жылдардың сонында ауыл жабылып, тұрғындары көрші ауылдарға көшіп

кетеді. Қазір де біраз отбасылары Троебратное, Пресноредуть селоларында тұрып жатыр.

Сол кезден бастап, Тоқтаболат бүркеуі деген орманды Қожағұл (Біржан салдың атасы) иемденген еken, содан ол қыстау Қожағұл бүркеуі деп аталыпты. Қашанда жер-су аттары тарихи шындықтың бұлжытпайтын дерегі болып қалады. Тоқтаболат балаларының атындағы жер-сулар, атап айтқанда: Өтеп (үлкен Өтеп, кіші Өтеп), Қожабай көлдері, Қарамен қыстауы, Елтін жалы орманы Жаңажол ауылы төнірегінде әлі бар, бәрі де тарихи атауымен аталады.

Ғабит Мұсірепов “Ұлпан” романында “Елтінжалды” Қурлеуіт деген шағын рудың Елтін атты кісінің есімімен аталған деп жазса, одан бұрын бұл жерге Елтін Тоқтаболатұлының ие болғаны Көшебе шежіресінде жазылған. Шындық тарих қойнауында қалып келеді.

Тоқтаболаттың Өтеп, Әлібек, Кішкентай, Маржа деген ұлдарының ұрпактары Жамбыл ауданындағы Айымжан ауылында, Преснов қалашығында, Қызылжар, Астана қалаларында тұрып жатыр.

Жоғарыда аталған жерге Көшебе керейлерден кейін Нұралы, Нұрымбет керейлердің ие болғанына да жер-су аттары қуәлік ете алады. 1970 жылдарға дейін Жаңажол қардонының “Есеней кардоны” деп аталып келгендін жақсы білеміз. Осы арада бірнеше тарихи уақылардың орны болған бүркеу тарихы туралы айта кетейік.

Есеней Естемесұлының заманында 1826 жылдан

бастап Қожағұл қоныс аударған соң, Қожағұл бүркеуі “Есеней кардоны” деп аталады. 1919 жылғы облыс картасында осылай жазылған. Ел ішінде мынадай аныз сақталған. Есеней қайтыс болғаннан кейін Ұлпан шаруа басқарып тұрғанда жылқышылардың біреуі кардон ішінен құрық кесіп алыпты. Мұны естіген Ұлпан жылқышыға дүре соққызыған екен. Бұл аныз болса да, ол кезде табиғатты қорғауға қаншалықты көніл бөлгениң байқауға болады. Бұл Қорық жерінің басқа жерден ерекшелігі жер кыртысы құмдасын, көп жеріне табиғи қарағай өскен. Жердің осы қасиетін ескерген Солтүстік Қазақстан орман шаруашылығы 1960 жылдары осы алқаға тағы қосымша қарағай отырғызды.

1961 жылы облыстың атқару комитеті осы жerde Жаңажол қорығын жасау туралы шешім шығарды. Қорықтың табиғаты өте әсем, неше түрлі табиғи гүлдер, шөптер өседі. Жерлес жазушы Ғабит Мұсіреповтың елге келгенде дем алатын орны, “Қыз қарағайы” да осы қорықта.

НҰРАЛЫ КЕРЕЙ ЕЛІНІҢ ҚОНЫС АУДАРУЫ

XIX ғасырдың басында Орта жүзде хандық жойылып, округтерге бөлшектенген елдің береке-бірлігі кетіп, Ресей еліне кіріптар болғанын тарихтан жақсы білеміз. Қазақ ата-қонысынан айырылып, оның үстіне мөлшерден тыс алым-салық салынуы, ислам дініне қысымшылық жасалуы халықтың отаршылдарға қарсы

наразылығын күшетті. Осындай кезенде керейдің Нұрымбет атасынан тарайтын Марал ишан Құрманұлы Ресей патшасының отаршылдығына қарсы елді ғазауат күресіне көтерді. Марал ишан қозғалысы ғазауаттық діни соғыс болғанымен, шын мәнінде шынайы ұлт-азаттық қозғалыс еді. Қазақстанның солтүстік өнірлерін, Батыс Сібірді мекендейтін мұсылмандарды қамтыған бұл соғыс біраз жылдарға созылады. Ақыры, көтерілісті аяусыз жаныштап басқан жазалаушы жасактар Марал ишанға аталас ауылдарды да шауып, күн көрсетпейді. Әсіреле, Пресногорьков, Преснов бекіністерінің жандармдары екі бекіністің ортасындағы Нұрымбет, Нұралы аталарының ауылдарын талаумен болады. Нұрымбет атасы бұрынғы қонысы Аманқарағай жеріне, Нұралының Бертіс әuletі Көкшетау жеріне ауа көшуге мәжбүр болады.

Нұралы атасы ұрпақтарының «Кожагұл бүркеуі» жерін тастап кетуінің екінші себебі де бар. Бүркеу жерінің әсем табиғатына қызыққан орыс отаршылдары бұл араға қала тұргызып, Пресногорьков және Преснов бекіністері арасында тағы бір бекініс салуды ойлайды. Жергілікті халық нұралыларды алдай, көшебе аталары жерлеріне (Майбалық, Кенже ауылдары жерлеріне) еріксіз көшіреді. Малының көптігінен («Мың жарым жылқы біткен Қожагұлға» – Біржан мен Сара айтысЫнан. С.Ж.) кең жайылым іздеген Бертіс әuletі Көкшетау жеріне қоныс аударады. Бертіс әuletінің Көкшетау жерін таңдауының тағы бір себебі болған екен.

Көкшетау аймағын мекендейтін Ақсары керейде Жөкей есімді атақты адамы болыпты. Ол әрі би, әрі бай кісі еken. Айыбы перзентсіз еken. Жөкей қайтыс болады да, Ақсары керейлер Жөкейдің орнына әділ би болатын кісі іздейді. Олар Қожағұлды Жөкейдің орнына лайық деп есептейді. Ақсарылардың калауымен Қожағұл қажы бастаган Бертіс әuletі көшіп барып, Жөкей бұлағының жағасына коныстаныпты. Жөкей бұлағы сол кезден бастап, Қожағұл бұлағы деп аталағы. Сонымен қатар, Жөкей көлі де кейін Қожағұл көлі деп аталып, оның дөңесін Бертіс әuletі мекен-депті.

Біржан сал өмірдеректерінің бұрмалануына ше-жіреде аттас адамдардың болуы да әсер еткен. Мысалы, сол дәүірде Ашамайлы керейде үш Бертіс өмір сүрген, үшеуі де атақты адамдар болған. Олардың біріншісі – Көшебе руының Таузар атасынан шықкан Бертіс Қабиұлы (Қожаберген жырау, Сегіз серілермен аталағас). Үрпактары Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Петровка (Баян) ауылында, Петропавл (Қызылжар), Астана, Ресей елінің Корған, Түмен, Омбы шаһарларында тұрып жатыр. Ол әрі би, әрі бай, әрі батыр, ел басшысы болған. Оның немересі Тіленші де би болып, Керейдің бес дінгегінің бірі атанған. Жамбыл ауданына қарасты Петровка (Баян) селосының батыс жақ бетінің 3-4 шақырым жерінде Бертіс қорымы (зираты) бар. Үрпактары қайтыс болған адамдарын осы уақытқа дейін осы корымға жерлейді.

Екінші Бертіс – Біржан салдың бабасы Бертіс Кенжеұлы. Бұл Бертіс Аманқарағай жерінде Қайранкөл, кейін Әулиекөл деп аталған көлдің жанындағы қорымда Марал ишанның әкесі Құрманмен бірге жерленген.

Ушінші Бертіс – Ақсары керейдің Тоқымбет атасынан шықкан атақты би, әрі батыр, ел басқарған адам болған. Бұл Бертістің де қонысы Қекшетау облысының Еңбекшілдер ауданының жерінде болған, бейіті де сол жерде.

Кейбір лауазымды зерттеушілер екінші Бертісті үшінші Бертіспен шатастырып Біржан сал өмірдеректерін тарихқа жана спайтын деректермен бұрмалады. (Илия Жақанов. «Аспандағы ақыға әнін қосқан». «Жұлдыз», 1982 ж. № 4).

ҚОЖАҒҮЛ БҮРКЕУІ ЖЕРИНЕ КЕРЕЙДІҢ СЫЙБАН АТАСЫ ҰРПАҚТАРЫНЫҢ ҚОНЫСТАНУЫ

Қожағүл бүркеуінен нұралықтарды қуған орыс отаршылдары бұл қонысқа 1826 жылдың көктемінен бастап құрылыс жұмысын бастайды. Құрылысқа капитан Пресновский әулетінен шыққан Федор деген есаул басшылық еткен екен. Алғашқы салынған штабының кеңсе үйін тойлап жатқанда белгісіз біреулер штаб үйіне қатты шабуыл жасап, кеңсеге және қаружарық коймасына от береді. Женіл жараланған Федор

бір солдатты ертіп қашып шығады. Ал, қалған солдаттарды, прaporщикті, қазақ-татар жауынгерлері қырып тастайды. Бұны басқарып жүрген Балта керейден шыққан Сейтахмет деген қашқын батыр екен. Сейтахмет басқарған бұл ғазауатшылдарға жасырын тапсырма берген Есеней Естемесұлы болыпты. Сол кезде каторгадан қашқан бір топ цыган жігіттері ұрлық жасап, Қожағұл бүркеуі ішін паналап жүрген екен. Есенейдің Ергожа, Сауыт есімді мұршидтері бастаған мұридтері әлгі цыгандарды тұтқындалап, «штаб үйлерін өртеген осылар екен» - деп, куәгерлерін ертіп, Преснов бекінісінің коменданттына қашқындарды табыс етеді. Бұл Есенейдің айласы болатын.

Бұдан кейінгі салынған үйлерді де салынып болып, қоныс тойын тойланар тойланбас кезде қазактар жасырын келіп күйдіріп жіберіп отырған. Бұны істеп отырған қазактар екенін білген губерния басшылары бұл араға бекініс салуды мүлде дөғарады. Қазактардың бұл араға бекініс салғызбайтынына көздері әбден жетеді. Сөйтіп, Нұралы атасынан тартып алынған жерге штаб та салынбай бос қалады.

Осы уақытта Есеней бастаған Керейдің Сыйбан атасы қазіргі Қызылжар ауданы Бескөл жерінде болатын. Батыс Сібір губерния басшылары Бескөл жерін босату үшін Сыйбан атасы әулетін Нұралылардан босап қалған Қожағұл бүркеуі жеріне еріксіз көшіреді. Есеней бастаған сыйбан елінің Бескөлден көшкеніне оның атынан ағайыны Шон Дәuletұлы зергердің ата ко-

ныспен қоштасып шығарған мына өлең шумақтары дәлел бола алады:

Есеней токтамайды үдере көшіп,
Жәнібек сөз сөйлейді желдей есіп.
Бескөл мен Қызылжарым, қош-есен бол
Жерім ең кірім жуған, кіндік кесіп.

Тұған жер кейін қалдың, уа, дариға-ай!
Мұндай жер енді бізге табыларма-ай!
Егін сап бала-шаға асыраған.
Бескөл мен қош-есен бол, Қызылжар-ай!

Бұл өлең жолдарынан Есеней аулының еріксіз көшкенін анық байқауға болады. Қазіргі «Элитный» зираты деп аталған зират ол кезде «Керей зираты» деп аталып, XVI ғасырдан басталған көне зират екен. Есенейдің әкесі Естемес және одан арғы Қызылжар төңірегіндегі Керей елінің атақты адамдары жерленген зират болған. Осындай ата қоныстан айрылу сыйбан еліне де оңайға түспегені жоғарыдағы өлең шумақтарынан көрініп тұр.

Жаңа қоныс Есенейге құтты бола қоймапты. Көшіп барған жылы тоғыз жасар Аманжол, жеті жасар Аманқұл деген ұлдары шешектен ауырып, бір күнде қайтыс болыпты. Жоғарыдағы айтылған тарихи уақыттардың өміршендігін Сегіз серінің «Ер Есеней» тарихи дастаңының мына шумақтары айғақ бола алады.

Жақпады Есенейге «Бүркеу» мекен
Бір кезде Қожағұлдың қыстауы еken.
Көшіріп Нұралыны еріксізден
Сол жерге штаб түспек болған еken.

Астыртын мұсылмандар әрекет қып,
Бүркеуде штаб үйін салдыртпаған.
Әрт салып, солдаттарын түгел қырып,
Ұлықтың ойлағанын болдыртпаған.

Бұл жерге бос қоныс деп қонса дағы
Бүркеуде Есенейге апат келген.
Аманжол, Аманқұлдай екі ұлы
Бір күнде шешек шығып қабат өлген.

БІРЖАННЫҢ АТА-ТЕГІ, БІРЖАН ҚАЙ ЖЫЛЫ, ҚАЙ ЖЕРДЕ ТУҒАН

Атасын ауыстырған зерттеушілер Біржан салдың
кай жылы, қай жерде туғанын да қате жазып жүр.
Қазақстан энциклопедиясында былай жазылған:
«Біржан Қожағұлұлы (1834-1897) қазіргі Көкшетау об-
лысы Еңбекшілдер ауданына қаасты «Қожағұл құ-
дығы» деген жерде, шаруа семьясында туған. Үлкен
атасы Қожағұл, әкесі Тұрлыбай да ауқатты болмаған».

Қолымыздың деректерге сүйенсек және ен бас-
тысы Біржанның өз өлөндөріне табан тіресек – ол 1825
жылы наурыз айында «Қожағұл бүркеуі» делінетін
калың орманды мекендеген Бертіс ауылындағы зергер

Тұрлыбай Қожағұлының отбасында туған. Біздің өнірде Біржан салдың өмірдеректерін індете зерттеген осы зерттеу енбегіміздің авторларының бірі – Қаратай Биғожин мен көп жылдар бойы «Солтүстік Қазақстан» газеті редакциясында қызмет атқарған Сәркен Барқытов. Бұл екі азамат та «Айымжан» ауылдың тұмалары, ауыз әдебиетін зерттеуші, өлкетанушылар. Екеуде Біржан салдың тікелей ұрпақтарымен кездесіп, ауызба-ауыз сөйлескен адамдар. Біз Біржан сал туралы біраз деректерді осы кісілерден алдық. «1953-1957 жылдары Айымжан аулында Біржан салдың Теміртас атты баласынан туған Мұқаметқали тұрды. Мұқаметқали жамағайын апайымыз Күлзейнепке үйленіп келген еken. Екеуде ауылда еңбек етті. Мұқаметқали – тракторшы, Күлзейнеп – сауыншы бопты. Күлзейнептің бірінші күйеуі Мөржан Шопашұлынан (қайтыс болған) қалған Асқар, Бақыт деген екі ұлы, Мұқаметқалидан туған шиеттей үш-төрт баласы бар, біреудің жапырайған ескі шым үйінде тұрып жатты. Мұқаметқали тұйықтау, атасына тартып өнер қумағанмен, қоңыр дауысымен аздап ән айтатын, ал Күлзейнеп апайымыз болса нағыз әнші еді, әнгіме, шежіре айта білетін» – деп жазды Сәркен Барқытов. («Біржан сал қай жерде туған?» «Солтүстік Қазақстан» газеті. 5.05.1996 ж.).

Теміртас Біржанұлының Жамал атты қызы (Мұқаметқалидың қарындасты) да өмірінің сонына дейін Жамбыл ауданының Рождественка (Майбасар) селосында тұрды. Біржан салдың туған жылы, туған жері туралы

жоғарыдағы деректерді кезінде өз ұрпақтарының аузынан жазылынып алынған болатын. Және де Біржан салдың өзін көрген адамдардан естігенін, ұрпақтарын көрген адамдармен кездесіп сөйлескенімізді айта кетуіміз керек. Мұқаметқали Теміртасұлына қараганда оның әйелі Күлзейнеп, қарындасы Жамал сөзшен, шежіреші адамдар болды. Біз Біржан сал өмірдеректеріне байланысты көп жәйітті осы кісілерден алдық.

Андал қараган адамға қай жылы, қай жерде туғанын салдың өзі де жазып кеткен. Ақылимаға арнап шығарған «Қызыл нар» атты әнінде:

Туған жер – қарагайлы орман «Бұркеу»

Бетіме осы бір іс болды-ау шіркеу, - деп жазды. Өлеңнің бірінші жолында туған жерін айтса, екінші жолы тағы бір тарихи уақығаны мензеп отыр. Ол оқиға – Преснов бекінісінің жандармдары бұркеу жерінде салына бастаган үйлерді күйдіріп жіберген Қожағұл балалары деп, олар бұркеу жерінен қуылған өшін алып отыр деп сондарына тұсуді коймаган болатын. Біржан салдың Теміртас атты баласын камауға да алған болатын. Қожағұл әuletінің Бұркеу жерінен 1826 жылы қоныс аударғанына да тарих қуә. Олай болса, Біржан салдың Қекшетау жеріне көшер жылы бір жаста екені дау туғызбауы керек.

«Керей еліне сәлем» дейтін өлеңінде:

Ұстазым Сегіз сері, Нияз сері
Солардан үлгі алған мен Біржан сері.

Жетпіс үш мүшеліме толғанымда
Дүние теріс айналып кетті кері, - деді. Біржанның 1897 жылы қайтыс болғанына ешқандай дау жок. Бұл өлеңінде де 1825 жылы тудым деп тұр.

Біздіңше зерттеушілер (Ахмет Жұбанов, Илия Жаканов) ақын Сара Тастанбекқызының өмірдеректеріне бейімдеп 1834 жылы, кейбіреулер 1831 жылы туған деп жазып жүр.

Туған жылына Сара ақынмен айтысындағы мына өлең шумағы дерек көзі орнына алынып жүр:

Кыз сөзі батқан сайын жаным кірер
Қарамай, қатты сөйле, өлгеніме.
Адымым күні бүгін қалыбымда
Екі жыл отыз беске келгеніме.

Айтыс болған 1871 жылдан 37 жасы (35+2) шегеріліп энциклопедияда 1834 жылы туған деп жазылып жүр. Бұл айтыс көп нұскалы, (әрі Тәнірбергенов. Жусіп қожа Шайхислямов нұскалары). Бір жарым ғасырға жуық арада талай тестологиялық өзгеріске түсті «Екі жыл отыз беске келгеніме» емес, алғашқысы «Екі жыл қырық беске келгеніме» деп жазылуы да мүмкін ғой. Бұлай болуына екінші дәлел 37 жасында «Адымым күні бүгін қалыбымда», деп айтуы мүмкін емес. Сал-серілер елу-алпыс жасында да жастық шақтың қалыбын сақтаған.

1999 жылы шыққан Қазақстан Ұлттық энцикло-

педиясында «Біржан сал» тақырыбында (493 бет) «Біржан Қожағұлұлы (1834, Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданы – 1897, сонда) - әнші, композитор, ақын» деп, бұрын жазылып жүргенді қайтадан жазыпты.

Бір қуаныштысы Республикамыздың атақты ғалымдары, көрнекті тарихшылары Мырзатай Жолдасбекұлы, Қойшығара Салғараұлы, Ақсесесу Сейдімбекұлдарының редакцияларымен «Елтұтқа» атты Ел тарихының әйгілі тұлғаларының өмірдеректері жазылған кітап шықты. (Оку құралы. Астана. 2001 жыл. 358 бет. 1000 дана).

Осы кітаптың 214 бетінде Біржан сал туралы былай деп жазылған:

«Қожағұлұлы Біржан (1825-1897) – қазақ халқының әйгілі әнші-композиторы, ақын. Туған жері Солтүстік Қазакстан облысының Жамбыл ауданына қарасты Жаңажол ауылы. Топырақ бұйырған жері Ақмола облысының Еңбекшілдер ауданына қарасты «Қожағұл бүркеуі» деген жер. Шыққан тегі – Орта жұз Ақсары Керей, оның ішінде Нұралы. Үлкен әкесі Қожағұл Бертісұлы Ресей отаршылдарының қысымын көріп, 1826 жылы Көкшетау, Ақмола өңіріне қарай қоныс ауыстыруға мәжбүр болды».

Біржан салдың өмірдеректері туралы атақты ғалымдарымыз осылай деп жазса да Біржан сал туралы хабарларда туған жері, туған жылы жайлы басқаша жазылып жүргені өкінішті.

БІРЖАННЫҢ БЕЛГІСІЗ ҒҰМЫРЫ

Беттері қайтқан патша әкімдері Бұркеуде қайтадан штаб үйлерін салмаған. Енді Преснов капитан, прaporщик Ефремов бастаған зенбіректерін сүйреткен екінші бір жазалау отряды сол 1826 – ит жылы қыркүйек айының басында Көшебе керейдің Бәйбіше баласы руының Таузар атасынан шыққан Бес қасқа атанған Жанкісі жырау Көшекұлының (1734-1817 жж.), Салғара (1758-1859 жж.), Зілғара, Шопан, Орхан, Бұрхан есімді бес ұлының қоныстарына көз тігіп, оларға қазіргі Преснов селосы маңынан көшу туралы бұйрық береді. Бала-лары тұрмай, жастай қайтыс бола берген бес батыр шалдың ауылында ер азамат аз болыпты. Қару ұстар азаматтары жок болса да, өздері жас шактарында найзагер, қылышкер, қамышыгер, соыйылгер батыр, жауырындары жерге тимеген балуан, құралайды көзге атқан мерген болған ағайынды бес қария қолма-қол ұрысқа бел байлайды. Көшкілері келмегендіктерін анғарған Преснов капитан зенбіректен оқ атуға бұйырады. Ауылға таяу жерде зенбірек добы түсіп жарылған соң, Жанкісі ауылы Ашылы-Тұщылы көлдерін, Тұзды көлді, Жанкісінің Ұзынқызылы деген орманды және басқа қоныстарын тастап, өздерінің қоныстарының шетіне қарай, солтүстік батысындағы Құлеке, Марқаш сорла-рының (тұзды көлдерінің) маңындағы ормандарға көшіп барып, соны қыстай етеді.

Преснов капитан мен Ефремов прaporщик екеуі

бастаған жазалаушы жасақ Жанкісінің Ащылы көлі мен Тұштылы көлінің аралығындағы қыстаудың ағаштарын кесіп, құрылышқа пайдаланып, штаб үйлерін салады, кейін ол казак-орыс станицасына айналып, оған Қызылжардағы пристав Боярский атаман болып сайла-нады. Сол казак-орыс станицасын орыстар Пресновка деп, қазақтар Кіпитан деп атаған. Сөйтіп, Жанкісі ақын балаларының қоныстарының басым көвшілігін әскер күшімен қазак-орыс байлары тартып алып, өздерінің-меншікті жерлеріне айналдырыпты.

Салғара Жанкісіұлы батыр болумен қатар, әнші-ақын, күйші композитор болған. «Қайғырып тұр, жерлерім!» деген күйді, «Жиырма бес» әнін шығарған аса дарынды адам. Ол Сегіз сері, Нияз сері, Сейт-жан сал, Құшан сері, Дайрабай күйші, Шәрке сал, Бір-жан салдарға ұстаз болған кісі.

Содан кейін сегіз жыл уақыт арада өткен соң халық қарғысына ұшыраған Преснов капитан мен Ефремов прaporщик екеуі жиырма солдат ертіп қазақ ауылдарына қарасты Шоңайдың Тұшы көлінің жағасына барып, бірнеше күркे жасап, құс атпақ болады. Олар бес қайықпен көлде серуендесе керек. Сол кезде белгісіз біреулер оларды садақпен атып, бірде біреуін құткармай атып өлтіреді. Оққа ұшқан жиырма екі жендет суға құлайды. Үш күннен кейін оларды толқын айдалап, көлдің жағасына шығарып тастайды. Олардың өліктерін казак-орыстар тауып алып жерлейді. Қазак ауылдары түгел жайлауда отырган кезі екен. Сол кезде

патша өкіметіне қызмет етуден бас тартқан бала жігіт Көшебе керей Сегіз серінің қашып жүрген және өзін ұстамақ болып Омбыдан келген жұз шамалы солдатты көлденең Есіл бойында, Есіл өзенінің Солтүстік Қазақстан облысы мен Түмен облысының шектесетін жерінен өтетін тұсында соғысып, қырғынға ұшыратып, даңқы шығып тұрган шағы екен. Сондыктан ешбір айғағы болмаса да, “қасқырдың аузы жесе де кан, жемесе де кан”, - дегендей, белгісіз біреулердің қолынан каза тапқан Преснов капитан мен Ефремов прaporщиктің және оларға ерген жиырма жендеттің жаласы Сегіз серіге жабылады. Олар оққа ұшпай тұрып Сегіз сері Ащылы қөл мен Тұщылы қөлдің аралығында патша өкіметінің жазалау отрядының коршауын бұзып өтті ме, әлде жендеттер өлген соң, коршауды бұзып өтті ме, ол жері ешкімге белгісіз. Әйтеуір, Сегіз серінің жау коршауын Ащылы қөл мен Тұщылы қөл арасында екінші рет бұзып өтуі шындық. Оны Сегіз сері Баһрамұлы әнші-акынның, «Қашқын келбеті» деген тарихи дастанының ішіндегі мына шумақтан-ақ аңгаруға болады:

Кызылжар мен Багыланның арасында,
Ащылы-Тұщылының жағасында.

Коршауын патша әскері бұзып өттік,
Бөгелмей кіші бесін шамасында.

Шоңайдың Тұщы қөлі Ащылы-Тұщылы қөлдерден
он үң шақырым қашықтағы көл, Ефремов прaporщик
суынға құлап өлгендіктен Шоңайдың Тұшы қөлін

орыстар Ефремов көлі десе, қазақтар Жәпірім көлі деп атап кеткен.

Көшебе керей Жанікісі жырау Сегіз серінің атасы (ұлы әкесі) Шақшақ бидің туған агасы болғандықтан Жанкісі ауылының қоныстарын тартып алғаны үшін Сегіз сері Преснов капитан мен Ефремов прaporщикті, оларға ерген жиырма солдатты өлтіріп, кек алған деп ұлыктар өздерінше долбарлаган көрінеді.

* * *

Қожағұл би сол 1826 – ит жылының қыркүйек айынан бастап, Көкшетау өлкесіндегі Бурабай төңірегінде мекендер кала береді. Оның өз басы арабша сауатты, әділ би, тосын сөйлейтін шешен, әнші, домбырашы, балуан, саятшы, жібек мінезді, ағайын арасында да, ел ішінде де сыйлы, жұғымды, өзіне-өзі берік, аса сабырлы, ешкімге зияны жок, жомарттығымен, ададығымен көпке белгілі болған беделді, колы ашық мырза атанған әрі жылқылы, әрі түйелі дәулет иесі болыпты. Қожағұлдың ұлken ұлы Тұрлығұл да, өзімен бірге туған інісі Қожамқұл да Меккеге барып, хажы атағын алған кісілер екен.

Біржан сал – Қожағұлдың Тұрлыбай есімді екінші баласынан туған төртінші немересі. Тұрлығұл қажы, Тұрлыбай зергер (1798-1848 жж.) Қожағұл ұлдары да, олардың агасы Қожамқұл қажы Бертісұлы да аншылықпен, қолөнерімен, саятшылықпен, егіншілікпен және мал шаруашылығымен айналысқан момын да адап еңбек адамдары болыпты.

Енді Біржан салдың ата тегін таратат кетейік. Орта жүз Ашамайлы керей Бағылан биден – 3 бала: Архат, Фархад, Сармұрат. Фархад батырдан – 3 бала: Танашиби, Аббас, Манас; Танашиб биден – 16 бала: Балға, Балта, Едіге, Емен, Есен, Аман, Ақпан, Алпан, Орақ, Орман, Қырым, Мамыр, Қантар, Көшебе, Орал (Айша бәйбішеден), Тарышы (Сәлиман шешеден). Ал, Тарышыдан – 1 бала: Мойын; Мойыннан – 3 бала: Естияр, Есжияр, Достияр. Достиярдан – 3 бала: Ысмайыл, Ысмағұл, Ысқақ; Ысмағұлдан – 2 бала: Жалбыр, Жалпақ. Жалбырдан – 6 бала: Еменәлі, Иманәлі, Бегалы, Ералы, Сералы, Шералы; Иманәліден – 3 бала: Нұралы, Нұрымбет, Нұрлыбай. Нұралы мен Нұрымбет ру атына ие болған. Нұралыдан – 3 бала: Батыр, Бабыр, Бадыр; Батырдан – 2 бала: Ережеп, Кенже; Кенжеден – 3 бала: Көшек, Көбек, Көбдік; Көбектен – 3 бала: Жанболат, Ертіс, Бертіс; Бертіс биден – 7 бала: Қараменде, Қарамен, Тәсібек, Қожабек, Қожабай, Қожағұл, Қожамқұл; Тәсібек мергеннен – 3 бала: Акшуақ, Байшуақ, Жаншуақ туады. Қожағұл биден – 2 бала: Тұрлығұл, Тұрлыбай туады, Тұрлыбайдан – 5 бала: Ержан қажы, Нұржан қажы, Біржан сал, Актамбай, Ханафия; Біржан салдан – 11 бала: Ақыл мырза (1843-1889 жж.), Алтынбек, Әділбек, Макұлбек (бірінші әйелі – Балқаштан), Ахметжан, Ахмет^{бек} (екінші әйелі Ләйладан). Ахметқали, Айтжан, Айтмұхаммед (үшінші әйелі – Айтбайдан), Теміртас (1887-1940 жж.), Қалкен (1896-1936 жж.), Теміртастан – 4 бала: Шай-

мерден, Шәріп, Мұхаммедқали, Сарбас; Мұхаммедқалиден – 4 бала: – Шәріп, Серік, Орал, Марал.

Біржан салдың Теміртастан басқа ұлынан ұрпак жок. Серінің Ақыл, Алтынбек, Мақұлбек, Ахметхан, Ахметбек, Ахметқали, Айтжан, Айтмұхаммед есімді тоғыз баласы да өзінен бұрын қайтыс болыпты.

Ержан хажыдан – 1 бала: Мұхаммеджан, Нұржан хажыдан – 1 бала: Ахметжан.

Бұл деректер Сегіз сері ақын жинап құрастырган қазақ халқының жылнама-шежіресінің Керей бөлімінен алынды. Сегіз сері шежіресін 1854 жылдан бері қарайғы ұрпақтарды жазып, әрі қарай жалғастырган онын үлкен баласы Мұстафа батыр екен. Одан кейін жалғастырган Қаратай Биғожин.

Біржан сал ұлы әкесі Қожағұл қазының тәрбиесінде болған. Қожағұл балуан өз тұсында өнер иелері адамдарды өте жоғары бағаланған білімді кісілердің бірі болыпты. Сондықтан да жомарттықпен есімі қөпке әйгілі болған Қожағұл шешенге ақын-жыраулар, әншілер, күйшілер, әнгімеші-ертегішілер, аңшылар, құсбеті-саятшылар, көп үйір болған екен. Сол өнер иелері Бертісұлы бидің ауылында алтап жатады екен. Сол дарын иелерінің бала Біржанға да әсері мол болыпты. Өйткені, талапкер жас бала Біржан аталмыш абзал жандарға қатты еліктейді.

Біржан жас бала кезінде ауыл молдасы Жақыптан оқып, хадимше (ескі араб әрпінде) хат танып сауатын ашады. Әрі қарайғы уақытта Қожағұл би жеті жасар

немересі Біржанды арнайы түрде апарып, өзін ің бұрынғы қонысы Бұркеу жактағы Болатнай (казіргі Солтүстік Қазақстан облысының Преснов ауданындағы Ново-Рыбинка солосының орнындағы қазак, татар, орыс халықтарының өкілдері аралас тұрган қалашық. Оның маңында үлкен жәрменкеле болған) медресесіне окуга береді. Біржан сал онда медресені ашкан иесі, әрі сол медреседе дәріс беретін ұстаз Көшебе керей Имамғабит Ыңғызбекұлының үйінде 1831-1835 жылдары тұрып оқып, оны тамам етеді. Имамғабит жас жігіт шағында Орта жүз Керей елінің атақты домбырашылары мен әншілерінің, сыбызыгышылары мен күйшілерінің, сепілері мен балуандарының бірі болып, жұрт аузына ілінген өнерлі адам екен.

Болатнайда біраз уақыт Сегіз серінің ағасы Көрпеш тәрбиесінде болады. Баһрамұлы Көрпеш балуан тек ақын-жырау, имам ғана емес, әйгілі ұста-зергер, үздік балташы, атақты күйші, әрі ән орындаушы, мерген, белгілі атбейі, құсбегі-саясатшы, аңшы адам болыпты. Баһрамұлы молда да Имамғабит сері сияқты Қожағұл бимен сыйлас бекзада екен. Көрпеш зергер Біржанды қолөнеріне де, мергендікке де, тазы ит баптауға да баулыған екен. Көрпеш имам Біржанның өте зеректігін, аса қабілеттілігін, сөз тапқырлығын, ірі әншілігін, суырып салма ақындығын дұрыс бағалай білген екен. Сондай-ақ, ол Біржанның бойындағы басқа да асыл қасиеттерді қатты ұнатыпты.

Біржан Қызылжар медресесін де өте жақсы тә-

мамдап шыгады. Ол Болатнай, Қызылжар медреселерінде оқып жүргенде, араб, парсы, көне түрік тілдерін жап-жақсы үйренген еken. Себебі, Біржанға сол екі медреседе дәріс берген, оны жақсы тәрбиелеген ұстаздар: имам Көрпеш Баһрамұлы да, Имамғабит сері Үргызбекұлы да Бұхара шаһарындағы жоғары дәрежелі білім беретін медреседе үздік оқып бітірген. Біржан салдың сүйікті ұстаздары болған Имамғабит сері мен Көрпеш ақыннан басқа қожа, молда, имам, софылардан ерекшеліктері өте көп болыпты. Олар өздері өнер адамдары болғандықтан, өз шәкірттеріне тек діни оқу оқытып қана қоймай, бір мезгіл есеп-шот қағуды, дойбы, тоғыз құмалак ойнауды; домбыра, сыйызғы, кобыз тартуды, жетігенде ойнауды үйретіп, ән салғызып, термелер айтқызып, күйлер тартқызып, өлең-жырлар жаттатқызып, жаңылтпаштар мен жұмбактар айтқызып отырған еken. Сол іс-әрекеттері үшін ол екі ғұламаны қазак пен татардың кейбір шонжарлары, қожа, молда, ишандар жақсы көрмепті.

1841-1842 жылдың қысында белгілі әнші-ақын, атақты батыр Сегіз сері Баһрамұлы өз тобын бастап барып Омбыда іс согумен, яғни колөнермен шұғылданумен айналысады. Қожағұл қазы сүйікті немересі Біржанға өзі рұқсат етіп, атбегілік пен құсбегілікті және басқа да өнер түрлерін үйрену үшін оны Сегіз сері тобына қосады.

Мұсылманша және орысша екі жыл оқып, сауатын ашып, орыс тілін үйреніп шыққан бала жігіт Біржан

молда да, тілмаш та болмайды. Керісінше, ол өнер жолына түседі. Өйткені, бала Біржан өлеңді он жасынан бастап шығара бастаған. Оның 1841 жылы шығарған өлеңдеріне тоқталар болсақ, соның бірінде былай дейді:

Ішінде Әптиектің раббіл фалақ,
Өлеңге он жасымнан еттім талап.
Орынсыз еш пендені кемітпеймін,
Болсам да өзім балуан, санлақ.

Бай болып, базарларда қылман сауда,
Басымды сала алмаймын шатак-дауға.
Кайғыдан Қаптауындай құтылармын,
Кор болман ешқашан да дұшпан-жауға.

Бәйге алар үмітім бар өлең-жырдан,
Баласы Қожағұлдың атым Біржан.
Қызылжар базарында әнімді естіп,
Татардың сұлулары елтіп тұрган.
Біржан сері бұл өлеңді жас кезінде Ҳұрия Садық-қызына (татар қызы) ғашық болғанда шығарылты.

Біржан медреселерде және екі кластық орыс мектебінде оқып жүргендегі, өлеңді ауызша шығарумен де, жазып шығарумен де машықтанады. Сондықтан да ол салдық-серілік құруды ерте армандаған екен.

1842 жылы жазда Біржан ақын атасы Қожағұл биден өнер жолына біржолата түсу үшін рұқсат сұрап, батасын алады. Сонан кейін ол ауылынан аттанып, өз

ұстаздары: Имамғабит сері мен Имам Қөрпеш жыраудан бата алып, орта жүз Ашамайлы керейдің Сегіз сері Баһрамұлы, Нияз сері Бердәuletұлы, Сазанбай күйші Маманайұлы, Сыйбанбай күйші Өтемісұлы, Сейітжан сал, Құшан сері Қөрпеш ұлдары, Қазихан күйші Нәупілұлы сияқты өнерпаздарына еріп, оларды өзіне ұстаз тұтады.

Біржан одан әрі тәлім-тәрбие алу үшін Ашамайлы керейдің бүкіл ұш жүзге есімдері әйгілі болған қарт ақын-жыраулары, аса ірі қобызшылары: Салгара Жанкісіұлының (1758-1859жж.), Жанак Қамбарұлының (1760-1857жж.). Айтыс Әзбергенұлының, белгілі әншілер: Зілғара, Шопан, Орхан, Бұрхан, Жанкісі ұлдарының ордаларында жиі болып, олардың алдын көріп, сол өнер иелерін өзіне ұстаз санайды.

Сондай-ақ, Біржан сал орта жүз Көшебе керей Қозыбай әнші Нәупілұлымен (1832-1915жж.), Жетімек әнші Дауылұлымен (1826-1904жж.), әнші-балуан Андамас Есболұлымен (1827-1913жж.), әнші-балуан Доби Еленұлымен (1829-1906жж.), Бекқұлы әнші Құдасұлымен, Алдай керей Арықбай шешен Өркенұлымен (1822-1904жж.), әнші-балуан Даулетбаймен, Сибан керей әнші-балуан Қисықпен, Бике керей Шәрке сал Корабайұлымен (1824-1907жж.), Жангөз балуанмен, Қапсыт керей әнші-балуан Жұдырықпен, Қантай керей Баубек әншімен, Матақай керей Қөрпе ақын Үркінбайұлымен (1824-1908жж.), Құрай уак Дайрабай күйші Нұргожаұлымен (1823-1893жж.),

Мұрат уақ Қалқа Ұйқасұлы әншімен, Бәйімбет Атығай Тоғыжан Ендібайулы әнші-ақынмен (1825-1909жж.), Көшебе керей Кожаберген ауылында Сегіз сері тобында кездесіп танысып, олармен төс қағысқан дос болады.

Ол он сегіз жасында шешен, жez тандай ақын, күміс көмей әнші, он саусағынан бал тамған домбырашы, жетігенші, сыйбызышы, қобызышы, сырнайшы, жауырыны жерге тимеген балуан, құралайды көзге атқан мерген, құсбегі-саятшы, атбекі-шабандоз атанады.

Біржан он жеті жасында Көкшетау дуанының сол кездегі аға сұлтаны Атығайдың Құдайберді руының Андағұл әuletінен шыққан Зілғара Байтоқаұлы мырзаның ортаншы қызы Балқаш сұлуды алады, оған арнап «Ғашығым», «Балқаш» атты әндер шығарады.

Біржанның атасы Қожағұл Атығай Тоқтамыс бимен де, оның жездесі Құдайберді Атығай Байтоқа мырза Жолдыбайұлымен де, оның ағайыны Құрымсы бимен де жас жігіт кезінен бастап жақсы таныс, достық карым-қатынаста болған екен. Сондықтан да ел ішінде зор беделге ие болған Қожағұл мырзаны Байтоқаның Зілғара, Шопан есімді екі ұлы да, інісі Қаратоқа мен оның ұлдары Иса, Зікірия, Жакия да ерекше құрметтеп сыйлаған.

Балқаш сұлуды Қожағұл қазы өз немересі Біржанға бесікте жатқан кезінде атастырып қойса керек. Біржан мен Балқаш екеуі де 1825 жылы туған. Балқаш арудан Ақыл (1843-1889жж.) туған. Ол өсе келе бабасы Қожағұл биге тартқан қолы ашық, жомарт болады да, содан

елге «Ақыл мырза» деген атпен танылады. Ақыл мырза Көшебе керей Мұсайын Сегіз сері ұлымен (1843-1920 жж.), Ыбырайым құсбегі Алдайұлымен (1843-1915жж.), Әлти қажы Көкенұлымен (1843-1921жж.), Бике керей Әлпейіс Шәркесалұлымен (1843-1891жж.), Ақкийк Атығай Ораз балуан Құрманбайұлымен құрдас, әрі дос екен. Әншілік, ақындық қабілет Ақыл мырзаның бойында да бар болған. Алайда, Біржан салдың Ержан қажы, Нұржан қажы деген дәulet иелері болған ағалары: «Жарайды, ортамыздан біреуді ақын деп шығардық қой, сол да жетер, әкең желікті деп сен де желіктің бе? Жә, желіккенді тоқтат, шырак, шешендікті орнына жұмса, ел адамы болуға тырыс. Әкең екеуін бірдей ақындықпен кеткенде, үйдегі малына кім қарайды? Соны ойласаншы, інілерінді, балаларынды кім асырайды? Бабан Қожагұл бидін дәuletіне Мұхамеджан, Ахметжан сен үшеуің ие болуға міндеттісіндер. Балалардың үлкені де сенсің. Бертіс бидін қара шанырағы сенде қалды, соны сыйла, Аллаға, аруаққа сыйынып, ата жолын берік ұстап қолындағы картайған бабанды құт, ренжітпе, ақ батасын ал!» - деп бұйыра сөйлеп, Ақыл мырзаның әнші, күйші, ақын-жырау, салсері болуына қарсы болған.

Ержан, Нұржан мырзалардың алғашқы балалары тұрмай қайтыс бола берсе керек. Сол себептен Қожагұл казы әuletінде кейінгі жастардың үлкені Ақыл мырза болыпты.

Ақыл мырзаның ақындық дарындылығы болғанын

ол қайтыс болғанда, оған арнап, 1889 жылды күзде әкесі Біржан салдың шығарған жоқтауының ішінде келетін мына төмөндегі шумактан-ақ аңғаруға болады:

Тұла бойы тұнғышым Ақыл еді,
Ақынның әүлетімде ақыры еді.
Даулы істе билік айтқан құлыншағым,
Қоштасып тіршілікпен жатыр енді.

Ақындық, әншілік, шешендік дарын тек Біржан сал мен оның баласы Ақыл мырзада болып қоймай, Қожағұлұлының апайы Қекей қызда да, агалары Ержан, Нұржан қажыларда да болған. Бірақ олар өнер кумаған, тек дәүлет иелері ғана атанды. Үйелмелі-сүйелмелі, қатар өскен ағайынды ол екеуі жас шамасы аса бергенде, Меккеге барып келіп, “қажы” атағын алған еken. Ержан қажы аса діншіл, біртоға, турашыл адам болуымен бірге, қолы ашық, жомарт, кедей-кепшікке, жетім-жесірге, ғаріп-ғасірге көп рахымы түскен, қол қайырын жасал, көмек көрсеткен өте қайырымды кісі болыпты. Оған, керісінше, оның өзінен екі жас кіші інісі Нұржан қажы өте діншіл болса да, катыгездеу болған еken.

Біржан салдың алғашқы зайыбы – Балқаш сұлу Зілғара қызынан Ақыл, Алтынбек, Макұлбек есімді үш ұл туған. Балқаш ауырып, 1851 жылы қайтыс болған соң, оның жылын өткізгенше, ақын алысқа ұзап шыға қоймайды. Балқаштың жылын берген Біржан сал 1852 жылдың жазының басында Сары-арқаның Солтүстік

шығысында Қараой аймағында (қазіргі Қекшетау облысының Омбы облысымен шектесетін жері) Ашамайлы керейдің Күрсары руының ауылдарымен көршілес отырған Жауар Қарауыл елінің ауылдарына жора-жолдастарымен келіп, мейман болып, ән салып, сауық-сайран құрады. Ол сол жылы Жауар Қарауыл еліндегі Көлбай, Жанбай, Бейбіт ұлдары деген мырзалардың қарындасы Ләйла сұлумен танысады. Ләйла Біржанға ағаларынан рұқсат алып барып күйеуге шықпақшы болады. Біржан сал Ләйланың ағаларын ыктырып алу үшін «Шідерім», «Көлбай – Жанбай» атты әндер шығарады. Сөйтіп, Көлбай, Жанбай мырзаларды өз ырқына көндіріп алған Біржан сал сапардан өз ауылына келген соң, ол мырзаларға арнаулы адамдар жіберіп, Ләйланы өзіне атастырады. Артынша, көп кешікпей Біржан Ләйлагаса үйленеді. Қожағұлұлы ақын Ләйлага арнап: «Ләйлім шырак», «Ләйлім» әндерін шығарған. Бірақ, амал нешік? Сол Біржан сал шығарған «Ләйлім шырак» әнінің өлеңін кейбір ән зерттеушілер, жинақ құрастырушылар Ақан серіге теліп, Ақан шығармалары жинағына орынсыз енгізіп жіберген.

Біржан Ләйламен (1834-1857ж.ж.) көп жыл отаспаған. Ләйладан Ахметжан, Ахметбек есімді екі ұл дүниеге келді. Біржан салмен қосылған соң, бес жылдан кейін Ләйла сырқаттан қайтыс болады.

Ләйланың жылын бергеннен кейін ол Атығай елінің Ақкиік атасынан шыққан Салпық деген кісінің жалғыз кызы Айтбай сұлуға үйленеді. Біржан салдың «Айт-

бай», «Екі жирен» («Екі жирен» әнінің екінші варианты. Жалпы «Екі жирен – үш нұсқалы ән. Бірінші нұсқасы – Нияз серінікі, екінші нұсқасы – Біржан салдікі, үшінші нұсқасы – Ахмет Байтұрсынұлынікі) деген әндері сол Айтбай есімді зайыбына арналып шығарылған екен.

Біржанның үшінші әйелі Айтбай сұлтуды (1838-1866 ж.ж.) алар кезде, қыздың әкесі Салпық Карабұлак (Ақмола облысына қарасты Степногорск қаласы орналасқан жердің бұрынғы атауы) деген жерді мекендеп отырган жездесі, Кұрсары керей Шайдолла қарияның ауылына жаңадан ғана көшіп келген екен. Біржан салға тұрмысқа шыққан соң, екі жылдан кейін тұңғыш ұлы Ахметқали бір жастан жаңа ғана асқан кезде Айтбай қатты науқастанып, (1860-1861 жылдардағы жұт кезінде) төсек тартып жатып қалды. Сол жұт жайлаған тұста Біржан серінің кемеліне келіп, жігіт ағасы болған шағы екен. Қазақ халқына кез болған ауыр екі бірдей қыстағы жұтты көппен бірге өз басынан кешіреді. Мінерге жааралық аттары болмағандықтан, Біржан сал өзі бастаған сал-серілер тобын уақытша таратып, ауылнан шыға алмай, ауру әйелі Айтбайдың қасында үйде отырып қалады. Осы қыын жағдайға байланысты қатты налыған, алай-тулей запыранды күй кешкен ұлы әнші-акын өзінің «Мешін-тауық» деген әнмен айтылатын атақты өлеңін шығарды:

Сыйлаушы еді шаһарларда тұрған жатақ,
Шонжарлар беруші еді қысырақ матап.

«Сал Біржан бір жорғаны таплады», - деген
Байланды соңғы екі қыс жаман атақ.
Аруларға кетуші еді қөңілім ауып,
Ойнаушы ем сұлулармен ебін тауып.
Бәйге ат мініп жүретін Біржан едім,
Жаяу акын етті ғой мешін-тауық.
Өлеңге қөңілім соққан ауық-ауық,
Отыз жеті жастамын, жылым-тауық.
Сүйген жар Айтбай сұлу науқас болып,
Кез болды-ау, сал Біржанға қатер-қауіп.
Халқымды жұтатты ғой мешін-тауық,
Мырзалар жарамады қысыр сауып.
Он мыңдай жылқы айдаған белді қазақ,
Отардан міне алмады мықты ат тауып:
Арқа ел соңғы екі қыс оңалмады,
Жомарт қол бұрынғыдай бола алмады,
Қожағұл би баласы Біржан серін,
Үйінен қадам басып шыға алмады.
Өлеңді шығаруышы ем буын-буын,
Шырқай салсам тігуші ем әннің туын.
Сиыр етін жемейтін Біржан салға,
Ішкізді мешін-тауық жасық суын,
Қазаққа қос қыс болып қанды қармақ,
Көп малды мешін-тауық кетті жалмап.
Қожағұл би баласы Біржан салға,
Бермеді ешкім бәйге ат әдейі арнал.
Жақпай қалса істері қолайсыз бол,
Тастаушы ем болыстарды бірден сынап.

Ас пен той, сияз болған уақыттарда,
Сөйлеуші ем шонжарларға сөзді бұлдан,
Мырзаларда жарамды ат қалмады,
Күйлі деген жылқыны жұт жалмады.
Мінетін жөнді ат таппай Біржан серің,
Ұзак жолға аттанып бара алмады.
Ұш жүзге мешін-тауық жайсыз болды,
Таппады құтылатын жұттан жолды.
Сактауға малын ел-жұрт жанталасты,
Кусырып отырган жоқ екі қолды.
Кездесуші еді Біржанға талай сұлу,
Арудың оңай еді-ау, сырын білу.
Мешін-тауық қысында атсыз қалып,
Қыын соқты-ау, салдарға ойнап-кулу.
Ұш жүзге әйгілі ақын едім бұлбұл,
Ес кетірді тап биыл жұты құрғыр,
Халқыма Алла, аруақ қуат беріп,
Жайлыш болса жарап еді алдағы жыл!
Төндіріп елге қатер мешін-тауық,
Кез болды жұрттымызға үлкен қауіп.
Топырышты мінбейтін Біржан едім,
Міне алмадым жүрдектеу егіз тауып.
Бай болған әulet едік қыдыр дарып,
Көліксіз боп қалған пенде болар ғарып.
Қос жүйрік босағама менің біткен,
Бәйге қүрен, сұр бедеу тұр ғой арып.
Болушы еді барған жерім менің базар,
Жырымды жұрт тыңдаған салып назар.

Мешін-тауық жылында құты қашты,
Болса да Біржан салда ерекше ажар.
Әрі бай, әрі қажы екі ағам,
Ержан, Нұржан дейтүғын қос бағылан.
Солардың жылқысынан ат табылмай,
Інісі үйде отырды ақын Біржан.
Нагашым Қараөткелдік Алтай – Қарпық,
Болса да салтанаты жүрттган артық.
Қол ұшын жиеніне бермек түгіл,
Зардабын ауыр жүттүң отыр тартып.
Ілесіп Самат дейтін бай-көпеске,
Мен келдім туған өнір Қызылжарға.
Шыққандай көтеріліп зор белеске,
Мейман болдым старшын Қожамжарға.
Біржанды жұт зар қылды құнан-тайға,
Көп керей ұшырамапты бұл жағдайға.
Таузарда Қожамжардан бесті ат мініп,
Мен келдім атақты би Тәнібайға.
Тәнекем Маманайдай ердің ұлы,
Оны да көп толғантқан елдің мұны.
Өте бай болмаса да қолы ашық,
Өзіне жеткілікті мал мен пұлы.
Жылқысы тоғыз жүзден асқан емес,
Түйесі жеті жүзден астам емес.
Тәнекем мол дәулетті болмаса да,
Аяққа сөзін ешкім басқан емес.
Қарсы алды Тәнібай шешен жылы ұшырап.
Ағылттым өлеңімді, әнді шырқап.

Иығыма ақ түйе жүн шекпен жауып.
Мінгізді бәйге көк ат маған сыйлап.
Мен келдім туған елім керейіме.
Қазақтың жомарт халқы мерейіне.
Өзімді еркелеткен жақсылар деп,
Аттандым Тәбей менен Есенейге.
Ұқсаған түр-сымбаты күн мен айға,
Ылғи бірдей қарайтын кедей-байға.
«Он мыңдал жылқы айдаған інілер», - деп,
Бармақпын Шабақ пенен Күзембайға.

Айтбай сұлуды Біржан сал үш құла жорға ат жегілген
қүймеге отырғызып ап, Қызылжар аймағын мекен-
дейтін Орта жүз Қөшебе керейдің Бәйбіше баласы
руының Жоламан атасынан шыққан атақты қазы,
әрі мырза Итемір Байсал балуан Қарсакбайұлының
(1826-1919ж.) келіншегі Сарықызы балгерге қаратады.
Сарықызы емші Айтбай аруды екі жарым ай емдеп,
сырқатынан жазады. Сөйтіп, сауығып шықса да, Айтбай
сұлу одан соң бес жыл ғана өмір сүреді.

* * *

Біржан сал Айтбай сұлудың жылын өткізсе де,
бірден өзіне лайықты жар іздей қоймайды, сүр бойдак
боп жүреді. Ол кез Қожағұлұлы ақынның аға жырау
атанып жүрген шагы екен. 1868 жылы көктемде қар
кете салысымен-ақ Біржан сал өз шәкірттерін жылдағы
әдеті бойынша өз ауылына жинап ап, мәжіліс құрады

да, алыс сапарға шығуға зор дайындық жасайды. Жолға жақсы әзірленген Қожағұлұлы ақын өзіне ерген салсерілер тобын бастап, Кіші жүз елдерін араламак ниетінде ұзақ сапарға шығады. Ол жора-жолдастарын, шәкірттерін қасына ертіп, арада бірнеше күн жол жүріп, Кіші жүз – Алшын ішінде Он екі ата Байұлыға жататын Алтын, Жаппас және сол Кіші жүз Алшынның Жетіруына жататын Жағалбайлы елдерінің жеріне жетіп, ауыл-ауылды аралап, ән салып, өлең айтып, күй тартып, барған жұрттын разы етеді.

Біржан сал бастаған өнерпаздар тобы бір күні Кіші жүздегі Ахмет Жантөреұлы сұлтанның ауылына келіп, құрметті мейман болып, сонда сауық-сайран құрады. Ол уақытта Ахмет төренің дүниеден өткен кезі екен. Біржан сал өз тобымен қонақ болып жатқан шақта Ахмет сұлтанның ауылында келін түсіріліп, той болады. Тойда алтыбақан ұйымдастырылады. Алтыбақандагы әткеншекте тербелуге Ахмет төренің ағасы Арыстан Жантөреұлының әрі ерке, әрі бойжеткен сұлуқызы Ақылима Біржан серіні қалайды. Тарихтан оқырман кауымға Арыстан, Ахмет Жантөре ұлдары сұлтандардың отаршыл патша өкіметіне қолшоқпар болып қызмет еткендері де мәлім және Арыстан сұлтанның Есет Көтібарұлы сардар мен оның немере інісі Бекет Серкебайұлы батыр (1822-1857жж.) бастаған көтерілісшілердің қолынан 1855 жылы – қоян жылы 8 шілде күні Суық су деген жерде қаза тапқаны да белгілі. Әкесі Арыстан төреден бес-алты жасында жетім қалған

Ақылима өз атасы Жантөре ханды көрмесе де, өзін-өзі Жантөренің қызымын дейді екен. Себебі, ол Жантөре сұлтанның кіші бәйбішесі – Анабикенің бауырында өскен. Ол кезде Жантөргеге қарасты ауылдардың басты адамдары Махмет, Мұқан Жантөре ұлдары да ағасы Арыстанның қызы Ақылиманы еркелетіп өсіріпті. Міне, енді сол ерке қызы Ақылима сұлу алтыбақандағы әткеншекте бірге тербеліп өлең айтуга Біржан салды қайта-қайта шақырады. Алайда, Қожағұлұлы әуелі өзінен жасы едәүір кіші қызben алтыбақанда тербелуді өзіне лайықсыз көріп, бұл ұсынысты қабылдамайды. Ақыры, көпшілік Ақылиманың тілегін қостап, еркіне қоймаған соң, Қожағұлұлы ақын амалсыздан келіседі. Ақылима Біржан сынды балуан ақынға ғашық болады, ол өз ойын серіге ашық айтқан соң, Қожағұлұлы жырау мен Ақылима сол түнде болашақта қосылу туралы уәде байласады. Біржан сері еліне қайтар кезде алып қашып кетпек болып, Ақылимаға келісім береді.

Ахмет төренің ауылышындағы келін түсірілген тойға арнал, алты қанат, сегіз қанат үйлер тіккен екен. Сол сегіз қанат ақ үйлердің бірінде отырып, қыз-бозбалалар «Хан жақсы» ойынын ойнаған шакта да Ақылима Біржан салмен көрші болып, қосылып ән шырқайды.

Атақты сал Ақылимаға арнал, өзінің әйгілі әндерінің бірі «Ақылимаш» әнін шығарады:

Ақылимаш көңіл ашар шай секілді,
Арда емген жылқы ішінде тай секілді.

Кезіме көрінесің, төре қызы,
Аспанда жарқыраған ай секілді.
Аузында отыз тісің тізіліп тұр,
Аш белің құмырсқадай үзіліп тұр.
«Қолыма қашан менің түседі», - деп,
Сал Біржан сізді көріп қызығып тұр.

Біржан ақын шығарған ән – «Ақылимаш» сол күннің ертеңінде-ақ ел ішінде ауыздан-ауызға тарапып кетеді. Бұл ән төре ауылдарының адамдарына түрлі ой салады.

Қожағұлұлы сері сол 1868 жылдың жаз айларын өз тобымен кіші жүз елдерін аралап, сауық-сайранмен өткізіп, кіші жүздің шеткі елі – Адай жұртынан оралып, ел жайлаудан күздікке көшер кезде ат басын өз еліне қарай бұрады. Жол-жөнекей Алтын, Жаппас, Ақкете, Жағалбайлы елдерінің көштеріне Адай сапарынан келе жатып жолыққан Біржан ондағы адамдармен сәлемдесіп, амандық-саулық сұрасып тұрып, олардан Ақылима сұлу Арыстан төре қызының мерзімінен бұрын асығыс түрде атастырылған жеріне ұзатылып жіберілгенін естиді де қатты күзеліске душар болады. Қайғырып қапаланған сал, сол Ақкете елінің көшіндегі ыстықтан әрі ұзақ жүрістен (жолдан) екі бүйірін соғып шаршап тұрган қызыл нарға қарап тұрып, Ақылимага арнап, табан аузында өзінің тамаша әндерінің бірі – «Қызыл нар» әнін шығарады.

Қызыл нар жүк көтермес бел кеткен соң,
Кең жайлау құлазиды ел кеткен соң.
Танысып сыр шертіскен Ақылимаш-ау!

Күлермін кіммен ойнап сіз кеткен соң.
Шалшық су құдық болмас қазбаған соң,
Мияда ат шаба алмас саздаған соң.
Жете алмай мұратыма шерлі болдым,
Әзәлда хак тағала жазбаған соң.
Туған жер – қарағайлы орман Бұркеу,
Бетіме осы бір іс болды-ау шіркеу.
Қосыла алмай қызыға Біржан қалғаннан соң,
Көбейер өсек-аян, косақ-тіркеу.

Атақты ақын қеудесін күніренткен оқиға былай болған еді: Біржан сал өз тобын бастап ілгері қарай аттанып кеткен соң, көп ұзамай артынша жайлауға шыққан Махмет, Мұхан Жантөре ұлдары сұлтандар Қожагұлұлы сері мен Ақылиманың бірге алтыбаканда әткеншек тебулерінен әнші-акын Біржанның «Ақылимаш» атты ән шығаруынан күдіктеніп, оған үркे қарайды да, «қарындасымызды Біржан сері қалың мал берместен алып қашып кетіп жүрер» деп секем алып, құдасына бірден хабар салып, одан алатын қалың малын түгел санап алып, жайлауда отырған шакта Ақылиманы еріксіз түрде атастырылған жеріне дереу ұзатып жібереді.

Дегенмен, не жағдай болғанда да, Біржан салдың «Қызыл нар» әні де ел ішіне тез тарап кетіпті. Бірақ, бір өкініштісі, соңғы жылдары «Қызыл нар» әні өлеңінің (тексінің) алғашқы шумағын «Бекзатым» деген белгісіз біреудің әнінің өлеңін құрауға пайдаланған. Жалпы, «Бекзатым» деген әннің тексін әртүрлі ән-

дердің өлең шумақтарын бөлшектеп алу арқылы жасаған.

Алайда, сол 1868 жылы Кіші жұз сапарынан құркайтудың есебін таба алмаған Біржан сал «Қызыл нар» әнін шығарып, оны елге таратып қана қоймай, сол сапардан өз жұртына ораларда, жол-жөнекей Жаппас еліндегі ауылдарға токтайды. Сол ауылдардағы келін түсіру, қыз ұзатылу, шілделік тойларына қатысады. Сол тойларда Қожағұлұлы әнші-ақын Әпіш Медеубайқызымен танысып, онымен уәде байласып, ақыры сол қызды алып қашады. Әпіш бір сыйыргы көркі бар, адамгершілігі зор, сол жылы жасы он тоғызға келген қыз екен. Әпіштің әкесі Медеубай Кіші жұз – Алшын ішінде Он екі ата Байұлыға жататын Жаппас руының Үңгіт атасынан шыққан ауқатты шаруалардың бірі болған.

Біржан салдың Әпіштен туған алғашқы балалары жастай ауырып қайтыс бола берген.

Әпіштен Асыл (1883 ж.), Ақық (1885 ж.), Мәра (1896 ж.) деген үш қыз, 1887 жылы туған Теміртас, 1896 жылы туған Қалкен деген екі ұл болған. Теміртас (1887-1941 жж.) жауырыны жерге тимеген балуан, айтқанынан қайтпайтын табанды, өжет кісі болыпты, бірақ Теміртас ән салмаған. Ал, Қалкен (1896-1936 ж.) әкесі Біржан салдай асқан әнші болмаса да, жап-жақсы ән шырқайтын, тәп-тәуір домбыра тартатын болған. Қалкеннің кескіні әкесі Біржан салға тартыпты. Теміртас та әкесі Қожағұлұлы сері сияқты иығы елден асып тұратын биік бойлы кісі болыпты.

Жалпы алғанда, Біржан серінің төрт әйелінен он бір ұл баласы болған екен, олар Ақыл мырза, Алтынбек, Әділбек, Макұлбек (бірінші әйелі Балхаштан), Ахметжан, Ахметбек (екінші әйелі Ләйладан), Ахметқали, Айтжан, Айтмұхаммед (үшінші әйелі Айтбайдан), Теміртас, Қалкен (төргінші әйелі Әпіштен).

БІРЖАННЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Біржан салдың жүз алпыстан астам ән, жиырмадан артық күй, отыз шакты ірі хисса-дастан, тағы да көп өлеңдер шығарғандығы ел аузында айтылып жүрді. Біржан сері шығарған «Батыр – Зуһра» (қазақ еліндегі үшінші нұсқасы), «Иранғайып» (төргінші нұсқасы), «Мақпал – Сегіз» (бесінші нұсқасы), «Ер Сәтбек» (бірінші нұсқасы), «Дәулен Ордабасы» (бесінші нұсқасы), «Қагира – Таймыс» (екінші нұсқасы), «Арнаутын хан», «Керей Сырымбет батыр», «Жанайдар батыр», «Арқалық батыр», «Мұңсыз хан», «Жақсыбай мен Зылиха», «Жаяу Мұса – Майнұр», «Аскан сардар», «Балта керей Тұрсынбай ордабасы», «Керей Марқаш батыр», «Көшебе Көшек баһадүр», «Балта Ер Жанатай», «Керей Үмбетей сардар» (бесінші нұсқалары), «Дәстем сал қолбасы» (үшінші нұсқасы), «Ер Кендебай», «Толағай батыр» атты және басқа хисса-дастандарының кейбіреулерін толық, кейбіреулерінің үзіндісін айтатын жыршы қариялар болыпты. Мысалы, «Шалырашты Наурызбай батыр» дастанының Сегіз

сері шығарған нұсқасын да, Біржан сал шығарған нұсқасын да жатқа білетін әнші кариялар тіпті көп болыпты.

Алайда, өз кезінде ел ішіне көп тараған жоғарыда аттары аталған көп дастандары біздің дәуірімізге келіп жетпеді. Оған Біржан салдың өмірі мен қоғамдық қызметінің, шығармаларының дер кезінде зерттелмеуі, ұқыпты түрде жиналмауы себепкер болған еді. Тек кана Біржан серінін «Ер Сәтбек», «Абылай хан» атты хиссаларын 1916 жылы жазда әйгілі әнші-ақын, композитор Әсет Найманбайұлы (1867-1923жж.) Шығыс Түркістанга өткенде, сол жақтағы қазақ ауылдарына Сегіз сері жырларымен қоса кен түрде насиҳаттап таратыпты.

Біржан сал – айтыска әр елдің атынан көп түскен ірі ақын, ол көптеген ақын-жыраумен айтысыпты. Солардың ішінде Асанқожамен, Несіп қызбен, Әзілкешпен, Сара қызбен, Сұртаймен, Арсалаңмен, Тезеакбаймен, Сарбасбаймен, Сералы қожамен, Мәделі қожамен, Таразы келіншекпен, Ниязбекпен, Майлыш қожамен, Садуақас қожамен, Башқұрт Отарбай молда Ғаббасұлымен, қазактанып кеткен татар ақыны НұримMasығұтұлымен (1848-1917жж.), қарақалпақ Жұмамұрат жырау Жабалұлымен (1846-1890 жж.), Сәлімжұар Ғалиақбарұлымен және басқа да ақын-жыраулармен айтысады. Қазақ ауыз әдебиетіндегі айтыс жанрына қосылған зор үлес болып табылады. Бірақ, сол көп айтыстан біздің дәуірімізге келіп жеткен “Біржан – Сара” айтысы ғана. Оның өзінде кейбіреулер

Біржан мен Сарага бұйыртпау үшін әлі күнге дейін арпалысып жүр.

Жалпы айтыста Біржан сал әрдайым жеңіске ие болып отырған.

Біржан сал шығармашылығы дер кезінде дұрыстап зерттелмегендіктен, оның көптеген өлеңдері, жұмбақтары, дастандары түгелдей, толып жатқан ән өлеңдері (текстері), жаңылтпаштары, ғақлия сөздері, шешендік сөздері қағаз бетіне түсірілмеген, баспа бетін көрмеген. Сөйтіп, ел есінен ұмыт болған. Осы кезде Біржан серіні көрген, оның өлең-жырларын жатқа білетін адамдар қалған жок.

Бізге “Біржан – Сара” айтысының XIX ғасырдың аяғында жазықсыз жала жабылып, патша әкіметі әкімдерінің қудалауынан қашып, Семей губерниясына қарасты Зайсан уезінің жеріне өтіп, сол жақтағы казак ауылдарына барып панарап жүрген (Петропавловскілік) орта жүз Ашамайлы Керейдің Көшебе елінің Бәйбіше баласы руынан шыққан ақиық Әмірхан ақын Сүйінұлының (1836-1901жж.) Зайсан шаһарынан Қазан баспасына жіберіп, 1898 жылы жарық көрген нұсқасы мен ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы Жүсіпбекқожа Шайхысламұлы (1861-1941ж.) жіберіп, Қазандагы баспадан жарық көргізген нұсқасы, Біржан серінің мысал айтыстары: “Бабай мен қасқыр”, “Қасқыр мен қой” өзіміздің тұған халқымызға және көршілес әрі туысқан Қарақалпақ, Башқұрт, Қырғыз, Татар жүрттарына кезінде кен түрде тараған “Ақылимаш”,

“Қызыл нар”, “Елге сәлем”, “Адасқақ”, “Екі жирен” (екінші түрі), “Буырылтай” (I, II, III, IY түрлері), “Жалғыз арша”, Ақ тентек”, “Ләйлім шырак”, “Айтбай”, “Жайма шуақ”, “Қалқам шырак”, “Топай көк”, “Телқоныр”, “Жанбота”, “Сокпа-ай, сокпа”, “Бірлән”, “Он екі взвод”, “Он саусақ”, “Айбозым”, “Жонып алды”, “Жанбас сипар”, “Әпішке”, “Дүние-ай”, “Теміртасқа”, “Көкшетау”, “Сырғакты” әндері, “Мешін-тауық”, “Балғожаға”, “Құлен-Маймаққа”, “Мәті-Дәулен”, өлеңдері, Шәжемен, Орынбаймен, Тезекбаймен әзіл қағыстары ғана келіп жетті.

Біржан сал қасына отыз шақты өнерпаз жігіт ертіп, шатырларын, азық-түлігін, басы артық киімдерін кейде нарларға тенден, кейде арбаға тиеп, өздерімен бірге ала жүрген, сойыстық малдарын да тастамай ала барған. Ол 1842-1893 жылдар аралығында үздіксіз салдық-серілік құрып, өмірінің көбін сауық-сайранмен өткізіп, үй шаруашылығымен, сауда-саттықпен айналыспаған еken. Сондықтан да агаларындай ауқатты емес, орта шаруа болыпты. Қожағұлұлы бастаған өнерпаздар тобы табыссыз да болмаған. Ала жаздай ел аралап, салдық-серілік құрып, түрлі өнер көрсетіп, жұрттан алған ақшалай, киімдей, матадай, малдай сыйлықтарын Біржан сал сол өз тобын құрайтын серілерге тен бөліп беретін болған. Өз үйіне деп қыстық соғым алады еken де, артылып қалған мал, дүние болса, жол-жөнекей кездескен жетім-жесірлерге, ғарып-ғасірлерге үлестіріп жіберетін болған.

Біржан сал өзінің атакты ұстазы Сегіз сері өнер-пазга арнап қырық бес жоқтау шығарған қырық бес шәкірт ақынның бірі. Ол өзінін ардақты да қадірлі ұстазы Сегіз серіге арнап шығарған жоқтауының бірінде былай дейді:

Сегіздей асыл адам жаралмайды,
Халқына болып өткен тым жағдайлы.
Керейден жұз мың әйел үл тапса да,
Ешбірі Сегіз сері бола алмайды.

Біржан салға ұстаз бол үлгі-өнеге көрсеткен Сегіз сері кеменгердің қандай адам екендігін жоғарыда келтірілген Біржан салдың бір шумак өлеңінен-ак аңгаруға болады.

Біржан сал Сегіз сері тобында 1855 жылдың – қоян жылышының жазына дейін болады да, Сегіз серінің асын өткізуге белсене араласады. Ас өткен соң, Сегіз сері ұйымдастырған сал-серілердің үлкен тобы үшке бөлінеді. Бірінші тобын Мадияр керей Нияз сері Бекдәuletұлы (1818-1893жж.), екінші тобын Бике керей Шәрке сал Қорабайұлы (1824-1907жж.), үшінші топты Біржан сал Қожағұлұлы (1825-1897жж.) басқарады.

Біржан сал ұлы күйшілер Тәттімбет Қазанғапұлымен (1817-1862жж.), Құрманғазы Сагыrbайұлымен, Даuletкерей Шығайұлымен, Дайрабай Нұрғожаұлымен (1823-1893жж.) және саңлақ ақындар: Орынбай Кертағыұлымен (1819-1906жж.), Арыстанбай Тобылбайұлымен (1811-1880жж.), Шөже Қаржаубай-

ұлымен (1808-1895жж.), Сүйінбай Арон-ұлымен, Шынияз Жұбатұлымен (1815-1889 жж.), Актангелді Жұмықұлымен (1814-1891жж.), Нұрым Жаршығаұлымен жақсы достық қарым-қатынаста болған. Осы есімдері аталған өнер иелерінің ішінде Орта жұз Қурай Уақ Дайрабай Нұргожа баласымен он үш жыл бойы Сегіз сері тобында Біржан сал бірге болыпты, ал ол қалған өнерпаздармен астарда, салдық-серілік құрып ел аралап жүргенде олармен жиі кездесіп, солардың ауылдарында мейман да болыпты. Әйтпесе, аталмыш дарын иелері мен Біржан салдың қоныстарының арасы өте шалғай екендігі кімге де болса мәлім ғой.

Біржан сал өз тұсында би-болыстарды, шонжарларды, ұлықтарды ретсіз істер жасаса, қолма-қол өлеңмен сынап тастайтын болған.

Мысалы, оның Құлен-Маймакқа, Балғожаға деген өлеңдері соның айғағы болып табылады.

Жасында жарлы болып, жетім болып, аурусырқаулы болған Құленді ел “Құлен-Маймақ” деп атаған екен. Ол жалғыз атын арбаға жегіп, Есілдің тоғайынан Қызылжарға отын апарып, сол Қызылжардағы орыс байларына сатып, олардан алған ақшасына арак-шарап, сыра сатып алып ішеді екен. Бірақ, одан пайда жоқ екендігін түсінген жас жігіт Құлен керуенге қызметші болып орналасып, саудамен айналасып, содан шаруасын түзеп алады. Ақыры Маймақ байыған соң, өркеуделікке салынып, елді менсінбеуді шығарады. Бірде Құлен-Маймақ сауда

жасауға Омбы базарына барады. Сол базарға Бурабайдан жолаушылап Біржан сал да келсе керек. Базарда Құлленнің мінезі ұнамаған соң, Біржан сал оны өлеңмен сынға алып, былай дейді:

Сен өзің туганыңнан маймақ едін,
Есіл бойын көк шолақпен жайлап едін.
Қанғырып Қызылжардың көшесінде,
Қылжандап арақ ішкен парнақ едін.
Атандың дәulet бітіп Құлен-Маймақ,
Жігіт болар, мінекей осындай-ақ.
Жігітке бакыт қонса гүлденеді,
Кешегі қалыбына тартпа, бірак.

Бұл өлеңді естіген Құлен қателігін мойындалп, Біржан сал мен сол жерде тұрган адамдардан кешірім сұрайды да, Біржан серінің иығына шапан жабады.

Жоғарыдағы өлең “Маймаққа” деген атпен елге тараған.

* * *

Балғожа деген жетім бала болса керек. Тілмаштар дайындастырын оқу орнын бітірген Балғожа Қарқаралы уезінің бастығына тілмаш болады. Біржан сал 1880 жылы күзде өз тобын бастап Қоянды жәрмеңкесіне барып, онда да эн салып, күй тартып, өлеңдер шығарып айтып, думан құрып, көпшілікті өзіне бұрып әкетеді. Уездің бұйрығы бойынша Балғожа жәрменкедегі елді шақырып алып, жиналыс өткізбекші болады. Халыққа осы жайды хабарлап, елді жинап құрылтай өткізбекке кіріседі. Елді жинап келуді Қаракесек Арғыннан

шыққан беделді би Баймұрынға жүктейді. Біржан сал мен оның шәкірттерінің өнерлерін көріп тамашалаган халықты жиналысқа ертіп апару Баймұрын биге қыын болады. Біржан салды Баймұрын өзі де қатты сыйлайды еken, ол Балғожаға қайтадан келіп, көвшілікті жинап әкелу қыын екендігін, онда Біржан салдың өлең айтып отырғанын тамашалап жатқанын айтады. Сонда Балғожа тілмаш: “Тәйірі, Біржан әнші де емес, ақын да емес, бір есер емес пе, оған қарамай, елді жинап келіндер, біrnеше жандармандар жіберемін, Біржан ертегісін тоқтатсын”, - деп, бұйрық беріп, Баймұрын бидін қасына біrnеше урядник, стражник, полицейлерді қосып бірге Біржан салға жібереді. Баймұрын би Біржанға барып сәлем беріп, жағдайды түсіндіріп айтады. Балғожаның сөзін жеткізеді. Біржан сері көвшілікке жиналысқа бару керектігін айтады. Біржан қолындағы домбырасын тартып шет жақта отырады. Балғожа: “Әлгі Біржан қайда?” – деп Баймұрыннан сұрайды. Баймұрын би оған: “Біржан сал шеткі жақтағы қолында домбырасы бар биік бойлы кісі”, - дейді. Сонда Балғожа: “Біржан деген өлеңші сен бе? Сені біреу әнші десе, екінші біреу әнші емес, күйші дейді, үшінші біреу ақын дейді. Төртінші біреу ақын да емес, әнші де емес, күйші де емес, шешен де емес, жай ертегіші деп айтады. Ал, ақын болсаң, лебізінді естиік, бір-екі ауыз бірдене деп жіберіңіз”, - депті төменгі жақта отырған зор денелі Біржан салға. Балғожаның мазак қып сөйлегеніне біrден шамдана қоймаса да, домбырасын

қағып-қағып жіберіп, әнмен былайша оған жауап беріпті:

Балғожа, сенің әкең Құдайберген,
Әрқашан жаман болмас жақсыға ерген.
Кешегі жаңа мизам шыққан кезде,
Оязнай ел қыдырып бала терген.

Бит-қоңың іріп-шіріп жүрген кезде,
Құсбек төре қолыннан ұстап берген.
Шыққан тегің қожа ма, төленгіт пе,
Әйтеуір әкең келген Өскеменнен.

Көтерем аусыл болған бұзаулардай,
Жаңа шығып келесің биік өрден.
Көн қураса қалыбына барады деген.
Үрімшіде атаң сенің аштан өлген.

Сарт-сауаннан жаралған пері неме,
Неге маган соқтықтың келген жерден?
Жарым естілігің түрінен байқалып тұр,
Кісі емессің туғаннан үлгі көрген.
Бұл өлең “Балғожаға” деген атпен көпке мәлім
болған.

Ел алдында масқара болған Балғожа тілмаш: “Нағыз ақын екенсің, көлдененең елдің сөзіне ерем деп қателестім. Құдай мені қара бастырды, кешірім өтінem”, - деп, Біржаннан кешірім сұрап, өз қателігін мойындал, қолма-қол ат-шапан айып төлепті.

* * *

Керейдің Ақсары дейтін руында Жұсіп және Бажақ есімді екі шебер болыпты. Жұсіп – балташы, Бажақ – үйші, тапқыр кісі екен. Өнерпаз Жұсіп бірде Жабағы аулындағы Бейсеннің Алтын дейтін қызына еменнен ойып жасап, түрлі-түсті бояумен нақыштап, өте әдемі ұзын мойын, бұрышты домбыра істеп береді.

Бейсендікіне көп нөгерімен Біржан кіріп келсе, үйде кексе әйелдер мен Алтын ғана бар екен.

Амандастып, жөн біліскесін қыз бір аяқ ашытқан көже әкеп ұстатқанда, сері ернінің үшін тигізіп қана қайтарады. Осы арада Алтын домбырасын желпіне тартып:

Байлардың жейтін асы жая мен жал,
Шығады нақ кедейден осындей сал.
Қыс қатайып, шаруа қүйзеу болды,
Көжеге кекіреймей ернінді мал! – дейді.
Сонда Біржан домбыраны іле қолға алып:

Атаным ақындықпен Біржан сері,
Серінің күнде думан жүрген жері.
Қарындас сөз сүйектен өтіп кетті,
Көженді басып-басып әпкел бері, - деп әлгі шара аяқтағы көжені бірақ төңкереді.

Қонақ шығуға айналғанда Бейсен кеп: - Сері, соя қояр бозқасқамыз болмаганмен, қою күрен шайымыз, қозы қарын майымыз бар. Дәм татыныз! – деп түстікке

бөгейді. Түстеніп отырып Біржан, қыздың үкілі домбырасының шешендігіне қайран қалып:

Алтын-жан сен де керей мен де керей,
Ән салсам бұлкілдейді айыр көмей.
Алтын-жан домбыраңды маған берші,
Тағы істеп берер саған арық керей.

Алтын-жан домбыраңды сұрағаным,
Домбыраң маған тіпті ұнағанын.
Құбылтып неше түрлі әнге қоссам,
Қояр еді сәби бала жылағанын.

Алтын-жан домбыраңды берсең маған,
Риза боп жүрер едім мен де саған.
Дәм жазып бір жат елге бара қалсан,
Еске алып, барып жүрер, саған ағаң – деп ән шырқайды.

Қыз әкесі «Балам, ағаң қылып, өтінді ғой,
домбыраңның құны жетті, бер», - деп бергізіпті.

* * *

1893 жылы қазан айының ортасында Біржан сал өз тобымен Кіші жүз сапарынан ауылына келеді. Өзі де шәкірттері де демалады. Аттарын, нарларын тынықтырады. Қожағұлұлы сері өздерінің елден тарту-таралғы, сыйлық ретінде алған ақшаны, малдарды, киімдерді, маталарды жылдағы әдеті бойынша өзіне ерген сал-

серілерге тең бөліп береді де, өз орнына оң батасын беріп, өзінің шәкірттерінің бірі – сол кезде жігіт ағасы болып қалған, әбден кемеліне келген әнші-ақын Үкілі Үбырай Сандыбайұлы (1858-1930 жж.) жас әнші-ақынды сал-серілерге басшы етіп, өз ауылъындағы мәжілісте сайлайды. Үкілі Үбырайдың «Шалқыма» деген әні өз ұстазы Біржан салға осы кезде арналып шығарылған екен.

1893 жылдың күрнешінде айынан бастап Қожагұлұлы бірынғай қолөнерімен айналысатын болып, әншілікті, күйшілікті, ақын-жыраулықты, балуандықты, салдық-серілік құруды мүлдем тоқтатады. 1894 жылдың көктемінің аяғында ел жайлауга шығар алдында Троицкі шаһарына барып, сондағы мешіттің мүфтиi – Зейнолла ишанға сәлем беріп, өзінің өлеңді қойып, сал-серілікті тоқтатып, тәубаға келгенін мәлімдейді. Сөйтіп, пірге қол тапсырған Қожагұлұлы өнерпаз Зейнолла ишаның қадірлі мейманы болып, ауылъына көнілді оралады. 1895 жылы тамыз айында Біржан сал Түркістан шаһарындағы Қожа Ахмет Яссави кесенесіне барып, пірге қол тапсырып қайтады.

* * *

Біржан сал тарайтын Нұралы атасының ең көрнекті адамының бірі Бертіс екенін шежіреден білеміз. Бертістен: Қараменде, Қараман, Қажабай, Қожагұл, Тәсібек, Қожамқұл атты алты бала туады. Тәсібектен үш бала: Ақшуақ, Байшуақ, Жаншуақ туады. Біржан сал-

дың аталарының бірі осы Ақшуақ та өз заманында әрі ақын, әрі әнші, домбырашы, сері болған жан екен.

Ақшуақтың жер ортасына келгенде әйелі қайтыс болады. Осы кездे төменгі Бақабас Қарауыл ішінде көп жігіт көз сүзсе де көнбей, өзіне лайық жар таңдап отырған Ақтамақ атты ақылды да көркем жас жесірге сөз салып, құда түсуге жібереді. Бірақ келін-шектің ағайын-туыстары Ақшуақты ұнатпайды. Туыстары қалайда оған жас сұлуды бермеудің амалын, айла-әрекетін ойластырады.

Атақты бай Ақшуақтың жылқысының құты, сұлу мүсінді, ерекше, ұры-қары мен ит-құсқа үйірінен бір тай-түяқ алдырмайтын «Мәржанжал» деген сәйгүлігі бар екен. Ақтамақтың туыстары Ақшуақтан құтылу үшін қалыңмал үшін осы жылқыны қалайық, біз білетін Ақшуақ болса бұған келісе қоймас, бұдан бір құтылсак, осылай құтылармыз деп ойлад:

«Ақтамақтың қалыңмалына Мәржанжалдың үйірін берсін де, қалыңдығын алып жүре берсін», - деген сәлем айтады. Бірақ қалың сұраған жақ қателеседі. Жас сұлудың даңқына құштар Ақшуақ сәлем әкелген адамдарына:

«Жылқы ішінде Мәржанжал мәржан болар,
Хас сұлудың қасында арзан болар.

Ақтамақтай арудан ада болсам,

Өле-өлгеніше ішімде арман болар», - дейді де Мәржанжалды үйірімен қосып қалыңдық жағынан айдатып апарып салады. Мұны көріп кулықтары іске аспаған

жақ қамалып тығырыққа тіреледі. Не істеу керек? Басқа амалы қалмаған туыстары Ақтамақтың өзін шақырып алып, Ақшуаққа баrasың ба? – деп сұрайды.

Әншілігін, ақындығын жақсы білетін және жомарттығына риза болған Ақтамақ бірден келісімін береді.

Осыдан кейін құда түсіріліп, құйрық-бауыр желінеді.

Ақтамақты әкетуге өзі теңдес 4-5 адам ертіп Ақшуақ келеді. Он екі қанат ақ үйге түсіп, төрінде домбыра шертіп отырса, есіктен бір топ қыз-келіншек кіреді. Оның бірі: «Жездеміз қайсы болды еken? – деп сұраса, үйдегілер домбыра тартып отырган адамды нұсқайды.

Сонда әлгі келіншек:

-Жездеміз салдау еken,

Салдау болса да шалдау еken, - деп қалады.

Бұл сөзді естіп қалған Ақшуақ домбырасын қағып-қағып жіберіп:

«Жезден салдау болса да, жезден шалдау,

Қыз сүюі – жүректе, еңбек малда-ау!

Жігіт тандап тимеген Ақтамақты

Жезден шалдау болса да, алып қалды-ау! – деп, әндептің қоя береді.

Сал Ақшуақ пен Ақтамақ қосылғаннан кейін көп жыл бірге өмір сүреді. Ақшуақ асқан әнші, суырып салма ақын болған еken. Бірақ ол туралы деректер, өлеңдері сақталмаған. Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда оның сал-серілік өнері Біржанға дарыған. Бұғандарі жүртшылыққа кең тараған халық әні «Ақтамақты»

(«Сенен сұлу Ақтамақ жан өтпейді» - деп басталатын әнді) шығарған осы Ақшуақ ақын екен дейді аныз.

* * *

2004 жылды Ақмола облысының «Арқа ажары» газетінде Біржан сал өмірінің соңғы кезеңі туралы «Дерек» айдарымен «Бұрмаланған ақиқат – қиянат» атты мақала басылды. Мақаланың авторы өлкетанушы, Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері Жамаш Жұма-Әли Нұралыұлы. Мақаланың Біржан сал өмірінің ақиқаттық мәнін ескеріп, үзіндісін жаздык.

«Мен Біржанды көрген адамды көзім көрген адамын. Еңбекшілдер ауданының орталығы Степняк қаласында өмір сүрген, кейін Ұлы Отан соғысы тұсында Даниловка қалашығында өмірі өткен Қисықтың Сарысы деген адаммен жас кезімде жиі кездестім. Ол кісі әкемнің туған інісі Бекахметтің қайын атасы, бізге құда. Біздің үйге соғыстан бұрын да, кейін де келіп, кетіп жүретін. Менің атам – Тіржанмен әңгімелесіп отырғанда Сары ақсақал көбіне Біржан жайлы айтатын. Ал, мен сол кіслердің әңгімесін қызыға тындаушы едім.

Сол әңгімелердің бірі – Біржан сал өмірінің соңғы жылында «жынданып» өлді деген қаралы, жансақ сөз туралы болмақ. Атам 1943 жылы 86 жасында ауырып қайтты (Тіржан). Ол кісі қайтар алдында халін білуге келген Сары құдамыздың Біржан жайлы айтқаны әлі

есімде. Мен ол кезде 14 жасар едім. Кейін 1952 жылы тағы да тыңдағаным шындық.

Ел атағандай Қисықтың Сарысы 1870 жылы туып, 1958 жылы дүниеден өтті. Өмірінің көшілігі Степняк қаласында, Біржан сал ауылымен жапсарлас «Біржан бұлағы» деген тұста өмір сүрген. Соңғы жылдарда Біржан салмен еріп жүретін әнші, өнерлі, сал жігіттердің бірі болған екен. Өзі жіңішке дауысымен Біржан сал әндерін орындал отыруши еді.

Әңгіменің негізіне оралсак, 1896 жылдың жазында Біржан сал Қекшениң Айыртау жағын бір жетідей аралап, өзі жалғыз бір себеппен жолдағы «Қотыркөл» жерінде қалады. Қасындағы екі-үш жігіт-нөкерлерін елге жүре беруге ұлықсат етеді.

Жолай тұс ауа Жекей көліне ат басын тіреп, көлге шомылуға ниет жасап, біраз дем алмакқа бөгелген. Дәл осы тұста аспаннан дауылды қара бұлт нөсерлі жауынын төгіп берсін. Қатты жаңбырда қалған женіл киімді әнші еліне қарай аттанып кетеді. Құнәсіз сал Біржан өзін суық қарманын сезбеген де еді. Және салдықтың соңғы сапары екенін де білмеді-ау.

Бұл кезде ауылдың азулы адамдары Біржан жайлыш түрлі өсектермен «ол Пайғамбар жасына келгенде тағы да алыс жолға қаңғырмақшы, бетімізге таңба салып, далада қалмақшы» деген сөздерді гuletіп жур еді. «Еліктің қасынуына, мергеннің басуы дәл келді» дегендей, Біржан елге келгеннің ертеңіне қатты ауруға шалдығып, аяғы сузек ауруына жалғасты. Сүзектен

сандырақтап сөйлеп жатқан ел еркесі жөнінде «Біржан жынданып кетіпті» деген қаралы әңгіме-өсекті жандай-шаптар тез-ақ таратып та үлгерді. Енді Біржанды елден шығармаймыз, оны қамап ұсташа керек деп жұдырығын түйіп жүрген туыстары біржолата оған қарсы іске кіріспін кетті. Үйіне екі ұлы мен екі қызы, бәйбішесі Әпіш бесеуінен басқа жан жолатпай қойды.

Озімен салтанат құрып еріп жүрген өнерлі жігіттер де салменен жолығысдан қалды. Солардың бірі жиырма бестер шамасындағы біз сөзге қосып отырған Сары еді.

Ауру мендеген сайын мендей берді. Оған басты себеп, үйінде қамауда, бакылауда отырғандығы. Жалғыз сырласары да, мұндаасары да төрдегі қос домбырасы мен Әпіші. Балалары болса әлі жас. Енді оны жалғыздық құсалық ауруға жалғастырады. Осындаі азапты жағдайда қыс та өтіп, кектем де жетті. Жаз шыға Әпіштің ұлықсатымен төрдегі бірі бүктемелі, бірі жай домбыраның бірін қолына алып, еттеп ән де айтып отыратын. Бірақ құсалықпен мендеген ауру ішті жегідей жеп әр күн сайын әлсіздік бойын билей берді. Туыстардан еш қайырым жок. Тұнделетіп кей-кейде бірлі-жарым жігіттердің келгені болмаса, өмір тіршілігінен қол үзгендей еді.

Осы тұста ызага булыққан ақын соңғы әні «Теміртасты» домбырага салды.

Осы сияқты дерек тұрғанда Біржанды «жынданған» деп қаралап, шындыққа балта шабу Алла алдында күнә

емес пе! Жынды адам сөзі мұнға толы, әні зарға толы трагедиялы ән шығара ала ма? Ол соңғы әні еді ғой, ол өзі сүйер халқына мұны, арызы еді ғой. Менің айттарым – жынданып өлді деген сөзді тарихтан алып тастау керек қой, ағайын. Осы жылы (1897ж. Күзіне қарай), шөп буыны қата Біржан да өмірімен қоштасты. Жерлеу кезінде топырақ салғандардың бірі – осы Қиындықтың Сарысы жаңағы айтқан шындықтардың күесі де осы абзал ақсақал ғой. Ол кісінің айтудынша, оның ауруы ішкі ас қорытудың азапты ауруына дейін жеткен. Өйткені, соңғы кездері балаларымен де біруақ әңгімеге келіп жатқан көрінеді. Осы бір шындықтың көзін қазір ашып алмасақ, енді он жылдан кейін, әй, қайдам!»

* * *

Біржан сал 1897 жылдың жазда үш ай бойы ауырып, 25 тамызда (ескіше 12 тамызда) қайтыс болады. Елжұрты Біржан серінің сүйегін атасы Қожағұл бидің бейітінің қасына жерлеген. Атақты салдың өсіп-өнген ортасы – Аксары Керейдің іші, өмірін өткізген жері – Көкшетау өлкесіндегі Бурабай төнірегі. Ал, оның елі – Нұралы Керей Қызылжар аймағында тұрады. Біржан салдың бейіті Қожағұл бұлагының жағасында (Степняк қалашығындағы Лемов шахтасының сыртында). Біржан салдың басына белгі етіп Көшебе Керейдің Таузар руынан шыққан атақты Серіз сері композитордың үлкен баласы Мұстафа батыр (1840-1899 жж.) қашап

ойып, арабша жазу жазып, құлпытас орнатқан екен. Ол құлпытас осы күнге дейін бар, тек ұзак жыл тұрғандықтан, кейін аздап мүжіле бастаған.

Біржан сал шығарған әндердің тарихын зерттеумен соңғы жылдары композитор Ілия Жақанов айналысып жүргенмен, оның зерттеу жұмысында едәуір қателіктер бар.

Мысалы, 1982 жылғы “Жұлдыз” журналының 4-санында (162-1716.б.) жарық көрген өзінің “Аспандағы акқуға үнін қосқан” деген мақаласында Ілия Жақанов “...Сал-серілік дәстүр Біржан салдан басталады” деген қате пікір айтады. Сондай-ақ ән тарихының зерттеушісі Ілия Жақанов аталмыш мақаласында Біржан салдың өз шешесінің де, ұлы шешесінің де (әкесінің шешесі, яғни әжесі), апасының да есімдерін, Біржан серінің Әпішке дейінгі әйелдерін де, Әпіштің төркін жұртын да, ұлы композитордың ұстаздарын да, шәкірттерін де атамаған. Біржан салдың ата-тегін де (шежіресін де) дұрыс таратпаған. Қожағұлдың көшіп келіп қоныс алған жеріндегі негізгі тұрғын елді де дұрыс жазбаған.

“Өзімен бірге тұған төрт туысы Бертісті көп қажытқан. Бірі дәүкес, пәлекор, содыр, бірі киянқы, кисық... Тағы біреуі ұры, кәzzәп, төртіншісі елдің тыныштығын алған азулы болыс... Осы туыстарына шыдай алмай, қағынған туыстарынан безе қашып, Көкшетау жеріне ойысқан”, - деп жазған Ілия Жақанов жоғарыда аталған мақаласында. Автордың айтып отырғаны Біржанның

бабасы Бертіс емес, жоғарыда жазғанымыздай Ақсары Керейге жататын Тоқымбет атасынан тарайтын Бертіс. Бұл Бертіс те Көкшетаудың Еңбекшілдер ауданында өмір кешкен, бейіті де сол жерде. Біржанның бабасы Бертіс Көкшетау жерін былай қойғанда, Қызылжар өлкесіне келмей тұрғанда Аманқарағай жерінде 1790 жылдары қайтыс болған, оған Марал ишанның әкесі Құрманмен қатар қойылған бейіті де куә бола алады.

“Білмеген у ішеді” – дегендегі автор Бертіс Кенжеұлы аруағына қиянат жасады. Шежіреде жазылғандай Кенжеден Ертіс, Бертіс, Жанболат атты үш бала туған. Ертісі ерте жастай қайтқан. Жанболат пен Бертіс Нұралы атаның ең көрнекті атақты адамдары болған.

ТЕМІРТАС БІРЖАНҰЛЫ

Біржан салдың Әпіш атты әйелінен Асыл (1883ж.), Ақық (1885ж.), Жамал (1898ж.) есімді үш қыз, Мұхамедкали (1887ж.), Қалкен (1896ж.) деген екі ұл болған. Біржанның төрт әйелінен барлығы 11 ұл болған, соның осы Теміртас атты баласынан ғана ұрпақ бар. Теміртас өмірінің көпшілігі Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы жеріндегі Нұралы – керейлердің ортасында өткен.

Көп уақыт Жамбыл ауданында ұстаз, «Солтүстік Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі болып істеген журналшы, әнші, ақын, шежіреші Сәркен Барқытов Теміртас өмірдеректерін зерттеп, «Солтүстік Қазак-

стан» газетіне зерттеу мақалаларын бастырган болатын. Теміртас туралы кейбір деректерді осы кісінің жазғандарынан алсақ, негізгі деректерді Теміртастың Мұқаметқали атты баласынан, Жамал атты қызынан және қазір Петропавл қаласында тұратын Теміртасты көзі көрген жасы тоқсанға тақап қалған Зағыпар Байқуанышевтан (Петропавл қаласы, Сәбит Мұқанов көшесі, 21 үй, тел. 46-71-46) және Тұрғын Әшіrbековтен (Петропавл қаласы, Исмаилов к., 8) алдық.

Жоғарыда айтқанымыздай Теміртас Біржанұлы әuletі көбіне Қызылжар өнірінде өмір сүрген.

Нұралының Кенже атасынан Көшек, Көбек, Көбдік туса, Көбектен Жанболат, Бертіс, Ертіс туады. Бертіс Біржанның ұлы атасы. Теміртас Бертістің ағасы Жанболат ұрпақтарымен оның ішінде Байқуаныш Төрежанұлы балалары: Қази, Нұрқан, Оразбай, Баязит, Ақмер, Зағыпар, Нұрмұқандармен бірге болады. Қазір осы азаматтардың көзі тірісі Зағыпар Байқуанышевтың және Мұқаметқалидың, Жамал ананың естеліктері бойынша Теміртас өмірдеректерін анықтады.

1929 жылы колхоздастыру кезінде Нұралы Кенже-нің Көшек, Көбек, Көбдік ұрпақтары бір ұжымшар (колхоз) құрып, ұжымшар атын аталарының атымен «Кенже» деп қояды.

Бұл уақытта Степняктың алтын присталында істеп жүрген Теміртасқа жала жабылып, істі болған соң, елдегі Нұралылар арасына көшіп келген болатын. Оқығаны да бар, өмірден көргені де көп, орысша тілге де

жетік Теміртас осы ұжымшарды ұйымдастыруға белсенділік танытады. Бірақ, өзі ұжымшардың төрағасы (колхоз басқармасы) болмай, аталас ағайыны Байкуаныш Төрежанұлын сайлатады. Ұжымшар алғашқы уақыттан бастап Төңкеріс ауданындағы үлгілі шаруашылықтың біріне айналады. Шаруашылықтың алға басқанын көре алмаган біреулер Теміртасты қашқын деп, Байкуанышты балаларымен бірге ұжымшар мүлкін жеп қойды деп жоғарғы жаққа арыз жазғызып көрсетіп жібереді. Теміртасты және Байкуаныш балаларын қазіргі Тимирязев ауданына қарасты Жарқын ауылының жанында болған «Бай қаласы» деп аталған жерге камауға алады. Ішінде қазіргі Зағыпар ақсақал да бар.

«Бізді Бай қаласына қамауға алғанда әкеміз (Байкуаныш) төсек тартып жатқан ауру болатын. Сондықтан жүргуге жарамағандықтан оны елде қалдырды, бірақ көп ұзамай қайтыс болды. Бай қаласынан алдымен Теміртас бастаған үлкен ағаларым Қази, Нұрқан, Оразбай, Баязиттер қашып, Омбы облысының Назыбай ауданы жеріне орналасады. Артынан бір түнде Ақмер ағам мен Нұрмұқан інімді және мені қамаудан алып шыкты.

Үкіметтің құғынына ұшыраған біздің әulet бір жерге ұзак тұрақтамай үнемі қоныс аударып отыруға мәжбур болды. Түмен облысының Ялутор, Заводуковск райондарында қашып жүрдік. Біз қайда барсақ та Теміртас бірге болды. Ресей елінде қашып, күнкөріс іздел жүрген казактар Ресейдің Қазан ауданында Ильинканың

маңынан «Бірлік» деген колхоз ұйымдастырық. Елсаудың (Ельцовканың) маңында «Қызыл ту» деген колхоз құрылды. Осы ауылдарда жүрген Теміртас 1938 жылы Көкшетау жағында қалған төрт баласын (жоғарыда аталған) «Бірлікке» көшіріп әкелді. Сол кезде біздің колхоз үкіметке беретін астығын Қызылжар элеваторына өткізетін еді. Осынау астық керуенімен Қызылжарға келген Теміртасты 1941 жылдың 18 февралінде көкшетаулық бір милиционер танып қалып ұстайды. Оған Көкшетау облыстық соты сыртынан қылмыстық іс қозғап, он жылға сottaған екен. Сол ұсталып кеткеннен кейінгі Теміртас өмірін білмеймін», - деді Зағыпар ақсақал Теміртас туралы.

Тұрмеде Теміртаспен отырып, 1945 жылы жазасын өтеп елген оралған Мәден Хамзин деген кісінің айтуы бойынша ол сол лагерьде қайтыс болған. (Мәден балалары қазір Петропавл қаласында тұрады).

Сәркен Барқытов «Солтүстік Қазақстан» газетінің 22.01.1997 жылдың күнгі нөмірінде басылған «Теміртас, Асыл, Ақық – карақтарым» атты мақаласында Теміртас өмірінің соңғы кезеңі туралы тағы бір деректі жазады.

Тұмен облысының Казанка (аудан орталығы) селосында тұратын көпті көрген көнекөздің бірі, шежіреші, өзі осы ауданда көп жыл бойы басшы ұйымдарда қызмет атқарған Ахмедия Қабиденов Теміртасты көзі көрген адам екен. Ахмедия ақсақалдың Теміртас туралы айтқаны мынадай:

«Біржан салдың баласы Теміртасты көзім көрді. Ол

айтылып та жазылып та жүргендегідей 1942 жылы өлген жоқ. Дәл сол жылы көргенде ол бойы еңгезердей, кең жауырынды, көзі өткір, кара торы кісі болатын. Жас кезіміз ғой, оның барлық түр-тусі, қадір-қасиеті жадамда қалмапты. Жұрт Көкшетау жағынан келді деп жүретін. Есімде қалғаны жақсы киінген, үстінде драп пальтосы, су жаңа жақсы костюм-шалбары, колында былғары перчаткасы бар еді. 1938-1939 жылдары Теміртас қарындастары Асыл, Ақықтың бірінен туған жиені Молдахмет деген кісіні қасына ертіп жүрген».

Ахмедия Қабиденовтың Теміртас туралы айтқан бұдан басқа тағы қызық дерегі сол, ол (Теміртас) 1946 жылы да – тірі, Ресейдің Қазан ауданына қарасты Ельцовка (Елсау), Красноярка, Бірлік деген ауыл-селоларында тұрған. Сол жылы ол түрмеден келгенде бір шалдың ногай әйелі Фалияны алып қашып, үш ай отасқаннан кейін шалдың өзіне апарып тастаған. Содан (Теміртастан) бір бала туып қалған. Оны да көзім көрді, бойы еңгезердей, жауырынды, Теміртастан аумайтын еді, - дейді Ахмедия ақсақал.

«Ахмедия ақсақалды мен жақсы білемін, бұл кісі менің әкем Теміртасты басқа біреумен шатастырып отыруы мүмкін. Әкемізді 1941 жылы Петропавл қаласында ұстап түрмеге жапқан. Содан оралмады», - дейді Мұхамедқали Теміртасұлы.

Қазір Петропавл қаласынан 30 шақырымдай жерде Рассвет селосында тұратын Сермағамбет Барлыбаев ақсақал да Теміртасты көзімен көрген көнен көздің бірі.

-1940 жылдың жазында Барлыбаевтар әuletі Түмен облысы Қазан ауданының «Бірлік» деген колхозына көшіп келдік. Колхоз мүшелері тегіс қазақ еken, негізінен Керей руының Нұралы, Алдай-Қантай, Таз аталарының адамдары еken. Қазір Петропавл қаласында тұратын Зағыпар Байқуанышевтар да осы колхозда тұрады еken. Осы Байқуаныштар әuletімен бірге Біржан салдың Теміртас деген баласы тұрды. Ол туралы менің есімде қалғаны: бойы екі метрдей, сол ауылдағы бойы ең биік адам болатын. Түсі сұық, көзге ерекше көрінетін. Байқуанышевтардың жақын ағайыны деп естітінбіз.

Біз көшіп келген жылы бұл колхоздың берекесі кete бастады. Колхоз мемлекетке тапсырылатын астықты Қызылжардың астық қабылдау орнына өткізеді еken. Колхоз басшылары ма, әлде астық тасушылар ма, әй-теуір, астық қабылдау орнымен келісіп, бидай орнына ақша беріп, бидай тапсырды деген анықтама кағаз алып отырған. Ол астықты қымбат бағамен басқа жерге сатқан көрінеді. Осы қылмысты істер біз келген жылдары ашылып қалып, 29 адамды түрмеге қамайды. Алты адамға ату жазасы кесіледі. Оның ішінде колхоз басқармасы, есепшісі, қойма менгерушісі және тағы басқалары болған. Сол кезде біздің естуімізше Теміртас Кекшетау жағында істі болып, сырттай он жылға сотталып, осы колхоздағы туыстарын (Байқуанышевтарды) паналап, жасырынып жүр еken. Жоғарыдағы қылмысты тексеру кезінде ол да үсталынып қалған. Теміртасты

білмеймін, оның әйелі Күлжәмиланың Бірлік зиратына жерленгенін естігенім бар, - дейді Сермағамбет ақсақал.

Сонымен өлкетануши, журналшы Сәркен Барқытов Теміртас Біржанұлының қай жылы, қай жерде қайтыс болғаны туралы екі деректі ұсынды. Бірі – 1946 жылы ауру болғандықтан түрмеден шығып Бірлік зиратына жерленді. Екінші дерек – 1941 жылы түрмеге қамалғаннан оралған жоқ, түрмеде қайтыс болды. Екінші деректің дұрыстығын жоғарыда жазғанымыздай баласы Мұхаметқали да растайды.

Бір айта кетейік дегеніміз, Жамбыл ауданының Айымжан ауылына көшіп келген Теміртасұлы Мұхаметқали мен қызы Жамал қазіргі Ресейдің Қорған облысы Мәкөшін ауданына қаасты Куриное село-сынан көшіп келген. Куриное селосы Жамбыл ауданының Казанка селосымен шектелетін көне селолардың бірі. Теміртас ұрпақтарының бүл селоны қоныс етуінің мынадай себептері бар. Бұның шет жағасын Сәркен Барқытов та жазған болатын.

Жоғарыда жазғанымыздай XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресей отаршылдары Нұралы – Нұрымбет аталарын ата қоныстарынан ығыстырып қуғанда Нұралының Бабыр атты баласының ұрпақтары көрші Ресей жеріне көшеді. Біразы «Үлкен Куриное», «Кіші Куриное» селоларында тұрып қалады. (Осы уақытқа дейін тұрып жатқандар бар. С.Жұмабаев).

Бабырдан Мұса, Мұсаның төрт баласы: Шеген, Ахмади, Мұхамади, Жәнібек осы Куриное селосы

маңын қоныс еткен. Бұлардың ішінде Шеген ел адамы болған. Шегеннен екі бала: Қайса, Мәсәлім. Қайсадан үш бала: Мырзагали, Асылқан, Сапар. Соғыс жылдарында Қайсаның Мырзагали атты баласы Түмен облысына қарапты «Бірлік» колхозында отырған Жамал Теміртас қызын жастай алады. Бұл уақытта Теміртас сопталып, оның балалары Шәріп, Мұқаметқали, Мұхамеджан (Сабыр), Жамал атты балалары панасыз қалған болатын. Бір жағынан аталас Мырзагали Теміртас балаларын өз қамқорына алады. Мұқамедқали үйленгенше осы Мырзагалидың үйінде, Мұса балаларының ортасында Айымжанға көшіп келгенше «Куринное» селосында болған. Жамал анадан Табылды Мырзагалиұлы туады. Табылдыдан Болат, Дулат, Сәуле атты балалар өмірге келеді. Табылды балаларымен бірге қазір Преснов селосында тұрады.

«Біржанның анда-санда Куринное маңындағы туыстарына келіп, сауық-сайран құрып кететін оқиғасын Жамбыл ауданындағы Үлгі ауылшының тұрғыны, Алдай-Касаболатқа жататын Нұрғожа Омарұлы қарттың өз аузынан есітіген болатынмын», - деп жазды Сәркен Барқытов. Шегеннің Қайсасы айттып отырады екен. Біржанның даусы күшті болған екен. Бірде Куриноеге келгенде, ағайындары, сондағы қазақтар жиналып, оған ән айтқызады. Балшық үй болса керек. Кешкі уақыт, майшам жағылған. Біржан домбырасын алып, айғайға басып жібергенде, шұбал пештің үстінде көзін жұмып, мұлгіп отырған мысық «баж» етіп, шошып,

отырған кісілердің үстіне қарғып, топ ете түседі. Майшам жалп етіп сөніп қалады. Жұрт қыран-топан күлісіп қалады. Мысық сол шошынумен атып ұрып барады да есікті тырмалайды. Бұл ел аузындағы әңгіме емес, осы жиында өзі болған Шегеннің Қайсасының аузынан естілген әңгіме.

Бір айта кетейік дегеніміз, Теміртас Біржанұлы Петропавл түрмесіне қандай қылмысы үшін қамалды, бұл көп жыл бойы белгісіз болып келді. Өйткені, сот істерінің құжаттары жасырын сақталған болатын.

Қазақстан Республикасы бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша бас-кармасының 10.12.2007 жылғы қор №2 «Коллекция уголовных дел внесудебных органов» атты құжаттың құпиялығын сақтамау туралы шешімі шыққаннан кейін Теміртас Біржанұлының сот ісімен танысадың мүмкіндігі туды.

Төменде Теміртасқа байланысты сот ісінің мазмұнын қысқартып бердік. Бір іс бойынша Теміртаспен бірге 29 адам қылмысқа тартылған. Бұл адамдарға қылмысты деген істеріне қоса Қазақстан жерінен қашқан байлар, байлардың ұрпактары деген айып тағылған. Бұл 29 адамның 23-і Солтүстік Қазақстан облысынан еkenі ескеріліп, бәрінің аты-жөнін жаздық. Өйткені жазықсыз жазаланып, сол дәуірдің құрбаны болған азаматтардың есімі ұмытылмау керек.

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Қазақстан

Республикасы бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі басқармасының мұрағат қоры №2 («Соттан тыс орындардың қылмысты істер жинағы». «Коллекция уголовных дел внесудебных органов») мұрағат № 155, қылмысты іс 7047.

Істің басталуы – 24.02.1941, аяқталуы – 26.05.1941. Іс көлемі – 5 том; 1-том – 298 бет, 2-том – 600 бет, 3-том – 554 бет, 4-том – 132 бет, 5-том – 64 бет.

Бұл іс бойынша қылмыска 29 адам тартылған: Рахметов Ідіріс 1899 жылы туған, Нұғыманов Сыздық 1904ж., Қасымов Айтжан 1913ж., Скоренко Яков Маркелович 1902ж., Воронов Иван Петрович, Овсянников Федот Иванович 1902ж., Савран Роман Владимирович 1900ж., Синников Филип Иванович 1905ж., Материнский Григорий Максимович 1901ж., Кабдусов Жукуш 1916ж., Рахметов Тырнак 1903ж., Жузенов Ташибай 1905ж., Кавдусов Ескандер 1905ж., Ахметов Бекен 1906ж., Рамазанов Кабен 1903ж., Камзинов Мадян 1909ж., Садыков Габбас 1906ж., Касенов Уразалы 1895ж., Касенов Темергали 1911ж., Зукенов Сабит 1914ж., Жампейисов Амиргали 1907ж., Усенов Саду 1887ж., Байкуанышов Уразбай 1902ж., Рахметов Илнак 1914ж., Кусаинов Камза 1878ж., Манупов Михаил Дмитриевич 1910ж., Уртемишев Мукатай 1909ж., Сыздыков Камали 1901ж., Бержанов Тимиртас 1887жылы туған.

Айыптау қорытындысы. 26.05.1941г.
(Обвинительное заключение)

1941 жылы НКВДның Солтүстік Қазақстан облыстық басқармасы Омбы облысы, Қазан ауданы жерінде мемлекет бидайын ұрлаған қарақшы топты ұстады.

Тексеріс қорытындысы бойынша, 1939 жылы Қазақстан жерінен түрмеден, жер аударылудан, қашқан байлардың қалдықтары, балалары Омбы облысы Қазан ауданы жерінде «Бірлік» атты жалған колхоз (лже-колхоз) ашқан. Колхоз уставын пайдаланған зиянкестер (колхозшылар) қоғамға пайдалы іспен айналыспай, Совет үкіметінің экономикалық қуатын төмендету бағытында жұмыс істеген. Үкіметке емес, өздеріне ғана жұмыс істеген. Колхозды Солтүстік Қазақстан облысы Преснов ауданы Айымжан селолық Кенесіне қарасты жерде бай ретінде тәркіленіп, бұл жаққа соттан қашып келген Рахметов Тырнақ басқарған. Колхоз мүшелерінің барлығы да Қазақстаннан қылмыстық істері үшін қашып келген қазактар. Колхоз мүшелері алыпсатар ісімен айналысқан. «Бірлік» колхозының маңындағы орыс селосы тұрғындарынан етті арзан бағаға сатып алғып, Петропавлге әкеліп екі-үш есе қымбат бағаға сатқан. (Бұл іс ол кезде қылмыстық іске жатқызылған. С.Ж.).

Тексеріс қорытындысы бойынша, жоғарыда аталған топ 1940 жылдың қыркүйегінен бастап 1941 жылдың наурыз айына дейін колхоздың 1030 центнер 16 кг бидайын ұрлаған. Ол былай болған: «Бірлік» колхозы

өздерінде қойма болмағандықтан астықтарын көрші Ильинка колхозының қоймасында сақтаған. Күзгі жиын-терін біткесін Ильинкадағы астықты үкіметке Петропавл қаласының элеваторына өткізеді. Осы өткізу кезінде Петропавл элеваторы басшыларымен келісіп бидайды жартылай ғана өткізіп, жоспар бойынша толық тапсырды деген жалған күжат алады. Сөйтіп жоғарыда аталған 29 адам жауапқа тартылған. 11 адам – ату жазасына, 10 адам – 15 жылға, 3 адам – алты жылға сотталады. Біржанов Теміртасқа да алдымен ату жазасы беріледі. Кейін қарсы жазған арызы бойынша басқа шешім қабылданады. Басқа адамдар көмектескен болу керек, кейін соттың ату жазасы шешімі бұзылып, алты жылға бас еркінен айыру туралы шешімі шығады. Анықтамасы төмендегідей.

Определение № Д-2033/35/

Судебная коллегия по уголовным делам Верховного суда Союза ССР рассмотрела в заседании 11 октября 1941 года протест Председателя Верховного Суда СССР на приговор Северо-Казахстанского областного Суда от 26-28.06.1941г. Переквалифицировать преступление Бержанова Темиртас с Закона 7.08.1932 года и ст. 58-14 УК (расстрел) на ст. 82 ч.1, 58-12 и 17-162 п. «Д» УК РСФСР определив ему наказание по этим статьям шесть лет лишения свободы.

Айыптау қорытындысында (обвинительное заклю-

чение) Біржанов Теміртастың өмірдеректері жайында былай жазылған.

Біржанов Теміртас 1887 жылы Ақмола облысы, Еңбекшілдер ауданына қарасты бұрынғы Қожағұл, казіргі Шоқы ауылында кедей шаруаның отбасында туған. Үйленген, қазақ, партияда жоқ, аз сауатты, сottалған. Қамауға алынғанға дейін Омбы облысы, Қазан ауданы «Бірлік» колхозында тұрған.

Отбасы құрамы:

- | | | |
|----|---------------------|--------|
| 1. | Әйелі – Құлжамила | 1887ж. |
| 2. | Баласы – Шаймерден | 1904ж. |
| 3. | —//— – Шәріп | 1924ж. |
| 4. | —//— – Мұхамедқали | 1925ж. |
| 5. | Қызы – Жамал | 1926ж. |
| 6. | Баласы – Мұхамеджан | 1927ж. |

(Осы балаларының ішінде Мұхамедқали казір бар. Ақмола облысы, Зеренді ауданы «Қазақстан» ауылында тұрады).

Біржанов Теміртас еңбек жолын Степняк шахтасында бастаған. Шахтада бригадир болып істеп жүргенде мойнына 14126 теңге 63 тын ақша мініп, Маткинка аудандық соты 1936 жылдың қантарында алты жылға сottайды. Осы жылы Қарағанды түрмесінде отырған жерінен қашып шығып, Омбы облысының Назыбай, Қазан аудандарында жасырын журеді. 1939 жылы жаңадан құрылған қазактардың «Бірлік» атты

колхозына мүше болып кіреді. Осы жылы Ақмола облысы, Еңбекшілдер ауданындағы өзінің туған ауылы – Қожағұл ауында отырган отбасын көшіріп әкелді.

Сот ісіндегі құжатта өз қолымен жазған өміrbаянында осылай жазған.

Теміртастың сотталғаннан кейінгі өміrbаяны қай түрмеге қамалды, қай жылы қайтыс болды, бұл жағы әзірге белгісіз.

Мұхамедқали Ақмола облысының Зеренді ауданы, «Қазақстан» ауылында Марал атты баласының қолында тұрып жатыр. Бізге Мұхамедқалимен кездесудің сәті Жамбыл ауданының орталығы Преснов селосында түсті. Жамал атты қарындасынан туған Табылды Мырзагалиұлының үйіне қонаққа келіп жатыр екен. «Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді» дегендегі денелі келген, кезінде келбетті адам болғаны байқалса да сексеннің сенігріне шықкан жасы мен заманы салған ауыртпашилығы шөгеріп тастағаны көрініп тұр. Мұқан аксақалдың ашық мінезділігі арамыздагы әңгіме көрігін бірден қыздырып әкетуге мүмкіндік туғызды.

-Мен Біржан салдың Теміртас атты баласының отбасында 1927 жылы, Степняк қаласында туыппын. Бастауыш мектепті осы қалада бітірдім. Шешеміздің аты Күлжамила. Анамыздың Сағат, Сагит атты інілері болды. Осы екі нағашы ағаларымыз әке-шешеден жастай жетім қалған біздерге қызын уақытта пана болды.

Бір әке, бір шешеден бес бала тудық: Шаймерден, Шәріп, Мұхамедқали (мен), Мұхамеджан (Сарбас),

Жамал. 1938 жылы біздің отбасымыз Түмен облысы, Қазан ауданы, «Қызыл ту» колхозына көшіп келдік. Бәріміз колхозда жұмыс істеп күнімізді көрдік. 1942 жылы екі ағамыз Шәймерден мен Шәріп Ұлы Отан соғысына шақырылды, екеуі де соғыстан оралмады.

Мен 1942 жылы Ильинка деген селода тракторшы мамандығын алып, 1946 жылға дейін «Бірлік», «Лебедов», «Үлкен Дубинин», «Кіші дубинин» селоларында тракторшы болып істедім.

Біржан сал атамыздың домбыра тарту өнері Мұхамеджан інімізге дарыған еді. Мұхамеджан (Ел ішінде Сарбас деп аталып кеткен) домбыра тартумен бірге колдан домбыра жасайтын. Ол жасаган домбыра шешен болатын, көп адамдар алыстан келіп қалап алатын еді. Сол домбыраның бірі біздің үйде кейінгі уақытқа дейін сақталды.

1941-1942 жылдар біздің отбасымыз үшін ауыр жылдар болды. Әкеміз Теміртас сотталды, екі ағамыз Шәймерден мен Шәріп бірінен соң бірі соғысқа алынды, бұрыннан аурушаң Құлжамила анамыз қайтыс болды. Елсау зиратына жерленді.

1946 жылы мен әскер қатарына шақырылып, үш жыл қызмет еттім. Осы арада бір айта кететін дегенім, мен жасым бойынша 1945 жылы соғысқа алынуым көрек болатын. Қазір Петропавл қаласында тұратын Зағыпар Байқуанышев селолық Кенесте жасымда бір жылға шегертіп, соғыстан алып қалды.

Үш жыл әскерде болып елге оралсам, Сарбас ініме

жала жабылып, Тұмennің тұрмесіне қамалыпты, сол тұрмеде қайтыс болды. Жастай жетім қалған Жамал қарындастым көрнекті азamat Ғайсаның Мырзағали деген баласына ұзатылып, Ресей мемлекетінің Мәкөшін ауданына қаасты Куриное селосына көшіп кетіпті. Мен де ел маңына оралып, аудан орталығы Пресновта, Преснов совхозында, Айымжан ауылында тракторшы, машина жүргізуі болып істедім.

1952 жылы Күлзейнеп Нұрахмет қызына үйлендім. Отбасымызда 4 бала: Шәріп, Орал, Серік, Марал атты балалар өмірге келді.

1965 жылдары Айымжан аулынан Көкшетау жеріне қоюыс аудардық, - деді өмірдеректері жайлы Біржан сал немересі Мұхамедқали аксақал.

-Әкеңіз Теміртас, інісі Қалкен туралы не айтар едініз.

-Екеуі де әкелеріндегі болмағанмен домбырага қосып ән айтып отыратын. Екеуі де денелі елден ерекше болатын. Қалкен кәмелеттік жасқа толғаннан бастап, өмірінің сонына дейін Степняктың шахтасында жұмыс істеген. Атақты шахташы болып «Ленин орденімен» марапатталған. 1932 жылы қайтыс болып «Майке» дейтін жерге жерленді. Қалкен әкеміздің жолдасы Рақия анамыз ұзақ жасады, қайтқалы 5-6 жыл ғана болды. Шежіреші адам еді, Біржан атамыз жайлы көп білетін, кезінде жазып ала алмадық.

Әкеміз Теміртас батыр тұлғалы, өжет, қайсар мінезді, балуан адам болған екен. Бурабайда су диірмені

болыпты. Бидайды, ұнды біраз жерге дейін арқалап тасиды екен. Басқа адамдар бір қап бидайды бірнеше рет дем алып әзер жеткізсе, әкеміз екі қап бидайды екі қолтырына қыстырып, дем алмай жеткізген. 1941 жылдары жалған жала жабылып, Петропавл қаласында түрмеге қамалды. Сол түрмеден елге оралмай қайтыс болды. Түрмеден 1945 жылы шығып, елге қайтыс болды деген әңгімелердің бәрі бекер.

Өмірден өтер алдында халық жазушысы Сәкен Жұнісовпен жолығып:

-Сәкен інім, Ақан сері туралы жазғаның да біраз жыл болды, біздің атамыз осы уақытқа дейін зерттелмей келеді, ертеде Ақан серіден кейін қолға алармын дегенің бар еді ғой, - дегенімде марқұм:

-Айтқан сөз әлі орнында, өмірдеректерін жинастырып жүрмін, - деп еді. Сол жолы маған: «Әкен Теміртас 1941 жылы Петропавл қаласында сотталып, сол жерде атылды» - дегені бар еді.

-Ал, Мұқа, өзінізде атадан қалған өнер қаншалыкты? – дегенімізде, көп ойланбай:

-Осындай сұрактың болатынын біліп мына бір домбыраны бабына келтірген болып отыр едім, - деп домбыраны қолға алды.

Біржан салдың соңғы өлеңі «Теміртас, Асыл, Ақық - қарақтарым» деп айтылатын өлеңінен бастап, «Біржан сал», «Айтбай», «Жанбота» әндерін нақышына келтіре орындауды.

Жасы сексеннен асса да әлі де жарықшақ түспеген

даусынан текті әншілігі байқалады. Шамалауымызша Біржан салдың біраз өлеңдерін орындаиды екен. Мұхамедқали ақсақал өзі ғана емес, әншілігінің де алтынның сынығы екенін байқатып түрғандай.

НҰРЖАН МЕН АЙЫМЖАН СҰЛУ

ХVІІІ ғасырдың басында Еділ қалмактарымен қоса түрікпендер де қазақ жеріне, әсіресе, Кіші жузге шабуыл жасап, елді тонап, малдарын айдал әкетіп отырғанын тарихтан білеміз. Осы жауларға тойтарыс беру үшін біздің терістік өнірден Керей-Уақ қалың қол ұйымдастырады. Керейдің Еменәлі атасы қолын Жабай батыр, Қөшебенің Таузар атасы қолын Жанкісі Қөшекұлы, Жоламан атасы қолын Баянбай Ақшаұлы, Самай – Қапсыт қолын Айтбай батыр басқарады. Керей-Уақтың жалпы қолына Балта Керейдің қарт батыры Бақсары батыр Райжанұлы бас қолбасшы болады.

Еділ-Жайық бойынан қалмактарды қуып, түрікпендерден шауып алған малдарын қайтарып, кегін алған Керей-Уақ бір жолы елге үлкен олжамен оралады, құлдыққа көптеген түрікпендерді әкеледі. Ол кездегі үлкен олжа – құл әкелу. Өйткені байларға мыңдаған малдарын бағатын малшылар керек болған. Біздің өнірде тубін түрікпенмін дейтін адамдар осы уақытта келгенге ұксайды.

Баянбай Ақшаұлы батыр осы жолы олжалаган түрікпен құлдарына қазіргі Айымжан көлінің онтүстік-

батыс жағынан қоныс беріп, малдарын баққызады. Әуелде бес-алты үйлі ғана түрікпен ауылы жергілікті қазақтармен араласып, үлкен ауылға айналады. Жергілікті қазақтармен қыз алышып-берісіп қандары араласып кетсе де ауыл баяғы «Құл ауылы» деген аттан құтыла алмайды. Осы ауылда Мамыт атты аскан әнші, домбырашы, өнер адамы болады. Қожаберген жыраудың «Елім-ай», Жанкісі жыраудың «Бақсары батыр» дастандарын, тағы басқа қазақ қиссаларын шебер орындайды екен. Ел ішіндегі беделі сондай, бұл ауылды осы кісінің есімін «Мамыт ауылы» деп те атаған.

Мамыттың өнерпаздығы өзіне тартқан Айымжан атты жалғыз қызы болады. Жасынан зерек Айымжан ауыл молдасынан ескіше хат танып, одан кейін Болатнай медресесінде Сегіз серінің ағасы имам Қөрпеш Баһрамұлының алдынан оқиды. Әншілік өнерде әкесімен жиі араласып жүретін өнер адамдары Салғара Жанкісіұлы, Жанақ Қамбарұлы, Сегіз сері, Шагырай сал (Көшебе Шагырай), Жанат сері сияқты ақын, әншілерден үлгі алады. Сегіз серінің әндерін орындалап, елге таратушылардың бірі осы Айымжан сұлу болған екен. Айымжанды әкесі мен туыстары еркелетіп «Әйкен» деп атағандықтан ел ішінде осы атпен аталып кетеді. Айымжанның әншілігіне Сегіз сері де сүйсінген. Ел ішінде халық әні деп аталып кеткен «Әйкен-ай» әнін Сегіз сері осы Айымжан сұлуға арнап шыгарған.

«Әйкен-ай!» әнінің екі түрі бар. Соның бір түрі былай айтылады:

Құрамды ерді көріп, атқа салдым,
«Әйкенжан» деп атыңды хатқа салдым.
Аулыңа әдейлеп келген шақта
Қалайша бері жүрмей, тұрып қалдың?

Қайырмасы:

Әйкен-ай!
Кел, ойнайық, кел, кел-ай!

Есіме түскенінде шаш өргенің
Алыста көңілімді сан бөлгенім.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды
Жүрмісің, аман-есен көз көргенім?

Қайырмасы:

Домбыранды, Әйкен қызы, қолыңа алшы,
Біз келгенде сызылтып әнге салшы
«Сал-серілер келді!» – деп шат көңілмен
Қалқатай, аттан бізді түсіріп алшы.

Қайырмасы:

Қолаң шашың жібектей тарағанда
Ой түсірдің жігітке қарағанда.
Жерден алтын тапқандай куанамын
Әйткеншекте тербеліп ойнағанда.

Қайырмасы:

Ақылы мен өнеріне көркі сай Айымжан сұлуға көз
салушы жігіттер аз болмайды. Бала жігіт Біржан да

алғашқыда Нұржан мен Айымжан кездескенге дейін көнілі кетеді.

Жоғарыда жазылғандай Бертістен алты бала: Қараменде, Қараман, Қажабай, Қожағұл, Тәсібек, Қожамқұл туған. Осы алты баланың Тәсібек атты баласы басқа туыстары Қекшетау жеріне қоныс аударғанда елде қалады. Тәсібектен Ақшуақ, Байшуақ, Жаншуақ атты балалары болған. (Осы үш баладан тараған ұрпактар қазір де Жамбыл ауданы жерінде тұрып жатыр) Тәсібек балаларының қонысы Мамыт ауылымен іргелес болған. Біржан салдың ағасы Нұржан қажы осы туыстарына келіп жүргенде Айымжан сұлуға көзі түсіп ғашық болып қалады. Нұржанның алғашқы әйелі бір жыл отасқаннан кейін қайтыс болып, әйелсіз жүрген кезі екен. Ел аузындағы әңгі-мелерге қарағанда Нұржанның да ақындығы мен әншілігі Біржаннан кем болмаған. Өзінен екі жас үлкен ағасы Нұржанның Айымжан сұлуға ғашық болып қалғанын білген Біржан ағасына жол береді. Нұржан мен Айымжан қосылуға сөз байласады. Бірақ, дінді және қазақ салт-дәстүрін берік ұстайтын әкесі Тұрлыбай ұлықсат бермей: «Қора күзеттін құлағы кесік құл мен табаны тесік күннен тараған үйдің төрінде құда болып отыра алмаймын, құда болған жерім бар, бата бұзбаймын», - деп көнбейді. Дін жолына берік, әке сөзін тыңдалап өскен Нұржан қатты киналады. Әкелерінің айтқан сөзінен қайтпайтынын біletін Нұржан мен Біржан не істерін білмей Тәсібек және оның балаларымен акылдасады.

Ақылдаса келе Нұржанның әкесі Тұрлыбай орнына Тәсібек Айымжанға құда түседі, той күнін белгілейді. Тойға екі-үш күн қалғанда белгісіз біреулер Мамыттың үйде жоғын пайдаланып, түнде Айымжанды алып қашады. Ақылды қыз айласын тауып Есболдың шайтомарының тұсында зорлықшылардан сыйылып шығып, томардың ішіне кіріп кетеді. Ортасында сұы бар, жағалай шілік өскен томар ішінде тірідей қолға түспеуге бел байлаған қыз қашып жүріп сұы терен соқыр құдыққа түсіп кетеді. Бұны білмеген зорлықшылар қызды таба алмаған соң, еліне қайтады. Бұл оқиғадан хабарсыз ел ертеңіне іздеу салады. Біреулердің зорлап алып қашқанын сезгенмен, кім екенін білмейді. Құлақ жетер жерге хабар салады, ешкім білмейді. Бұл оқиғадан кейін арада бір жұма өткенде Киікбай шоғында отырған Балта Керей Жақып ағаш үй салу үшін Есболдың шайтомарына мүқ жинауға барады. Мүқ жинап жүріп соқыр құдық ішінде өліп жатқан Айымжанның денесін көріп, елге хабар береді.

Суга қалай кеткенінен хабары жок ел аза тұтып, Таузар Қапан дәңіндегі Қапан зиратына қояды. Сөйтіп, екі ғашық – Нұржан мен Айымжан сұлу қосыла алмай, арманда кетеді.

Болашақ женгесінің қайғылы қазасын аза тұтқаң Біржан «Айымжан сұлу» атты жоқтау өлең шығарған екен, сал өлеңнің ел аузында бір шумағы ғана сақталып қалған:

Сұмдардың құрығынан құтылам деп,
Сұлу қыз Айымжандай суға кеткен.
Нұржандай ағамызға қосыла алмай,
Қызылып қыршынынан ажал жеткен.

Бұл оқиға 1842 жылдың күздінде болады. Есболдың шайтомары осы оқиғага орай «Айымжан томары» деп аталып кетеді. 1897 жылды Айымжан томарына су түсіп, осы жылдан бастап томар қөлге айналады. 1929 жылды Айымжан көлінің жанында ұйымдасқан ауыл «Айымжан ауылы» деп атанған.

* * *

Бергіс әuletі шежіресінде таратылғандай Қожағұлдың Тұрлыбай атты баласынан Ержан, Нұржан, Біржан, Ақтанбай, Қанапия атты бес бала туған. Осылардың ішінде Ержан мен Нұржан дін жолын берік үстап, Меккеге бірнеше рет барып келген. Ержан қажыдан Мұхамеджан есімді бір ер бала қалған, одан арғы үрпағы бізге белгісіз. Нұржан қажыдан бір бала болып, сал-серілер қатарында болды деген деректер бар. Ахметжаннан Сары және Сыздық атты бала қалған, бұлардың үрпағы да белгісіз. Сәбит Мұқанов естеліктерінде Ахметжанмен кездесіп, сөйлескені туралы жазған болатын.

Тұрлыбайдың Ақтанбай, Қанапия атты балаларынан тараган үрпактар бар екені туралы деректер жоқ. Ержан қажының Мұқамеджан атты баласының есімі ел арасында кеңінен тараган көрнекті адам болған.

1870 жылдары Ержан мен Нұржан Меккеге қажылық парызын өтеуге барған. Сол сапарда Меккеде қыргыздың ең бай атақты манабы Шәбденмен бірге болып, екеуі айрылмastaй дос болуға аnt беріледі. Шәбдан манап жалғыз қызы Гүлинұрды Ержанның баласы Мұқамеджанға беруге уәдесін беріп, Мекке жерінде құдаласу рәсімін жасайды. Құдалық рәсіміне сол кезде Меккеге бірге барған Атығай – Жылғараның Әлібегі (1824-1909), Бесей қажы, Уақ – Құлкештің Мұқаны (1841-1915), Нұралы – Шәукер Әжімбетұлы (1849-1926), Балта Керей – Байеке Бабасұлы (1834-1917) тағы басқалар болады.

Ержанның құдасы Шәбдан Манап беделінің қандай болғанына жазушы Төлен Қаупынбайұлы «Қазак әдебиеті» газетінің 28.04.2006 санында басылған «Біржан сал Қарқараға қашан келді?» мақаласында орыс зерттеушісі С.Е.Дмитриевтің жазбасынан алған мынадай дерек келтіреді:

«Бішкек уезінде өткізілген Шәден Жантаевтың асына 40 мың кісі шақырылып, аумағы 30 шаршы шақырым жазыққа 2 мың ақ үй тігілді. Судың екі жағалауымен Шон Кепесінге шаңдатып, өрлеп келе жатқан аттылардың есебі жоқ еді. Аста ат жарысы, күрес, сайыс ойындары болды. Бәйгеге 172 ат косылып, 30 атқа бәйге тігілді. Верный уезіндегі Қастек болысынан келген балуан Максұтбай Жәкебаев белдескеннің бәрінің жамбасын жерге тигізіп, 30 сом, 4 жылқы алды. Асқа небір ақындар келді, домбыраға,

қобызға, қияққа, сырнайға сүйелмелдеп айтады. Солардың ішіндегі атақтылары Жамбыл, Қалмырза, Токтагұл, Өмірзак, Кенжеқожа еді». (Известия императорского русского географического общества». т.ю. 1912, стр.6).

1871 жылдың жазында Біржан сал Шәбден Манап құдасына (ағасы Ержанның құдасы) құдалыққа барған екен. Осы сапарында Қырғыз елін еркін аралаған. Ыстықкөл, Қарқара жайлауы қатты қызықтырды. Жетісү жерін де еркін аралайды.

Мен өзім Жетісуға барып қайттым,
Манабын жақсылардың көріп қайттым.
Қыздары Жетісудың сұлу екен
Жиғаным-тергенімді беріп қайттым – деген өлең
шумактары осы сапарында туған.

* * *

Сөз жоқ, осы зерттеу еңбегімізді оқып шыққан оқырман тарапынан жоғарыда жазылған деректер қайдан алынды екен деген занды сұрақ туады.


Біржан салды бала кездерінде, жасөспірім, бала жігіт шақтарында көрген, қолынан ет асаган кейбір қарияларды көріп қалғанымыз бар. Бұлардың ең жасы кішілері 1970 жылдарға дейін өмір сүрді. Жоғарыда айтылғандарды сол қарттардың өз аузынан естісек, біраз деректерді осы қарттардың естігендерінен алдық.


Біржан сал жайындағы деректерді бұрынғы Преснов ауданы Ұзынкөл ауылының тұрғындары Құсайын


Өтегенұлынан, Есмағанбет Бағаналыұлынан; Айымжан ауылдың қарт тұрғындары Нұрмұхамед Мұсайынұлынан (Сегіз серінің немересі), Мұқан Естемесұлынан, Жұніс Исаұлынан, Мақай Дүйсенбайұлынан; Ортақшыл ауылы тұрғындары: Қожақмет Жолкеұлынан, Сыйбала, Шәйпі есімді қарттардан; Баян ауылдың тұрғындары Теміrbай, Ғалы қарттардан; Қызылой ауылдың тұрғыны Күдербек Ысмайылұлы, Дүйсен Нұрпейісұлы; Ресейге қарасты Қорған селосының тұрғыны Мырзатай Тұяқұлы ақсақалдардан жазып алынды.


Қазір Біржан салдың Теміртас атты баласын көрген Загыпар Байқуанышев, Тұрғын Әшірбеков Петрапавл қаласында, Сермағамбет Барлыбаев Қызылжар ауданының Рассвет селосында тұрып жатыр. Айымжан ауылда тұрған Мұқамедқали Теміртасұлы мен Рождественка ауылда тұрған Жамал Теміртасқызын осы ауылдардың қарт тұрғындары тегіс біледі. Теміртастың Мұхамедқали, Мұхамеджан (Сарбас) атты балалары туралы қазір Петропавл қаласында тұрып жатқан Әбіл Жақаұлы мен Серікбай Қалиұлы қарттар біліп көргендерін жиі айтып отырады.

Біржан сал туралы кейбір деректер Республика-мызды танымал ауыз әдебиетін зерттеуші Қаратай Биғожиннің, Қазақстан жорналшылар одағының мүшесі Қайролла Мұқановтың жеке архивтерінен алынып жазылды.









БІРЖАН САЛДЫҢ ШЫГАРМАЛАРЫ

БІРЖАН САЛ

Баласы Қожағұлдың Біржан салмын
Адамға зияным жоқ жүрген жанмын.
Адамға анау-мынау бас имеймін,
Өзім сал, езім сылқым кімге зармын!

Жасым бар жиырмада, жасырмаймын,
Басымнан дүшпан сөзін асырмаймын.
Елімнің еркелеткен серісімін,
Сен түгіл патшаға да бас үрмаймын.

ЖАМБАС СИПАР

Ұшына орамалдың түйдім сусар
Көп жылқы көкалалы көлде жусар.
Кешегі ел қыдырған есер шакта,
Ән еді Біржан салған “Жанбас сипар”.

Деген соң біз қартайдық, біз қартайдық,
Белгісі қартайғанның серттен тайдық.
Қанекей, соныменен шыққан мүйіз,
Қасына сұлулардың көп жантайдық.

Берген соң тәнірім әмір, ақ бас болдық,
Бала мен ағайынға жақпас болдық.
Көрген соң көзі құрғыр шыдай алмай,
Ойланып адам ебін таппас болдық.

АЙТБАЙ

Атымның қақ тұрады сауырына,
Қос тепкі салып келем бауырына.
Қолынан шай құйдырып ішейік деп,
Келеміз Айтбай сұлу ауылына.

Мамекен, Айтбай десем, күлімдейді,
Сұр жорға астындағы сүрінбейді.
Ақкудай аспандағы жұз құбылтып,
Сал Біржан ән салуға мұдірмейді.

ЛӘЙЛІМ ШЫРАҚ

Ләйлім шырақ дегенде, Ләйлім шырақ,
Таудан аққан құм қайрақ сен бір бұлак.
Қайыс болсын, жіп болсын, неге керек,
Шідерімнің бағасы қырық қысырақ.

Өзіме бер, шідерімді тауып алсан,
Елу теңге берер ем, сүйінші алсан,
Жерде шіріп қалса да өзіме бер,
Шыбын жаным қиналсын, бітім алсам.

КӨЛБАЙ – ЖАНБАЙ

Аржақта отыратын Көлбай – Жанбай,
Шідерімді кім алды, Ләйлім алмай?
Балағы шідерімнің алтын еді,
Асығыстан барамын сұрай алмай.
Көлбай-Жанбай, тыңдашы, асыл тасым –
Біте қайнап, бірге өскен замандасым!
Көктен жел, жерден шайтан әкеткен жок,
Ұрлап алған өзінің карындасын.

Сегіз би сиезіне бердім жөнге,
Шідерімді таң қалар көрген пенде.
Шідерімнің бағасын сұрасаныз,
Бағасы болады оның жұз мың теңге.

Көлбай-Жанбай, дегенге, асыл сүйек,
Бір тәңірден мен жүрмін тілек тілеп,
Форымын шідерімнің сұрасаныз,
Саф күмістен балағы, алтын тиек.

ШІДЕР

Көлбай, Жанбай дегенге Көлбай, Жанбай,
Шідерімді кім алды кыздар алмай.
Шідерімнің бағасы алтынмен тең,
Ақырында қоймаймын сенен алмай.
А-ха-ей, шіркін-ай сенен алмай.

Шідеріме сен, Қөлбай, қылма зорлық,
Шідерсіз ат тұрмайды, о да корлық.
Ат-көліксіз қалам ба, шідерім жок,
Шідер үшін сендермен араз болдық.

Өзі жалғыз, өзі асау күрен тәбел,
Жексем арба, мінсем - құс, жүрер жедел.
Сатпаймын да бермеймін еш адамға,
Қолқа қылсан басқаны ал, шідерді бер!

ЖАНБОТА

Жанбота, осы ма еді өлген жерім,
Кекшетау боктығына көмген жерін?
Кісісін бір болыстың біреу сабап,
Бар ма еді статьяда көрген жерін?

Жанбота, өзің – болыс, әкең – Қарпық,
Ішінде сегіз болыс шенің артық.
Өзіндей Азнабайдың поштабайы
Қолымнан домбырамды алды тартып.

Тартса да, домбырамды бергенім жок,
Есерді поштабайдай көргенім жок.
Қамшымен топ ішінде ұрып еді,
Намыстан, уа, дариға, өлгенім жоқ...

АДАСҚАҚ

Созады Біржан даусын қоныр қаздай,
Басқаға бір өзіңнен жүрмін жазбай.
Бас қосқан мәжілісіміз болады деп,
Жанбота, мазамды алдың ала жаздай.

Біржанды өзің қойдың еркелетіп,
Салады Біржан әнді ентелетіп.
Есерге поштабайдай көз алдында,
Біржанды қойғаның ба желкелетіп?

БІРЖАН САЛ АҚЫН

Жігітке кедейшілік ол – сергелден,
Жоқ болса жалғыз атың, өлгенмен тен.
Үйіне құрбының келіп, құр аттанса,
Не керек дүниеден үміттенген.

Шешеннің сөз шығады таңдайынан,
Жұмақтың бізге мекен қандайынан?
Бар болып, байлар кімді асырайды,
Әркімнің жазған алла маңдайынан.

ОРЫНБОР

Жігітке жарамайды ызакорлық,
Дауысқа келмесе де, еттім зорлық.
Бозбала, баса білсен, осы әнге бас,
Аңызым жаңа шыққан орынборлық.

Қолыма алып бердің қу қарағай,
Не болды даусым саған сырғанамай.
Күлмеймін, ойнамаймын десемдағы,
Барады өтіп дәурен бір қарамай.

Домбыра алдым қолға сегіз перне,
Қызығы бұл шіркіннің тартқан жерде.
Қолға алып әрлі-берлі тартқанымда,
Жаны жоқ қеудесінде адам дерге.

МӘТІ-ДӘУЛЕН

Ар жақта керей, уак, Мәті-Дәулен,
Сайланған жігіттікке бұл бір дәурен.
Ішінде осыншаның формың артық,
Жаратқан құдай артық, жалғыз сәулем.

АЛТЫН БАЛДАҚ

Қолыма асынғаным алтын балдақ,
Мен келдім Өсемкөрді суға жалдалап.
Құйрығын екі-екіден талдалап өріп,
Қылмитып мініп шықтым қалқаға арнап.

Болғанда кешке жақын апақ-сапақ,
Алдынан шықты сәулем бейне шапақ.
Кигені қара қамшат оқалаған,
Басында бір шоқ үкі бұлғалақтап.
Атымның шаужайынан ұстай алды,
Мен кеттім со қалқаны сөзбен алдалап.

ТЕЛҚОҢЫР (III түрі)

Телқоңыр қайтып кетті елге таман
Ит-құстан баарар ма екен есен-аман?
Ит-құстан барған болса есен-аман,
Дау-жанжал, бұліншілік елім жаман.

Жібердім Телқоңырды елге бар деп,
Жұруге бұл маңайға жолың тар деп.
Жаныма бағалаған жануарым,
Шығардым осы әнімді саған арнап.

КӨКЕК

Аты жоқ құс болады көкек деген,
Алдында терезенің сектеген.
Ойымда үш ұйықтасам, бар ма менің
Айрылып сені, сәулем, кетед деген.

Кім сүймес шешек атқан көкек айын,
Бейне жаз, менің сүйген сәулетайым.
Ақ қалқам отыр ма екен, жатыр ма екен,
Ей, көкек, ұшып барып білші жайын!

Шекене селдіретіп айдар тағып,
«Көкек» деп бос жүргенше секен қағып,
Қосайын өле-өлгенше мен әніме,
Қалқадан хабар әкел, ұшып барып.

АҚСЕРКЕШ

Бір атты сатып міндім елу беске,
Болмайды, шапсаң дағы қара кешке.
Бозбала, бекер сал боп неге керек,
Салып қал, шын сал болсан «Ақсеркешке».

Бәйгеден озып келген атты алайын,
Ер жігіт сынамай ма бақ-талайын?
Жиылды үлкен-кіші отырғанда,
Толқытып «Ақсеркешке» мен салайын.

Жем жейді қара арғымак тұрт дегенде,
Аяғын жекей басар қық дегенде.
Жерлерге үш айшылық болады азық,
Аузынан жан қалқаның үп дегенде.

СОҚПА-АЙ – СОҚ

Мінезі жүйрік аттың, соқпа-ай – соқпа,
Айтамын мен өлеңді осына-ай топқа.
Сөйлеп қал, қызыл тілім, өлмей тұрып,
Өмірің біразырақ бар ма-ай, жоқ па?

Ал десе, еркін жүйрік ағындаған,
Ақылға кейбір надан бағынбаған.
Жігіттік – бойға таққан бір гауһар тас,
Қартайсан, қайта айналып табылмаған.

АҚТЕНТЕК

Қызы едің Актентектің шұға, мақпал,
Әржерде сабырлы ерді тәнірім сақтар.
Көңілің бір-біріңнен болса асыл,
Ауылын сұлу қыздың жігіт жақтар.

Қызы едің Актентектің Ажар атың,
Ешкімнен кейін емес салтанатың.
Алыстан ат терлетіп келіп едім,
Жұрмісің аман-есен, перизатым.

ТАЛАЙ ЗАМАН

Мен Біржан болғалы талай заман,
Пар келмеген еш әнші тіпті маган.
Бір сұлу қыз найманда бар дегенмен,
Бек мұқтаж бір көруге болдым соған.

Мен Біржан болғалы биыл емес,
Өлең шіркін, біздерге қыын емес.
Алты қырдың астынан ән шырқасам,
Дауысым отарбадан кейін емес.

«Кідік-айға» кім басар, мен тұрғанда,
Аузымда тәнірім берген жел тұрғанда.
Қырғын көктің баласы ойдық желке,
Құйысқаны сарт етер үмтүлғанда.

Қарайып қара көлде қамыс қалды,
Ауылы ғашық жардың алыс қалды.
Ауылы ғашық жардың алыс қалып,
Сағынғаннан қараумен көзім талды.

* * *

Ер жігіт дүниені көргені артық,
Дүниеде не бар-жоғын сезгені артық.
Тұскендей аспан жерге іс болса да,
Бел байлап, тәуекел деп төзгені артық.

Қол берген қызын жерде жолдас артық,
Бас тартқан жолдасынан оңбасы артық.
Өзінмен бірдей жанып, бірдей күйген,
Досыннан – қатын-балаң болмас артық.

Жігітке сайран етіп жүрген артық,
Жігіттік бір кеткен соң, келмес қайтып.
Дүниеде үйде жатып босқа өлгенше,
Жан-тәнің бірдей жанып күйген артық.

Осылай бозбалага салдым нұсқа,
Өмірің зайды болар бекер босқа.
Көргенің бір күнгідей болмас сірә,
Міне, ажал келді нәубат деген тұста.

ТЕМИРТАС, АСЫЛ, АҚЫҚ – ҚАРАҚТАРЫМ

Ал, дүние, өтерінді біліп едім,
Білдірмей серілікпен жүріп едім.
Бұл күнде арық қойдан бағам кейін,
Үш жүзді сайран қылған Біржан едім.

Қарасу есік алды лайланды,
Бай қылмақ, кедей қылмақ күдайдан-ды.
Қамзолдай қысқа пішken дөңгеленіп,
Дүние өтерінде шыр айналды.

Ағаш үй от жаққаным қобылап пеш,
Құдай-ау, ғапу етіп қүнәмді кеш!
Теміртас, Асыл, Ақық – қарастарым,
Байлаулы арқандағы қолымды шеш.

Теміртас, Асыл, Ақық қалдың зарлап,
Ежелден мирас екен зарлап қалмақ.
Көз көрген құрбыларға сәлем деңдер,
Дүғасын оқи берсін әдейі арнап.

Ел кездім көртөбелмен арықтатып,
Жақсыға сөз сейледім анықтатып.
Үш жүздің ортасында Біржан едім,
Бұл күнде қойды құдай шалықтатып.

Теміртас, Асыл, Ақық балдан тәтті,
Кем қылмай өсіріп ем салтанатты.
Әкең ем аяйтұғын жаңың ашып,
Шешсеңші, білегіме арқан батты!

АТЫҒАЙ ЕЛІНІҢ АДАМДАРЫНА АЙТҚАНЫ

Атығай, қайран елім, қоныстасым,
Бар еді құрбы-құрдас, шын мұндастым,
Құданың құдіретімен уақыт жетті,
Барады алыс жолға гаріп басым.

Сәлем айт Атығайдың баласына-ай,
Жасы кіші, жасы үлкен ағасын-ай.
Ортанда тұрлендіріп ән салғанда,
Біржанға қалуышы еді таласып-ай.

Сәлем айт құрбы-құрдас замандасқа,
Көп еді мұңдастарым ауылдаста.
Саулықта ойнап-куліп жүретүғын
Мұншылдық түсіп түр ғой гаріп басқа.

Қазғанмен су шықпайды қыр басынан,
Бір іліксе сөз қалмайды сау басыннан.
Ер жігіт бір қисайса оңалмайды,
Басында жаңылған соң тәубесінен.

АЙБОЗЫМ

Айбозым, айхай, бозым-ай, даңғыл бозым,
Ел шалғай жете алмадым жалғыз өзім.
Сүйікті сүйіскенде сағынғаннан,
Талады қарай-қарай екі көзім.
Өзіңмен теңдес құрбың болмаған соң,
Өтеді-ау енді кімге айтқан сөзін.

АЛҚАРАКӨК

Ал Ертіс тасығанда кемерленген,
Ер жігіт бейнет тартса не көрмеген.
Ақ құйрық фамильный шай секілденген,
Көзіңнен айналайын бедерленген.

Қайырмасы:

Алқаракөк,
Шықсын сәулем,
Нұр жайнап,
Шәйі орамал бір байлап.
Санаменен сарғайып,
Сағындым, сәулем, сені ойлап.

Шалқып бас аяғынды құла жекей,
Айрылма домбырадан тіл көмекей.
Сайраған орта жүзде мен бір бұлбұл,
Ән салған, күйін тартқан кескен көкей.

Қайырмасы.

ӘПІШКЕ

Жайлауы еліміздің – мидай дала,
Түріндей масатының күрең ала.
Ел кезіп, өз үйіме оралғанда,
Мұндасып, көңіл ашар Әпіш қана!..

Жылама енді, анасы, сен де бекер,
Біржанға уақыт жетті алыс кетер.
Артымда жастай қалған құлыштарым,
Тірлікте әлі-ақ бір күн, өсіп кетер...

БУРЫЛТАЙ

Таңбасы жоқ, ені жоқ бурылтайдың,
Сағасы өткел бермейді терең сайдың.
Құба жонға шоқытып шыға келсем,
Жұрты жатыр, өзі жоқ, қалқатайдың.

Қайырмасы:

Ахай, айдай,
Жариям, айдай.
Достың көңілін қалдырма,
Қыз қалқатай.

Қамшы бастым, асыға бурылтайға,
Өткел бермей тоқтадым терең сайға.
Жұрт жанғыртып, орнынан бір күн тұнде
Қалқатайдың ауылы кетті қайда?

ҒАШЫҒЫМ

Дариға дүниеге неге келдім-ай,
Келдім де, бір жаманың сонына ердім,
Сене алмай, сендім дерге дос таба алмай,
Екенін өмір фәни енді білдім.

Қайырмасы:

Ғашығым, асылым,
Қайғыңменен-ай жасыздым.

Ғашығым, тағат-сабыр ете алмаған,
Мұратқа көп ізденіп жете алмаған.
Қайырса кек қаршыға қаз алмайды,
Жібекті жүн қылады туте алмаған.

Қайырмасы.

ЖАЛҒЫЗ АРША

Қарқаралы басында жалғыз арша,
Жатқа жүйрік сол қалқа мұсылманша.
Кішкентайдан бірге өскен сәулем едің,
Ғұмырың аз ба, көп пе, әлде қанша?

Өттің жалған,
Кештім, сайран.

Уа, шіркін бозбала.
Жастықтың әсерімен,
Салдым сайран.

Көл жағалай бітеді көкше құрақ,
Ән салмағың қайда еді Ләйлім шырак.
Қозыбайдың үйінде мәжіліс боп,
Әні еken Біржан салған жайма-шуак.

ЖОНЫП АЛДЫ

Аты еді бүл әнімнің «Жонып алды»,
Алғандай сұлу жонып өрім талды.
Жасымнан сүйіп айтқан ән болған соң,
Жаңылмай әлі күнге есте қалды.

Жан едім әсем әнді сүйіп айтқан,
Жағымды көпке бірдей жұрт ұнатқан.
Келетін нақышына жұз құбылтып,
Кейде өрлеп, кейде шалқып, баяулаткан.

Кім сүймес, кекке өрлеген әсем әнді,
Көңілдің күйін шерткен көркем, сәнді.
Болғандай бойға қуат, ойға азық,
Балқытып еріткендей тербел жанды.

КЕРКЕКІЛ

Астымда Керкекілім бұландаиды,
Сұлу қыз кербезденіп сылаңдайды.
Ауылын сүйген жардың іздеп бармай,
Көңілім еш уақытта тына алмайды.

Жадағай-жайсыз жерде жүре алмаймын,
Жадырап сенсіз жерде күле алмаймын.
Жасымнан ғашық болып, сүйген сәулем,
Басқаны бір өзіңнен біле алмаймын.

ҚАЛАМҚАС

Мен жаздым сәлемдеме Қаламқасқа,
Сүйгенім болмаған соң сенен басқа.
Бір жауап құрбысына қайтарар деп,
Жалынып мұнымды айттым сұлу шашқа.

Қайырмасы:

Қаламқас, қалдың кейін, мен не дейін,
Баарармыз дәм бұйырса, кешке дейін.

ОН ЕКІ ЗВОД

Шалшық су құдық болмас қазбаған соң,
Сауырдан ат өте алмас саздаған соң.
Жете алмай мұратыма болдым ғаріп,
Әуелде тағдыр өзі жазбаған соң.

Қайырмасы:

Беу, өттің дәурен,
Еттім сайран,
Жігіттік дағуасына қалдым қайран.

Қазғанмен су шықпайды тау басынан,
Бір іліксе сөз кетпейді сау басыңнан.
Ер жігіт бір қисайса түзелмейді,
Әуелде жаңылған соң тәубесінен.

Қайырмасы:

ОН САУСАҚ

Домбыра күйі келер бұрауменен,
Келмейді сөз жүйесін құрауменен.
Гүлденген бәйшешектей шіркін жастық,
Келмейді кайта айналып сұрауменен.

Ай! Он саусагым бір баспай,
Жүрмін қалай жер баспай.
Жиын тойдың ішінде,
Ән салушы ем осылай.

Мінеки келіп қалдық талай жасқа,
Ағарып нышан кірді сақал шашқа.
Отыз бен қырық бестің арасында,
Отырдың, сөзің ортак кәрі-жасқа.

Келгенде сөз жүйесі іркілмеймін,
Жорғадай жолға түскен бұлкілдеймін.
Келгенде осынау жасқа кәрілік женіп,
Секілді ақбас бура күркілдеймін.

Сұрасаң төрт момынның жүйрігімін,
Үш жүздің алға ұстаған түйғынымын.
Баста емес, аяқта емес осы күні,
Ноқтаның жуан сағақ тұғырымын.

СЫРҒАҚТЫ

Ақ түйғын құс қолымда сырғақты ма,
Басып-басып алайын ырғақтыма.
Бозбала, саған айтар өсietім,
Жақын жүр әлпештеген ардақтыға.

Жанып тұрған жас өмір, ал қызыл гүл,
Сипаттауға қызығын жетпейді тіл.
Жауқазын – желбірген жастық шағым,
Өмірдің мағынасына түсіне біл!

АХАУ, АРИ-АЙДАЙ

Ахауга мен салайын ари-айдай
Артымда құрбыларға сөзім қалды-ай.
Үш жүздің баласына еркеледім,
Әншілік бұдан артық болсын қандай?!

Ахауга мен салайын он екі алуан
Сөзімде менің айтқан жоқ қой жалған.
Арасын Орта жүздің аралап ем
Өтерсің бізден дағы-дуние жалған.



НҰРАЛЫ ШЕЖІРЕСІ

КЕРЕЙ ШЕЖИРЕСІ ТУРАЛЫ

Керей шежіресін алғаш үрпаққа мұра етіп қалдырган Ашамайлы Керейдің Қөшебе руынан шыққан атақты Толыбай сыншының экесі Дәулен Таузарұлы болған. Бұл шежіре содан қолдан – қолға өтіп жүріп ақыры Дәулен батырдың жетінші үрпағы Сегіз сері Баһрамұлына жеткен. Сегіз сері оны одан әрі дамытқан. Сегізден кейін бұл шежірені жинап жалғастырган Тәшмұхамед (Тәштит) Тәбейұлы Барлыбаев болған.

Керей руының ата қонысы жайлы Қожаберген жырау Толыбай сыншы ұлы өзінің «Ата тек» деген дастанында былай дейді:

«Атанған бабам Ғали – Ашамайлы»,
Өсірген мындал тайлақ, құлын-тайды.
Сібірге үрпақтары қоныстанып,
Ел болып ерте кезден қанат жайды.

Шалқар көл, ну орманды Сібір жері,
Сібірді мекен еткен Керей елі.
Егін сап, күн көрудің қамын ойлап,
Бас қосып кенес құрган би мен бегі».

Ғали (Ашамайлы) шежіре бойынша IX ғасырда өмір сүрген адам. Керей руының мекендеген жері жайлы Қожаберген жырау «Елім-ай!» атты дастанында да:

Мекендер Тобыл, Ертіс екі арасын,
Қазақтың қүйге бөлеп ен даласын.

Сауықшыл Ота жұздің Керейі едік
Үш жұздің жат көрмеген еш баласын, - деген.
Қазақ шежіресінде Керей руы былай таратылады:

Керей – Ошыбай Керейден бір бала – Мәң-
ліқаған. Одан екі бала – Арыстанбек, Асланбек. Арыс-
танбектен бір бала – Наурызхан. Одан екі бала – Ғали
(Ашамайлы), Меркіт. Ғалидан – Бағдат батыр. Одан
екі бала – Төбей, Қөбей. Төбей биден екі бала – Бабай,
Әзизбек. Әзизбектен бір бала – Тұрсынхан сардар.
Одан үш бала – Жарғак, Балдақ, Қоянбай. Жарғактан
– екі бала – Қажыхан, Қазихан. Қажыханнан бір бала -
Әлмұхамед. Одан үш бала – Уызбек, Уызхан, Уызбай.
Уызбектен – екі бала – Қанай, Жанай батырлар.
Жанайдан бір бала – Бағлан би. Бағлан би осы күнгі
Солтустік өнірдегі көп Керейлердің тұп атасы болып
есептеледі. Бағлан бидің бейіті Ресейдің Қорған облы-
сының Половинка (Ақсиыр) ауданына қаасты
Звериноголовка (Бағлан) қалашығының тубінде, Тобыл
өзенінің жағасындағы Керей тоғайында жатыр. 1928
жылға дейін ол жерде атақты Бағлан жәрменекесі
болғаны тарихтан мәлім. Бағлан би өз заманында қазақ
халқының айтулы көсемдерінің бірі болған.

Бағлан бидің Бопай есімді әйелінен Архад, Фархад,
Сарымұрат туады. Фархад батырдың Гүләндам есімді
әйелінен үш бала – Танаш, Аббас, Манас туады.

Танаш би Фархадұлы өзінен жасы кіші Өзбек ханға

ақылшы болыпты. Сейтіп, ол өз заманында Алтын Орда хандығының көрнекті адамы - әділқазы би атаныпты. Танаш бидің балалары: Балға, Балта, Едіге батырлар әр кезеңде Мамай, Тоқтамыс хандардың әскер басы қолбасшысы болған. Кейін олар Ақсақтемірдің әскерін басқарыпты. Едіге батыр Әмір – Темір әскерінің тобын бастап жаумен соғысып жүргенде ауыр жарапанады. Ол сарбаздарына өзін Ұлытаудың ең биік шынына жерлендер деп өситет етеді. Ақыры солай жерленеді.

Танаш бидің Манас есімді інісі майданда қаза болады да оның келіншегі Сәлиман жесір қалады. Ақылды бәйбіше Айша ұрпақ көбейту мақсатымен қайнысының әйелі Сәлиманды өз ақсақалы Танаш биге қосады.

Танаш биден 16 бала туады, оның он бесі – Балға, Балта, Едіге, Емен, Есен, Аман, Аспан, Ақпан, Сапу, Қантар, Орал, Одақ, Орман, Көшебе, Мамыр – Айша бәйбішеден, біреуі – Тарышы Сәлиманнан туады.

Танаш би өзінің үлкен баласы Балғаға Сібір татарының begi Ағайынбектің қарындасы Фалия сұлуды әпепеді. Одан Әзім есімді жалғыз ұл туады. Әзім туғаннан кейін көп ұзамай Танаш бидің әйелі Айша ел жайлауға көшкенде көш үстінде босанып ұл туады. Баланың атын көшіп келе жатқанда туды деп Көшебе қояды. Ел жайлауға көшіп барғанда Танаштың інісі Аббас батырдың әйелі Бәтиха да босанып ұл табады. Оның атын жайлауда туды деп Жайлаубек қояды. Әзім туғаннан кейін екі шешесі де ұл тапты, арты құтты болды деп женғелері Әзімді «сыйлы» бала деп, содан

Әзім «Сыйбала» атанып, келе – келе «Сыйбан» атанып кеткен. Керейдің Сыйбан руы осыдан тараган.

Танаш бидің ортаншы баласы Балта батыр әртүрлі мұсылман халқынан 11 сұлу қызды атастырып алған екен. Солардан ол 47 үл көріпті. Осылардан тараган ел Балта Керей атанған.

Керей елінің кара шаңырағы Танаш бидің бәйбішесі Айшадан туған кейінгі үлдарының бірі – Көшебе батырда қалған екен. Көшебенің 11 – ші ұрпағы Қожаберген жырау ер Көшебе туралы былай дейді:

Арғы атам ту ұстаган ер Көшебе,

Қай батыр тең келіпті Көшебеге.

Қазактың кейінгі жас батырлары

Жұрт ұстап, Көшебедей менгере ме?

Шежіреге, тарихи деректерге, Қожаберген жыраудың «Ата тек», «Баба тіл», «Елім-ай!» дастандарына сүйенсек, Көшебе атасынан тараган жұрттың ата мекені Омбы, Ертіс өзендерінің бойында болған. Шешіре бойынша Көшебе батыр бір соғыста ауыр жаралып, оны ауылға үлкен баласы Жауынгер мен сарбаздары наизаға салып алғып келеді. Қазіргі Омбы қаласы орналасқан жерге жерленген.

Қожаберген жырау «Елім – ай!» дастанында

Оқ атып дамыл бермей қалмақ елге,

Сын болды қол бастаған біздей ерге.

Шегіне ұрыс салып ақырында,

Тірелдік Танаш көл мен Аббас көлге.

Бекініп екі көлдің арасына
Шатырды тігіп судың жағасына.
Отырдық Көшебе орман қойнауында
Жауынгер дәрі жағып жарасына.

Болса да ерлігімен көпке мерей,
Мылтықсыз әлсіреді біздің Керей.
Тоқтаттық Есілкөлде қалың жауды,
Үздіксіз шабуылдан есе бермей, – деген.
Осы өлең жолдарында аталған жер-сулар, орман –
бәрі Омбы қаласының маңында.

Көшебеден 15 бала – Жауынгер, Жәдігер, Жанқорыс, Жазы, Жомарт, Жарқынбек, Жанат, Жауғашты, Жалайыр, Жандарбек, Жантелі, Жұмат, Жаған, Жанәбіл, Жанкелді туады.

Жауынгерден тараған ел Үлкен Көшебе, немесе Жауынгер Көшебе деп аталады. Себебі, Жауынгер Көшебе батырдың бәйбішесі Балумаржаннан туган тұңғышы екен. Ол туралы Қожаберген жырау «Баба тіл» атты тарихи дастанында:

Көшебенің тұңғышы
Жауынгер баба ер болған.
Темірдің қолын басқарып,
Мұсылманға бел болған.
Жауынгерден өрбіген
Үлкен Көшебе Керейде, - деп жазған.
Балта мен Балға (Сибан) балаларынан қорлық көріп
жапа шеккен Жауынгер Көшебеұлы өзінің Жарқын,

Жәдігер, Жанкөрпе, Жазы есімді төрт інісін және Тарышыны ертіп, бабасы Бағлан бидің зираты (қазіргі Қорған облысындағы Звериноголовка селосы, яғни бұрынғы Бағлан жәрменекесі орналасқан жер) маңына барып қоныстанады.

Тоқсан биден қалған осы аңыз - әңгіме ақиқаттан алыс та емес. Жоғарыда аталған адамдардың кейбіреулердің ұрпағы осы уақытқа дейін сол аталған жерде тұрады.

Бізге жеткен тағы бір аңыз – Танаштың келіндей алған әйелі Сәлиман жас босанып, ұл бала туғанда, Айша Бәйбіше оған Тарышы деп ат қойып: «Бұл балаңың ұрпағы тарыдай көп болып, өсіп - өне берсін!» - деп ақ батасын беріпті. Айша Бәйбішенің аузы уәлі болса керек, сол кісінің батасы да, тілегі де қабыл болып, Танаш бидің артында төрт ұлының ішінде Тарышыдан көп елдер тараған. Солардың бірі Ақсары керейден тараған Қантай атасының ұрпағы.

Таратып айтсақ, Тарышыдан бір бала – Шимойын, Шимойыннан 3 бала: Естияр, Достиар, Есжияр. Достиардан 3 бала: Ысмайыл, Есмағұл; Ысқақ. Ысмайылдан 5 бала: Ақсары, Жамансары, Күрсары, Матақай, Тезағай.

Қазіргі Солтүстік Қазақстан облысындағы Керейлердің көпшілігі (Самай, Балта, Көшебе керейлерден басқалары) Тарышының Ақсары атасынан тарайды, Күрсарыдан тарайтын ұрпақтар Омбы, Ақмола облыстарында қоныстанған.

Матақай, Есенбақты, Нұрымбет, Көшебенің Әлменбет аталары негізінен Қостанай облысында тұрады.

Тезағайдан тарайтын ұрпактар: Самай, Қапсыт, Шағалақтар, Еменәлі керейлермен, Сибан, Балта, Көшебелермен бірге Солтүстік Қазақстан облысында тұрып жатыр.

НҰРАЛЫ ШЕЖІРЕСІ

Құрметті оқырман! Қолдарыңызға тиіп отырған Нұралы шежіресін құрастыруға бастамашылық жасап, баспа шығынына демеушілік жасаған Ресейдін Тұмен қаласында тұратын, Нұралының Көшек атасынан тараган Кәрім қажы Жалмақанұлы.

Қазақ дәстүрі бойынша жеті атасын білмеу үлкен ұят іс, кемшілік болып табылған. Бұрындары қазақ елінде ауыл-селолар, қалалар жоқ кезінде рулық әдіріс үшін де қажет болып, қоғамдық қызмет атқарған.

Әр адам өзінің қайдан шыққан тегін білгісі келетіні – табиғи құбылыс. Бұрындары бұл іс басқа халықтармен салыстырғанда қазақ халқында тереңірек орын алған. Қазақтың әрбір азаматы өзінің азаматтық борышының бір ретінде баласына жеті атасын білдіруді міндettі деп санаған. Бұл дәстүр Кенес үкіметі саясатында ұлт-шылдық деп танылып, жоғалып кетуге жақынады.

Жеті атасын білу дәстүрі бір жагынан өзінің ата-басын, яғни өз тарихын білу рөлін атқарып, екінші

жағынан отбасын құрудагы аралық норманы, яғни туыс жағынан алғанда қайсы буынға дейін қыз алысып, қыз беріспеудің нормасын, меже-мөлшерін анықтайтын шеңбер де болған.

Туған елінің, жерінің тарихын білу, атабабаларының дәстүрлі өнегесін үйрену, одан ғибрат алу адамды көркейтетін қасиеттер екені белгілі. Осы кітаптың жазылуы осындаі ізгі ниеттен туындал отыр.

Қолымыздағы деректер бойынша Керей руының Нұралы атасы шежіресі былай таратылады.

Танаш бидін Тарышы атты баласынан Шимойын туады. Шимойыннан – 3 бала: Естияр, Есжияр, Достияр. Достиардан – Ысмайыл, Ысмағұл, Ысқақ. Ысмағұлдан – Жалбыр, Жалпақ. Жалбырдан – Еменәлі, Иманәлі, Бегалы, Ералы, Сералы, Шералы туады. Иманәліден – Нұралы, Нұрымбет, Нұрлыбай. Нұралыдан – Батыр, Бабыр, Бадыр. Батырдан – Ережеп, Кенже. Кенжеден – Кешек, Көбек, Көбдік. Көшектен – Жапак, Жанғұл, Думан, Жәкен, Рысқұл. Көбектен – Жанболат, Ертіс, Бертіс туады.

Қазір осы жоғарыда аталардың ұрпақтары Нұралы руын құрайды.

Иманәлінің Нұралы мен Нұрымбет атты балаларының ұрпақтары ру болып жіктелулеріне дейін, яғни XVIII ғасырдың аяғына дейін қоныстары бірге болған. Қоныстары бұрынғы «Бағылан», қазіргі Звериноголовск қаласының маңы болған екен.

1745 жылдары орыс отаршылдары бұл жерлерін

тартып алғасын Жанғұлы (Кәрім Жалмақанұлының атасы), Бертіс (Біржан салдың атасы) бастаған Нұралы және Құрман (Марал ишанның әкесі) бастаған Нұрымбет атасының ұрпактары Қостанай облысына қарасты Аманқарағай орманының Күнгей жақ жартысы мен сол маңдағы Қайранқөл (Әулиекөл), Қандықөл, Сулықөлдердің жағасындағы ормандарды қоныс қылады.

1790 жылдары Аманқарағай орманы өнірінде жаңбыр жаумай құргақшылық болады, орман өртеніп, көлдер суалып қалады. Нұралы, Нұрымбет ауылдары майдарын қыстаратын жер ізделп, қазіргі Жаңажол ауылына қарасты Елтінжал, Бұркеутал жерлеріне қоныс аударады. Нұрымбеттер жұттан айығып қомданып алғасын, қайтадан Аманқарағай жеріне көшіп кетіп, азшылығы Нұралылармен бірге қала береді. Бұлар 1930 жылдары колхоздастыру кезіндег қазіргі Ақбалық ауылының терістігінде «Нұрымбет» атты колхоз ұйымдастырады. Бұл ауыл 1960 жылдардың сонына дейін болған.

Нұралылықтар қоныстанған «Бұркеу» жерінін әсем табиғатына қызыққан орыс отаршылдары бұл араға қала тұрғызып, Пресногорьков және Преснов бекіністері арасында тағы бір бекініс салуды ойлап, Нұралыларды бұл жерден қуа бастайды. Нұралылардың біраз аталары Көшебе жеріне (Майбалық, Кенже ауылдары жерлеріне), Бертіс ұрпактары Көкшетау жеріне, Бабыр ұрпактары Қорған облысының Макушина ауданы жеріне көшуге мәжбүр болады. (Бұл жөнінде «Біржан

салдың белгісіз ғұмыры» тарауында көнірек жазылған. С.Ж.).

Омбы архивінің «По устройству Аманкарагайского округа» Қор 3, тізім – 12, іс – 17681 құжат бойынша Аманқарагай кейін Құсмұрын аталған округіне бес болыс болған. Олар: Матақай – Самай Керей болысы, Сибан Керей болысы, Еменалы Керей болысы, Баржақсы – Жансары Уақ болысы, Қанжығалы болысы. Нұралы руы Еменалы Керей болысына қараған. Еменалы болысына қараған рулардың үй саны 1839 жылы төмендегідей болған. Алдай – 215, Қантай – 190, Таз – 57, Дәүлетімбет – 87, Бике – 178, Нұралы – 176, Нұримбет – 85, Ескене-Қасаболат – 35, Мадияр – 41.

Бұл болыстың жайлауы: Нарәлген, Сарой, Алыпқаш, Талдықөл, Аббасшілік, Үшкөл, Мендеңе бейіті, Ақсуат, Қак, Қоралы, Шүрегей, Құмдықөл, Жарнайық, Байқотан.

Қыстауы: Жылқыалған, Жабайқыстау, Сыздығаш, Найзакөл, Бұланбай, Айдағаш, Қоржынкөл, Тұйғынқашқан, Ұзынқызыл, Масалы, Қатақтығаш, Құрман, Жабы, Тайлақағаш, Сарымсақ қыстаған. Шертай қыстау, Айырлықөл, Жанай, Қарабиғаш, Сулықөл, Майлышағаш, Бекетай қыстау, Токтағаш, Қосмола, Қоскөл, Қатен, Шарбакты, Коржынкөл, Құттыбай қыстаған, Қараөткел, Құдықағаш, Ұялысор, Сарыоба, Қорғантерек, Байғаш, Ащысор, Босықағаш.

Нұралылар Кенес үкіметі кезінде Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Кенже, Майбалық

және кейін Благовещенка, Ольговка селоларына шоғырлана қоныстанды. Одан кейін қоғамда болып жатқан өзгерістерге байланысты, және халықтың ауылдан қалаға қоныс аудару үрдістеріне орай әр жерге шашырай қоныстанды. Көптеген нұралылық отбасылар Преснов селосында, Петропавл қаласында, Ресей мемлекетінің Корған, Түмен, Омбы облыстары жерінде тұрып жатыр.

Біз бұл кітабымызда барлық нұралылықтардың шежіресін жаздық дей алмаймыз. Бұл мүмкін де емес. Руын «нұралы» дейтін көшілік жастар, жастар ғана емес ата сақалдары аузына біткен егде адамдардың өздері 3-4 атасынан әрі білмейді. Бұл атадан шыққан шежіреші қарттар жоқтың қасы. Ең жаман жері көпшілігі аталарын бітуге ұмтылмайды, ата-тегін танып бітуге қызықпайды. Дөрекілеу айтсақ, мәңгүрт болудың алдында ғана тұргандарымыз бар екен. «Шежіре жазудың қажеті қанша» дегендер де болды. Сондықтан көптеген аталардың шежіресі жазылмай қалды.

Шежіренің жазбаша емес, ауызша жеткендігінен қателіктер де болуы мүмкін. Авторлар жиналған шежірені салыстырып, саралауда көп қыындықтарға кездесті. Қазақ салтында бір адамның төл құжатында бір есімі, халық аузында аталаған кеткен екінші есімі болатыны бар. Сондықтан бір адам екі кісі болып жазылып кетеді. Бұл жағы да қыындық туғызды.

Нұралы руынан есімдері елге танымал атақты адамдар шықты. Атап айттар болсақ есімі алты алашка

жайылған, бүкіл бір ұлттың мақтанышы, үш жұз төбесіне көтерген сал-сазгер, әнші Біржан сал мен филология ғылымының докторы, Қазақстан халық жазушысы Темірғали Нұртазин, Социалистік Еңбек Ері Төлебай Мұстафиндер Нұралы руының Кенже атасының ұрпақтары.

Мекке Мәдинаға бес рет сапар шеккен, өніріміздің атақты дін таратушы мешіт-медресе салдырыған Шәукер қажы Әжімбетұлы Нұралының Көшек атасынан тараиды. Қазақстан Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің генералы, туған ауылы – Майбалық ауылында мешіт-медресе салғызыған Ерлік Серікбайұлы Тайжанов Нұралының Бабыр атасының ұрпағы.

Майбалық ауылында көп жылдар бойы мектеп директоры болған, оку-ағарту ісінің үздігі Тауқұдіретов Әлғали Нұралының Бабыр атасының ұрпағы. Қызылжар қаласындағы «Латэм Север» құрылыш ЖШС-ның президенті, облысымыздың көрнекті азаматтарының бірі Нұртаев Болат Бекенұлы Нұралының Сарт атасының ұрпағы.

Осы кітапқа енген Нұралы руының шежіресін жинауға көмектескен Майбалық ауылының тұргыны Сұлтанов Романга, Қайыр және Болат Нұртаевтарға, Қызылжар қаласының тұргындары Қасенова Қауана Таймасқызына, Майсатаев Серікбайға, Буксиков Амангелдіге, Ғалеев Әлібекке авторлар атынан раҳметімізді айтамыз.

ШӘҮКЕР ҚАЖЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫ

Нұралы руының шежіресі бойынша Кенжеден Көшек, Көшектен – Жапақ, Жанғұл, Думан, Жәкен, Рысқұл бес бала туады. Жанғұлдан Әжімбет жалғыз туады. Әжімбеттен Сагындық, Шәүкер, Байбатыр, Таласпай, Уақбай. Қазіргі Әжімбеттің ұрпақтары осы бес баладан тараған. Әжімбет кезінде Нұралы руының көрнекті адамдарының бірі болып ел басқарған екен. Патша үкіметінің жандарымдары Нұралыларды Бүркеу жеріне (қазіргі Жаңажол ауылы жері) қуғанда Көшек атасының ұрпақтарын Қөшебе жеріне (қазіргі Майбалық ауылы, бұрынғы Кенже ауылы жері) қоныс аударуға басшылық жасаған адамдардың бірі – осы Әжімбет болыпты.

Көшектің жогарыда аталған бес баласының ұрпақтары қазіргі Майбалық ауылының онтустік-батыс жағында Жоламан Қөшебенің Күйке атасының ұрпақтарымен қатар қоныстанды. Қашанда жер-су аттары тарихқа куә, тарихи уақыгаларға дерек болып қалады. Қазір осы арадағы «Ақсары керей», «Таймас қыстауы» деп аталған жерлер сол уақыттан бері атын сақтап келеді. Қөшебе керейдің жеріне іргелесе қоныстанған нұралылықтар өздерін бөліп «Ақсары керей» елі деген. «Таймас қыстауы» деген атауға тоқталсақ, Таймас Молдалиұлының ұрпақтары қазіргі Майбалық ауылында тұрған, Нұралы руының Бабыр атасынан тарайды.

Әжімбетұлы Шәүкер (1849-1926) өте зирек болып туыпты. Алдымен ауыл молдасынан оқыған 12 жасар

Шәукерді сол кездегі маңайдағы үлкен діни оқу орны Уфаның медресесіне оқуға береді. Бұл оқу орнын үздік бітірген жас Шәукер Троицк қаласындағы атақты Зейнолла қазіреттің, Марал Ишанның баласы Қалкен қазіреттің муриді болып, тәрбиесінде болыпты.

Шәукердің әкесі Әжімбет те Жоламан Қөшебе Көшербайдың Аңдамасынан (1824-1903) кейінгі осы өнірдің атақты байы екен. Жылқысының саны он мыңнан асқан, «Ірбіт шапқан» саудагер болыпты. Осыншама байлық жинаған Әжімбет жоғарыда аталған бес баласын шақырып алып: «Балаларым, жасым болса келіп қалды, денсаулық та жоқ. Осы уақытқа дейін дүние-нің қызығын да бір кісідей көрдім. Ішімде бір арманым кетіп барады. Ислам дінінің бес парызының бірі – қажылық парызымды өтей алмадым. Өздерің білесіндер, малымның жетпегендігінен емес, Меккеге бару үшін рұқсат қағаз, төлкүжат алу қыын болды. Омбы, Түмен, Қызылжар қалаларына ұлықсат қағаз үшін талай бардым, сәті түспеді. Және де бұған дейін қазақ, қырғыз халықтары Меккедегі мұсылмандар тізіміне жазылмай қалған көрінеді. Сондықтан қазақ пен қырғыздың өкілдерін қасиетті орынға құлышылық етуге жібермеген. Барғандар ұлттарын жасырып бұқаралық, ташкенттік сартпыз деп қуәлік алып барған. Енді рұқсат етіліпті. Орта жүзге 45 орын беріліпті. Дәүлетті көтеретіндерге Қызылжар оязынан хабар келген көрінеді, тізім ішінде мен де бар екенмін. Менің жағдайымды көріп отырсыздар, менің орныма уәкіл қажылыққа біреуің баруын

керек, - деп балаларына қарайды. Балаларының үлкені Сағындыққа қарап: - Сен не айтасың? – дейді.

- Ішіміздегі оқығаны да, тоқығаны да көп Шәукерғой, бұл қажылық сапарға Шәукердің барғаны жән деп ойлаймын, әке, - дейді Сағындық.


Басқа балалары да Шәукердің баруын мақұл көреді.

- «Кеңесіп пішken тон келте болмас» деген ғой, өзім де бұл сапарға Шәукержанның барғанын ұнатып отырмын. Оның үстіне осы маңайдың адамдарын бастап апаратын Көшербайдың Аңдамасы ағаларың маған келіп: «өзініздің бұл сапарға бара алмайтынызызды көріп отырмын, өзініздің орныңызға Шәукерді жіберсеніз қайтеді. Шәукердің оқығаны көп, араб, орыс тілдерін біледі, бізге жолбасшы да болар еді – деп еді», - дейді Әжімбет балаларына.

Шәукер Әжімбетұлы осылайша Аңдамаспен бірге Абайдың әкесі Құнанбаймен сапарлас болып, орта жұз қазақтарымен Меккеге барады.

Енді – осы Шәукер қажы қатысқан орта жұз қазактарының қасиетті жерге қалай жетіп, қалай қонақ үй салғызығаны туралы әңгімелейік. Орта жұз қазақтары жолда ат тұяғын күйдірген шөлден, құс қанатын талдырған таудан, тұпсіз терең сулардан өтіп, азып-тозып Меккеге жетеді. Меккеде өзге елден келген мұсылмандардың жататын қонақ үйі болады екен. Үйсіз-күйсіз босып жүрген тек қана қазақтар мен қыргыздар. Кейде арабтардың үйін уақытша жалдап тұрады, кейде көше бойына қонып қалады, көргендері азап болады. Осыны

Шәуекер қажы әuletі



Кәрім қажы Жалмаханұлы



Әжімбет пен бәйбішесінің бейіті



Шәүкөр қажы бейіті



Гүлзар Адильханұлы

Меккеге бірге барған
Хамит қажы



Бұлғанғұлы Сұрхадарғы Рахим

Меккеге бірге барған
Нұрлан қажы




Шәкен Элімқызы



Нұрзипа, Кәрім қажының
жолдасы



Дүйсен Нұрмұқанұлы бәйбішесімен бірге



Шәүкөр қажы мешіті үйі



Кәрім қажы немересі Нұрланмен бірге



Шәүкөр қажы мешітінің ашылу салтанаты





Шәүкөр қажының немересі Жұмагұл Бигайшамен бірге




Өзбектің отбасы



Құсайынның отбасы



Жапар Қадырұлы баласы Ерменмен бірге



Қасен, Нұржамал, Бибігүл Иерусалим қаласында



Ұрысты Көрімқызы



Сүлеймен Қабдоллаұлы



Жапар Қадырұлының үйлену тойы



Ермектін үйлену тойында



Нүрлән мен Бибигүлдің отбасы



Асылбектің отбасы



Досымбектің отбасы



Жанаттын отбасы



Кәрім қажы балалары мен немерелерінің ортасында



Қайраттың отбасы



Тұрсынбай мен Жаңыл

Нұралы атасының көрнекті азаматтары



Өбу Баймырзаұлы. Кенес-партия қызметкери



Әшім Мұздыбайұлы.
Көп жыл ұстаздық
қызмет аткарған.



Зағыпар Байқуанышев. Нұралы атасының көрнекті азаматы.

Төлебай Мұстафин.
Социалистік Еңбек Ері



Ерлік Тайжанов.
Ұлттық қауіпсіздік
комитетінің генерал-майоры

байқаған Көшебе Керей Андамас мырза Көшербайұлы бір тайлақ пен дөнен шығар жылқы сатып алып, сойып, бір үйге қазақ қажыларын қонак етеді.

«Жалғанда қорлық қазақтың жататын үйінің жоктығы екен. Дүние, малды несіне жинап жүрміз? Өлсек, ертең бәрі қалады. Ретті жерінде кәдеге жаратқанға не жетсін. Мұны айтып отырғаным, осында келген қазақ қажылары шілдің қындағы пышырап, әркімнің үйіне қонып жүрміз. Бұл ат арытып, тон тоздырып келгенде атымызға лайықсыз іс. Біздің соңымыздан талай жұрт қажылыққа келер. Олар біздің кебімізді кимесін. Сондықтан қазактарға арнап үй салдырайық. Мен асында қалып, іс қылуға бекініп отырмын», - дейді (Рахымжан Отарбаев «Меккедегі төрт үй» «Парасат» 1992 жыл, № 1). Бұл әңгімені жазушы Отарбаев он екі ата байұлының Жаппас руынан шыққан қажы Мінайдар Жарасбайұлының архивінен жазып алыпты. Осынау Андамас мырзаның сөзіне Құнанбай, Жансары уақ Түйте Нұрекеұлы, атығай Қосшығұл Шопанұлы, Мінайдар Жарасбайұлы, Шәукер қажылар бой көрсетіп, макұл көреді. Дұрыс сөзге бас изейді. Баска қажылар: «Акшамыз сарқылды, елге аман-есен жетсек болды», - деседі. «Содан бес қажы Меккенің әкіміне жолығып, бес үйдің орнын, құрылыс материалдарын сұрайды. Алғашқы екі үйдің орнын жасымыз үлкен деп Құнанбай мен Түйте иеленеді. Үшінші үйдің орнын қара шаңырақтың иесімін деп Мінайдар иемденеді. Андамас, Қосшығұл, Нұржан Тұрлыбайұлдарына (Бір-

жан салдың ағасы), Шәукерлерге бір үйдің орны қала-
ның шетінен тиеді. Құрылысқа қажетті заттар да осы
ретпен бөлінеді. Үйдің іргетасын салғанда Түйте қажы-
ауырып, қайтыс болады. Өлер алдында ол кісі бар қара-
жатын Аңдамасқа тастайды. Түйтепінің басына Аңдамас
күмбез соктырып: - «Түйте Нұрекеұлына күмбез сок-
тырушы керей Аңдамас» деп жазылған тас қойғызады.
Бұлардың ішінде қалталысы да Аңдамастың өзі екен.
Сонымен қазақ қажыларына арналған бір мәрмәр, үш
кірпіштен салынған төрт үй бітеді. Әркім өздері сал-
дырған үйдің мандайшасына аты-жөндерін жаздырады.
Меккедегі шаруа реттелген соң Аңдамас жанындағы-
ларға Мәдинеден салдырайық деген. Бірақ Құнанбай,
Мінайдар, Қосшығулдардың қаржылары азайған екен,
шамалары көтермейді. Сосын Аңдамас жанындағы 45
нөкерін ертіп барып, Мәдинеден 75 адам еркін сиятын
үй сатып алышп, оның да мандайшасына өз атын жазып
қалдырыпты». («Меккедегі төрт үй»).

Мекке мен Мәдинада салынған қонақ үйлердің
негізгі шығынын көтерген Аңдамас болғанмен құрылыш
жұмысын басқарған Шәукер қажы екен. Өйткені, осы
сапарда қажылыққа барғандардың ішінде Шәукер
қажығана араб тілін біліпті.

Республикамызға танымал жазушы Дүкенбай Дос-
жан «Абайдың рухы» атты ғұмырнамалық ой-толғау
еңбегінде («Жұлдыз» журналы. № 11.2008 жыл. 12 бет)
Аңдамас туралы былай деп жазады. «Сонда араб шәлі-
нің төсінен қазактардың қамын жеп үй салғызып жүр-

ген Аңдамас кім? Руы керей, 1824 жылы туган. Қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданына қарасты «Күйгенқыстау» деген жерде дүниеге келіпті. Мұсылманша хат таныған. Орысша жазып, сөйлей білген. Қалада сауда дүкенін ұстаған, келелі түйесі, он мын жылқысы болыпты. Ауылында мешіт, медресе салғызған, зергер етікші ұстаған. Жәнипа есімді қызын тігіншілік, ұлын қолөнер кәсібіне баулиды. «Алда-жалда дәulet қайтса, ұлым да, қызым да бейнет көрмей, өз беттерімен күнелтсін деп қолөнер үйреттім. Құдай осы құнді көпсінбесе, онда екеуі де өздеріне қызмет еткен адамдардың қадірін білетін болады», - деп уәде айтады еken. Елін жарыққа сүйреп көп жақсылық жасайды, гаріп-ғасірге мал бөліп береді. 1903 жылы 79 жасында қайтыс болады. Бейіті қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданындағы Алыпқаш деген көлдің жағасында, Сарыоба деген жерде көрінеді».

Аңдамас пен Құнанбайлардың Меккеде қонақ үй салуының тарихи шындық екенін анықтай түсу үшін Дүкенбай Досжанның жоғарыда аталған еңбегінен одан әрі үзінді келтірейік. «Бірінші естелікті айтқан кісі «Әкемнің аузынан естідім» деп шежірелеген Мұқатайұлы Раҳметолла. Бұл әнгімede қазақ қажылары үшін арқа еті арша, борбай еті борша болып, меспен су тасып жүріп жер сұрап алған тама руынан шыққан Нұрпейіс хазірет. Екінші естелік архив шаңының арасынан алынды, оны жарыққа шығарған жазушы Раҳымжан Отарбаев, барша әнгіме сол деректен тарқатылып

жазылғаны мәлім. Мұнда Меккедегі қонақ үйіне арналған жерді алуға және үй салуға күш салған Аңдамас Көшербайұлы болып суреттеледі. Екі әңгіменің де тоғысар тұсы – уақыт кезеңі, тәкия жайдың (қонақ үйдің) 1870 жылдардың басында салынуы, осынау қажылар түсетін ғимарат үйдің біріне Құнанбайдың иелік етуі еді. Қалай айтсақ та, Құнанбай заманынан иығы оза туған, қолы ашық, елі үшін қам жиген қарымды, қажырлы кісі. Аңдамас Көшербайұлымен жат жерде мұндас, сырлас, қанаттас болғаны тағы мәлім.

...Сөз ретінде айта кетелік, 1992 жылы 8 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев араб елдерін аралап қайтқан сапары бойынша республика теледидарынан сұхбат өткізді. Сонда бір көрермен «Меккедегі Құнанбай үйін көрдіңіз бе?» – деп сауал қойған еді. Сонда Президент: «Көрдім, сол тарихи тәкия жайды жөндеп қалпына келтіруді ойластырған жөн» – деп, ізгілікті ойды сабактап өтті. Елбасының бұл елкеурініне тындалап отырган халықтың баршасы риза болды». («Жұлдыз». № 11. 2008 жыл. 13 бет).

Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда Мекке мен Мәдинаға Аңдамастар тобы салғызыған қонақ үйлер, әрине, бір сапарда бітпеген, тастан қашап салған үйлердің құрылышы бір жылда бітуі де мүмкін емес. Сондықтан Шәукер қажы әкеден балаға жеткен әңгімелерге қарағанда, Мекке мен Мәдинаға бес рет сапар шегіп, қонақ үй құрылышын тәмамдатқызыған екен. Өкі-

нішке орай, 2002 жылы шыққан «Қазақстан қажыла-ры» кітабында бұрынғы және 1904 жылдан 1914 жылға дейінгі біздің облыстар қажылыққа барған адамдардың тізімі республикалық архивте болмағандықтан толық жазылмай қалған.

1913 жылы Петропавл уезінен Меккеге қажылыққа барғандардың толық емес тізімі:

Қарабек Қожакелдин, Алтын Көкенов, Абылай Рамазанов, Жамал Жылқыбаев, Қожала Ниязов, Оспан Даныбаев, Әбен Шоқаев, Баймағанбет Түгелбаев, Хасен Берденов, Мұстафа Иманқұлов, Сыздық Жарқынбаев, Үбірай Байтілеуов, Бектас Шоқпытов, Оспан Асанов, Андамас Айdosов, **Шәүкөр Әжімбетов**, Төрек Жұзенов, Исабай Қосшыбаев (Улгі ауылы), Мұстафа Тобықов, Әлжан Айсарин, Қонақ Қанов, Жанболат Құдеров, Үбірай Нұржанов, Сыздық Қажынғалинов, Ташит Мұбірепов, Ержан Құдабаев, Даulet Темірбеков, Рамазан Шертікбаев, Мұхамет Байтекеев, Мырзахмет Қожахметов, Бексұлтан Шошақов, Бабасан Тәшімов, Адабай Баянбаев, Жұманбай Жанаев.

Жоғарыда жазғанымыздай қазақ халқының атақты адамдарының бірі, ұлы Абайдың әкесі Құнанбай қажымен пікірлес болған Андамас Қөшербайұлы туралы де-ректеріміз жеткенше тереңірек айтар болсақ, Андамас 1824 жылы туып, 1903 жылы қайтыс болған. Қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, Майбалақ ауылына қарасты «Күйген қыстау» қонысында өмір кешкен.

Руы – Керей, Керей ішінде Жоламан Көшебесі Айдабол атасынан тарайды. Айдаболдың үш әйелінен жеті бала: Күйкей, Айдос, Байдос, Жанқосқа, Мәлдірке, Маймақ, Бибора туады. Айдостан Көшербай, Көшербайдан Андамас туады. Қазір осы адамдардан тараған ұрпактар Майбалық, Благовещенка, Сәбит ауылдарында, Қызылжар қаласында тұрып жатыр.

Жоғарыда айтылған Айдабол атасынан тараған ұрпактардың ауылы кейін «Күйкей» ауылы деп аталып кеткен. Күйкей ауылы мен Нұралылардың Ақсары Керей деп аталған ауылы көрші орналасқан. Колхоздастыру кезінде нұралылықтар «Кенже», Күйкей ауылы (көшебелер) «Майбалық» колхозына біріккен, колхоздастандырудан қашқандары Ресей жеріне қоныс аударды.

Жоғарыда «Жұлдыз» журналында жазылғандай Андамастың зираты Тимирязев ауданындағы Алыпқаш деген көлдің жағасында емес, Жамбыл ауданындағы «Қайранкөл» атты көлдің жағасында Сарыоба зиратына жерленген. 2007 жылы осы зиратқа ұрпактары Андамас Көшербайұлына және тағы басқа атакты адамдардың есімі жазылған ескерткіш тас орнатты. Діни мереке күндері ұрпактары осы қорымға келіп мінажат етіп отырады.

Жазушы Рахымжан Отарбаевтың деректері бойынша Андамас мұсылманша хат таныған, орысша да сауатты болған деседі. Омбы, Түмен, Қорған, Челябі, Екатеринбург, Тобыл, Іргіт, Бағлан (Звериноголовка), Сулымұрт (Мокроусов) секілді 14 қалада сауда дүкенін

ұстаған. Келелі түйесі, 10 мың жылқысы бар, ақшалы бай болған. Ауылында медірессе, мешіт салдырган. Өте қайырымды адам болыпты.

Андамас Қөшербайұлы ұрпақтарының бірі, Солтүстік Қазақстан облысы мұрағаттар комитеті төрағасының орынбасары Ахметжан Кәрімұлының шежіресі бойынша Аңдамастан Жәнипа атты қызы, Тұртай (Тұрмаганбет), Тайым атты ер балалар қалған. Қазір осы балалардан қалған ұрпақтар бар.

Шәукер қажының Мекке мен Мәдинаға сапар шеккенде бірге болған сыйлас, пікірлес адамы Аңдамас туралы ел ішінде жатталып қалған көп әңгімелер бар.

* * *

Қазіргі Майбалық ауылының оңтүстік-батыс бетіндегі нұралылардың Ақсары керей, Таймас қыстауы, бұрынғы Кенже ауылының жері халықтың дәuletінін артуына, үй санының көбеюіне байланысты тарлық ете бастайды. Өсірессе, жылқының саны 7-8 мыңға жеткен ірі саудагер бай Әжімбетке жердің тарлығы тіпті сезіледі. Батыс Сібір Шекара комиссиясына арыз жазып, қазіргі Украинск селосының оңтүстік жағында он шақырымдай жерде «Телпек» атты жерді сұрап алады. Бұл жерге Шәукер қажы ұрпақтарымен бірге жақын ағайындары Кендіrbай қажы, Қапсытбай, Мұса молда шанырактары бірге көшеді. «Телпек» атты жерді алу туралы мына бір әңгіме сакталыпты.

Жер бөлуге келген чиновниктердің біреуі әйелімен

келген екен. Мұса молда өте айлакер адам болса керек, чиновник әйелін оңашалап, алтын білезік, алтын сақиналарды қолына қыстыра қояды. Сөйтіп бөлінген жерді екі есе қебейтіп алыпты.

Мекке – Мәдинаға бес мәртебе сапар шеккен Шәу-кер қажы осы «Телпек» атты қоныста және қазіргі Українск селосының орнында уақ-шоға қоныстанған «Молалы» ауылында мешіт-медіресе ашып дін уағызыдаумен айналысады. Сол өнірдегі «Ақкусак» болысының бас имамы болған. Манайына Жұбанышов Омар, Майлышбаев Құлбай, Саматаев Абайдолла, Тілеп-алдинов Мұхамедияр сияқты ауыл молдаларын топтастырып осы болысқа қарасты ауылдарда дін оқуын үйымдастырды. Кейін молдаларды қудалау кезінде 1937 жылы жоғарыда аталған молдалардың бәрін қамауға алды.

«Телпек» атты қоныста Шәукер қажы ұрпактары 1928-1929 жылдардағы колхоздастыру кезеңіне дейін болды. Ауылдың біразы жаңадан құрылған Майбалық және Кенже колхоздарына кірсе, біразы Ресей жеріне қоныс аударды. Телпек қонысында осы әuletтердің зираттары бар. Осы зиратта Әжімбет Жанғұлыұлы бәйбішесімен, Шәукер қажы Әжімбетұлы жерленген. Бейіттері басына ескерткіш тас орнатылған. Ұрпактары сонау Тұмен қаласынан жыл сайын келіп, мінажат етіп отырады.

Қоғамда болып жатқан түрлі өзгерістерге байланысты қазір Әжімбет Жанғұлыұлының төрт баласынан

тараган ұрпақтар әр жерде тұрып жатыр. Сағындықтан тараган ұрпақтары Қостанай қаласында, Шәукер қажының ұрпақтары Ресей мемлекетінің Түмен қаласында және Алматы, Астана, Петропавл қалаларында тұрып жатыр. Байбатыр ұрпақтары Жамбыл ауданының Майбалық ауылында, Таласпай ұрпақтары Ресейдің Қазан ауданы және Петропавл қаласында тұрып жатыр.

* * *

Шәукер қажының кейінгі ұрпақтарының өмірі жайлы қазір Түмен қаласында тұратын Шәукер қажының Жалмақан есімді баласының баласы Кәрім қажы былай дейді.

- Кенес үкіметінің 1928-1929 жылдары еріксіз коллек-тивтіру ісін бастағанын тарихтан жақсы білеміз. Бай дегендердің малдарын тәркілеп, өздерін жер аударды. 1928 жылы алдымен ірі байларды, одан кейін орташа бай дегендерді тәркіледі.

Біздің Төңкеріс ауданы бойынша ірі бай ретінде тәркіленген екінші ауылдан Әлтиев Садуақас, үшінші ауылдан Арбабаев Әбдір, төртінші ауылдан Рамазановтар отбасы болды. Байларды жер аударса, кедей дегендерді еріксіз колхоздарға біріктірді. Нұралы атасының ұрпақтары бөлек «Кенже» колхозын ұйымдастырган болатын. Телпек ауылының біраз адамдары осы Кенже колхозына, біразы сол кездегі Төңкеріс ауданының орталығы Майбалық ауылына, азғана тобы қазіргі Украинск селосының орнында болған Молалы, кейін

«Ленин жолы» колхозы атанған колхозға бірікті. Біздің Телпек ауылы осылайша тарай бастаған уақытта әкем Жалмақанды ірі байдың, Меккеге 5 рет барып келген діни адамның баласы деп сенімсіздік білдіріп, құғындағы бастайды. Сол уақытта Төңкеріс ауданының бір мемекесінде басшы қызмет істейтін жана шырып бір адам әкемізді орташа байлардың қатарына қосып, жер аудармақ болып жатқаны туралы хабар жеткізеді. Әкеміз бір тунде ауылдан қашып кетуге мәжбүр болады. Ауылдан кеткенде менің бір жастан ғана асқан кезім екен. Шешем марқұм бесіктен шықпаған кезің болатын дейтін. Қадыр ағамыздың 5-6 жастағы кезі екен. Ауылдан кеткесін Түмен қаласының маңындағы ауылдардың малын бағып күнімізді көрдік. Солтүстік Қазақстан облысынан шыққан қазактар бірігіп қазақ колхозын ұйымдастырып, біраз жыл осы колхозда еңбек еттік. Күнкөріс оңайға түскен жоқ. Әкеміз қайтыс болды, 1944 жылы Қадыр ағамыз әскерге алышып, 5-6 жыл жүріп келді. Осы кезде бар ауыртпашилық Ұмынай анамызыға түсті. Маған да еңбекке ерте араласуға тура келді. Соғыстан кейінгі жылдардағы ағайынды үшеуміздің өміріміз жаман болған жоқ. Біреуден кейін, біреуден ілгері деген сияқты өмір кештік. Отбасылық өміріміз де жаман болған жоқ. Жүрек қалауымен тәрбиелі адамдармен отбасын құрдық. Өмірге балаларымыз келіп, қызыққа бөлендік. Ұлдарымызды ұяға, қыздарымызды қияға қондырып, құдандылы болдық.

Жоғарыда жазғанымыздай «Телпек» атты қоныста

аталас ағайындар Кендіrbай қажы, Мұса молда, Қапсытбай және біз Әжімбет әuletтері бірге болып, тағдырының жазғанын бірдей көрдік. Осы қоныста Шәүкөр атамыз мешіт-медресе салғызып, осы маңайдағы елдердің діни орталығы болып, балаларын оқытып дәрежесі артып тұрған уақыты да болды. Кейін колхоздастыру кезінде Кенес үкіметі малдарымызды тартып алышп, діни уағыз жүргізушілер деп қуғындай бастағанын да осы әuletтер бастарынан бірге өткізді.

Ата жұртыймызды тастап, талай қынышылықтарды көріп, Ресей жеріне қоныс аудардық. Сол қын уақыттағы аталарапымыздың бір-біріне деген достығын, бірлігін әкемнен талай рет естігенім бар. Қазір солардан қалған ұрпақтардың үлкендерінің бірі ретінде аталарапымыздан қалған бірлікті кейінгі ұрпақтарымыздың жалғастыруын тілек етемін. Әжімбет атамыздың айнымастай досы болған Кендіrbай қажының есімі ұмыт қалмаса еken деймін.

Кендіrbай қажыдан Қожахмет, Қожахметтен туған Әлім Ұлы Отан соғысында қайтыс болған. Әлімнен қалған Шәкен Кендіrbай қажының ұрпағы болып табылады. Шәкен Бидалы Уақ Қабдолла Тоқсанбайұлына тұрмысқа шықкан. Сүлеймен, Серікбай атты ер балалары бар. Тұмен қаласында тұрады. Бұл жиендеріміздің шежіресі былай таратылады. Бидалы Уақ → Құдайқұл → Қайдауыл → Сагындық → Ерназар Тоқпай → Бегалы → Сибанбай → Тоқсанбай → Қабдолла → Сүлеймен, Серікбай.

Өміріміз жайлы айтқанда, Қадыр ағамыз жайлы айтпай кетуге болмайды. Әке-шешеден кейінгі тәрбиені Қадыр ағамыздан көрдік. Ел ішінде беделді, парасатты адам еді. Жол апатынан қайтыс болып, жүргегімізге жа-зылмастай жара салып кетті. «Орнында бар оналар», – дегендегү құдайға шүкір, Қадыр ағамыздың Тұрлыбай, Загыпар, Жапар, Асылбек, Досымбек атты ба-лалары ұрпақ жалғастырып, Тұмен қаласында тұрып жатыр. Өзбек інімнің Есімбек, Құрманғазы, Қайрат атты балалары мен олардан тараған ұрпактар да ата-лары салған жолмен келеді.

Біздің Зипа екеуміздің отбасында сегіз бала өмірге келді. Қасен, Құсайын, Тұрсынбай, Асылқан, Темірхан атты ер балаларымыз, Үйрысты, Бибігул, Құлтай атты қыз балаларымыз бар. Бәрі де үйлі-баранды, алды немере сүйіп отыр. Құдайға шүкір, өзімді осылардың ортасында бақытты адамға санаймын.

2004 жылды исламның бесінші парызы – қажылыққа бару парызын орындалап келдім. 2008 жылдың тамызында аллаһтың жазуымен Мекке-Мәдинаға екінші рет сапар шектім. Осы жылғы қажылық парызымды қалай атқарғаным туралы тоқтала кетейін.

Мекке шаһарында болған күндері Қағбада, Арафат, Мұздалифа, Мекке, Нұр тауларында болып, Адам-Ата, Қая-Ана, пайғамбарымыз Мұхаммед (F.C.) болған, жүрген жерлермен таныстық.

Мәдина шаһарында болған күндері пайғамбарымыз Мұхаммед (F.C.) мешітінде, пайғамбарымыздың

Аллаһтың бұйрығымен бірінші жұма намазын оқыған мешітінде, пайғамбарымыздың бір намазын Иерусалимге қарап бастап, намаздың ортасында Аллаһтың бұйрығымен құбыланы Қағбага қаратып намазын аяқтаған (екі құбылалы мешіт) мешітінде, ислам дінін орнатуға, дамытуға, нығайтуға үлес қосқан жолдастары (Әбубәкір, Оспан, Омар, Ғали, Қамза) салған мешіттерінде болдық. Мәдина шаһарындағы ислам дінін орнатауда құрбан болған «майдандастар зиратында» болдық.

Қажылықтың үш парызы бар: әуелі – ихрам байлану. Ол ихрамды байланатын орынды «Михат» дейді. Міхаттан өткен соң байланған ихрам дұрыс болмайды. Екінші парыз – ғарапа күнінде, яғни құрбан шалатұғын күннен бір күн бұрын Арафатта тұрмак парыз. Үшінші парыз – Қағбаны жеті айналып, тауап қылу.

Қажылықтың бес уәжіті бар:

-Әуелі Мұздапада тұрмак, құрбан күнінің ерте намазынан соң азғана тұрса да болады.

-Сапа мен Меруа арасында жеті мәрте сағи қылыш жүру.

-Минада шайтанға 49 рет тас ату.

-Құрбан шалып болған соң, ихрамнан шыққанда шаш алдыру немесе қысқарттыру.

-Елге қайтарда қоштасу ниетте Қағбаны жеті айналып тауап қылу. Мұнан басқа сұннэт маскилары бар. Міне, осы айтылған парыз, уәжіт сұннэттарды Аллаһтың жазуымен орындалап, қажылық парызымызды аткардық.

Осы қажылық күндерінде, бес уақыт намазға қоса Нәфіл намаздарын мол оқу, тәхбір, салауатты кеп айту, Аллаһқа жалбарынып ел-жұртқа, балаларына, туыстарына жақсы өмір сұралады. Бұл қасиетті міндеттерді, иншала, орындағандай болдық.

Дін уағаздау ісіндегі еңбегім ескеріліп, Қазақстан дін басқармасынан «шеих қажы» деген куәлік қағазын алу мен үшін зор қуаныш болды. «Шеих» деген діни атақ діни сауатты, дін жолына ерекше еңбек сінірген, құдай жолындағы сыйлы адамдарға беріледі екен.

Шамам келгенше ұрпақтарымды дін рухында тәрбиелеуге құшімді салып келемін. Содан да болар Бибігүл атты қызымен бес уақыт намазын ұзбей оқып, орасын ұстап ислам дінін бес парызын ақыл-ойымен қабылдап, Меккеге барып қажылық міндеттерін орындарап келді. Қазір Алматы қаласында тұрады.

Улken балам Аманбайдан туған Нұрлан атты немесем Шымкент облысы, Ордабасы ауданы Мақташы деген ауылда Шәукер атасы жолын жалғастырып, өз қаржатымен мешіт салды. Мешіт Шәукер қажы атымен аталды.

Ұрпақтарымның ислам діни жолында осындай іс-әрекет жасап жатқандарына Аллаһқа тәубе келтіреміз.

Алдағы уақытта да барлық келешек ұрпақтарыма ислам дінін берік ұстап, Шәукер қажы атамыздың имандылық жолындағы істерін жалғастыруды сұраймын және өсиет етемін.

Кәрім қажы Жалмақанұлы.

ТЕМІРҒАЛИ НҰРТАЗИН

Қазақстан халық жазушысы Темірғали Нұртазин Нұралы атасы ұрпақтарының бірі. Шежіресі былай таратылады:

Нұралы —————> Көбек —————> Жанболат —————> Бөші
————> Байкөбек —————> Нұртаза —————> Теміргали.

Теменде жазушының энциклопедиялық өмірдеректерін жазып отырмыз.

(29. 12. 1907, Ресей Федерациясы Қорған қаласы – 10.04.1977, Алматы) – жазушы, сыншы, аудармашы, әдебиет зерттеушісі, филологияғының докторы (1963), профессор Татар медресесінде, орыс мектебінде оқыған. Петропавл педагогикалық училищесін (1932), Ленинград журналистика институтын (1935) бітірген. 1928-43 жж. мұғалім, ұжымшар тәрағасы, Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бөлім менгерушісі, «Қарағанды пролетариаты» облыстық газетінің редакторы, драма театрының директоры болды. 1943 жылдан өмірінің соңына дейін КазПИ мен КазМУ-де аға оқытушы, доцент, профессор болып қызмет атқарды. Шығармаларын өлең жазудан бастаған, тұнғыш жинағы «Машинист» 1932 ж. жарық көрді. 1944 жылдан әдеби сынға араласқан Нұртазин зерттеулерінің басты бағыты Абай, Б.Майлин, С.Мұқанов шығармаларын талдау болды. «Абай – қазақ халқының данышпан ойшылы» (1937), «Сәбит Мұқанов» (1958), (Жазушы және өмір» (1960), «Эстетикалық пікірлердің даму

тарихынан» (1961), «Бейімбет Майлин творчество» (1966), «Шеберлік туралы ойлар» (1968), «Абай және орыстың классикалық әдебиеті» (1986), т.б. кітаптары жарық көрді. Нұртазин «Қазақ совет әдебиеті» оқулығын (1971), «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1973) оку бағдарламаларын жазды. Нұртазиннің «Мұрат» повесі (1958), «Әңгімелері» (1959), «Адам бекерге жасамайды» (1965), «Ауыл тынысы» (1973) көркем шығармалары, Т.Рысқұловтың өмірі мен қызметі туралы «Үлкен жолда» атты тарихи туындысы (1978) жарық көрді. Орыс тілінде «Сынақ» (1969) романы шықты. М.Әуезовтің «Абай» романының 1-кітабын (А.Б. Никольскаямен бірге) орыс тіліне аударды (1945), Н.В.Гогольдің «Тарас Бульба» (1951), Г. Успенскийдің «Растеряев көшесінің салты» (1953), В.Г. Белинскийдің бірқатар шығармаларын (1948) қазақ тіліне тәржімалады.



МАРАЛ ИШАН ҚҰРМАНҰЛЫ (1780-1841)

Марал ишан Құрманұлы Қостанай облысына қарасты «Қайранкөл» «Әулие көл» атты жерде Құрман емшінің отбасында дүниеге келген. Руы Нұрымбет.

Нұралы шежіресінде жазылғандай Нұралы мен Нұрымбет рулары Ақсары керейдің Иманәлі атасынан тарайды. XIX ғасырға дейін бір рулы ел болып, қоныстары да бірге болған. Тек кейін бөлек рулық атауларға ие болып қоныстарын өзгерткен.

Шәукер қажының атасы Жанғұлы Нұралы, Марал ишанның әкесі Құрман Нұрымбет аталарын билеушілердің бірі болған екен. Ел аузында мынадай дерек сакталған.

1741 жылы ақпан айының аяғында Жонғар әскерлері Сыптан ноянның бастауымен қазақ жеріне тұтқылдан шабуыл жасап, Абылайды тұтқынға алады. Қалмақ ханы Қалден-Серен Абылайды аман қалдырады. Себеби жонғарлардың ішкі-сыртқы жағдайының ауырлап тұрған кезі болатын.

Жонғар ханы Абылай ханның кеменгерлік қасиетін өз саясатының мұддесінے пайдаланбақшы болып, оны еліне көп сый-сияптымен қайтарады. Баласы Әмірсанамен өмірлік дос еткісі келіп, өзінің қазақ әйелінен туған екі қызын қоса береді. 1743 жылы қыркүйек айында Абылайды, қасында Жолбарыс сұлтаны бар, барлығы 35 адамды босатады. Қазақ жеріне аттанар

алдында екі қыздың шешесі Абылай ханға бір жағы өсиет, екінші жағынан туыстық өтініш айтқан екен. «Мына қызымнан батыр туады, екінші қызымнан әулие туады. Мұны аузында иманы, бес уақыт намазы бар адамға бер», - деген екен. “Мұны қайдан білдініз?” – дегенде: “Алғашқы қызым дәретке отырғанда дәреті жерді тесіп кете жаздайтын. Ал, екінші қызым үнемі дәретін жасырып, көміп кететін”, - деп жауап беріпті. Елге келген соң “батыр туады” деген қызын Абылай өзі алғып, екінші қызды сүйікті емшісі Құрманға қосады. Өзі алған қыздан Қасым (Кенесарының әкесі) туса, Құрман алған Фатима атты қыздан Құлжа, Арап, Марал атты балалар дүниеге келеді.

Марал әкесінен тоғыз жасында жетім қалады. Он үш жасына дейін ауыл маңайындағы медреселерді оқып бітіреді. Одан әрі оқуды ойластырып жүрген күндердің бірінде Ақмешіт (Қызылорда) маңында тұратын атақты Жалаңаяқ ишан “Маған окуға кел, ба-лам!” – деп түсінде аян береді. Он үш жасында анасымен бірге Қызылжардан Ақмешіт жағына Жалаңаяқ ишанның ауылын іздел шығады. Жол азабын тартқан жас бала мен ана Ақмешіт маңайындағы Құланбай ишанның үйіне келеді. Одан әрі жүргуге шамалары жок Марал анасымен бірге осы үйдің жалшысы болып, малын бағып жүре береді. Байдың малы ұры-қарыдан, ит-құсттан аман болады, малдың өлімі де азайып мал басы көбейе бастайды. Баланың қасиетіне көзі анық жеткен Құланбай ишан бір күні Маралға:

- Балам, қызым Менлібикені саған қосып, сені қияметтік бала еткім кеп отыр. Түбінде осы азды-көпті байлығымның иесі өзің боласын, - дейді.

Анасы бұл ұсынысты қуана қабылдағанмен Марал елден Жалаңаяқ ишанды іздел шыққанын, қалайда сол кісіге жету керектігін айтады.

Ақыры, қызын Маралға атастырып, бірақ әзірге білім алу үшін оның жолына бөгет болмай, болашак күйеу баласын Жалаңаяқ ишанның тұрған жеріне аттандырады. Жалаңаяқ ишан қазіргі Өзбек Республикасының Қаттақорған қаласынан батысқа қарай 70, ал Бұхара қаласының шығысында 50 шақырым жердегі, осы екі қаланың ортасындағы Жам тауының үнгіріндеге мешіт-медресенің ғұламасы еken. Атакты әулие Жалаңаяқ ишанның қарауында 100 шәкірт-қалпесі оқиды еken, 101-ші болып Марал қабылданады. Окуға зерек, әрі Алла берген жеке басының қасиетінің арқасында Марал шәкірттер арасында айрықша дараланып көзге түседі.

Жалаңаяқ ишанның медресесін тәмамдаған Марал 1810 жылдары туған еліне қазіргі Жамбыл ауданы Пресногорьков жеріне оралады. 1970 жылдарға шейін Пресногорьков пен Ақбалық аулының аралығында Нұрымбет дейтін ауыл болған, Марал ишанның кейінгі туыстарының бір тобы осы араны мекен еткен. Оңтүстіктен елге оралған Марал дін ислам дінін уағыздаумен айналысып, халықтың қалауымен Батыс Сібір мұсылмандарының Бас мұфтии болып сайланады, қазақтар

арасында ғана емес татар-башқұрт, өзбек тағы басқа халықтар мұсылмандары арасында дін басшысы ретінде беделі өседі. Марал ишанның патша үкіметінің біздің солтүстік өнірді отарлауға байланысты ашқан ғазауат соғысын Батыс-Сібір мұсылмандары тегіс қолдады. 1819 жылы Есеней бастиған қолы ірі жеңістерге жеткенмен кейін жеңілістерге ұшырайды. Қарулы көтерілістен нәтиже шықпайтынын білген Марал ишан Ресей үкіметі басшыларымен келісім жолын іздестіреді. Бұдан әрі Марал ишан туралы сөзімізді нақты деректермен жалғастырысақ, Омбы қаласында 1888-1902 жылдары арасында “Дала уалаятының газеті” деген газет шығып тұрған. Осы газетте “Вдохновенный киргиз Марал Курманов” деген мақала шықты (“Дала уалаятының” газетін; 1888-1902 жок. Құрастыруышы У.Сұбханбердина. Алматы. Фылым баспасы. 1994 жыл. 651-656 бет).

Осы мақаладан үзінді келтірейік.

“...Марал сделал попытку вступить в переговоры с русским правительством об отделении киргизов от России. С этой целью он отправил в Омск с старшиною Киреевской волости Байсалом два письма на имя Оренбургского военного губернатора генерала от инфантерии Эссена и командира Сибирского отдельного корпуса генерал-лейтенанта Капцевича. Так как оба письма одинакового содержания, то для выяснения сущности замыслов Марала достаточно привести содержание одного из этих писем в переводе с татарского:

- Господин генерал, за несколько до сего лет на

границах Российской Империи существовали благополучие, мир, тишина и спокойствие: и во времена тогдашних России государей не имели права и смелости русские без соизволения проходить в землю киргизскую, и киргизы (казахи) тоже боялись выходить в русскую, - а ныне, господин генерал, во времена твои и мои, сделалось так, что русские совсем овладели землею, принадлежащую киргизам, и они последние стали находиться и совсем вошли в землю русскую, почему это так и по каким причинам и обстоятельствам это случилось? От вас ли это, господин генерал, или от нас? И мы, как скоро получим о вас известие, никак не сомневаемся, чтобы во времена ваши и наши как российские, так и киргизы могли бы разоряться и расстражаться, потому что русские все находятся в зависимости вашей, а киргизы все – в руках ваших по прямому предопределению пророка, и я вас, господин генерал, покорнейше прошу дать мне позволение и путь к Государю Императору и сия есть самая убедительная до вас просьба” – деп жазған.

Макала былай аяқталады:

“По всеподданнейшему докладу графа Нессельроуе, 12 февраля 1822 г. последовало Высочайшее соизволение на вызов в Петербург Марала Курманова, и тогда же были сделаны об этом все необходимые распоряжения.

Но воспользоваться позволением Маралу не удалось, он вдруг исчез – куда, в точности не известно”.

1822 жылдары патша жандармдарының қолымен жазылған бұл хабарламадан Марал ишанның қазақ елін, қазақ жерін қорғау үшін қандай жанкешті істерге барғанын анық байқауға болады. Патшаның алдына бару ниетінің өзі үлкен ерлік деп бағалау керек.

Ауызша жеткен деректерге қарағанда, Марал ишаның жоғарыдағы мазмұнда жазылған хатынан кейін Батыс-Сібір генерал-губернаторы Капцевич жоғарғы жақтан қауіпті адам ретінде Марал ишанды жасырын өлтіруге жарлық алады. Капцевич конторында істейтін бір мұсылман бұл хабарды Марал ишанға жеткізеді. Батыс-Сібір мұсылмандар қоғамы ақылдаса келе, басқа жаққа кете тұруға кенес береді. Осылайша Марал ишан қазіргі Қызылорда облысының Қармақшы ауданына көшіп кетеді. Коныс еткен жерін өзінің арғы атасы Еменәлі атымен атайды. Марал ишан 1841 жылы қайтыс болып, осы жерге жерленеді, зират “Марал ишан қорымы” деп аталаip кетеді. Осы уақытқа дейін жергілікті адамдар Марал ишан аруағына сыйынып, ауырғандар, бала көтермеген әйелдер зиратының басына түнейтін көрінеді. Марал ишаның емшілігі, көріпкелдігі туралы ел ішінде көп айтылады, сонын біреуіне тоқтала кетейік.

Бірде Марал ишаның кейінгі ұрпақтарының бірі сол арадағы кіші жүздің бір шалымен жанжалдасып, сақалын кесіп алады. Бұл қазақ дәстүрінде өте ауыр қылмыс, кісі өлтіргенмен бірдей. Бұл іс екі рудың арасындағы дауға айналып, керей руы жағы сақалын

кескені үшін айыбына бір үйір жылқы беруге дейін барады, бірақ бұған жәбірленуші көнбейді. “Айып-пұлын өзіңіз айтыңыз”, - дегенде жәбірленуші. “Мен өлгенде денемді Марал ишанның жаңына жерлеуге рұқсат етсендер, кешіремін”, - дейді. Керей жағы бұған келісіп, бітімге келеді.

Кенесары Марал ишанның Бибі дейтін апасынан туса, Наурызбай Марал ишанның Асылтас дейтін қарындасынан туған. Марал ишан қозғалысының Абылайұлы Қасым және оның балалары Саржан және Кенесары-Наурызбайлар бастаған ұлт-азаттық соғысымен байланысып жатуының бір себебі осы туыстық катынаста жатыр. Кенесарының ұлт-азаттық көтерілісін осы Марал ишанның қозғалысынан бастау алды деуге болады.

Марал ишанның 4 әйелінен 8 ұл болған. Бәйбішесі Құланбай ишанның қызы Менлібикеден Қалқай, Қалыбай, Елібай туады. Екінші әйелінен – Пірзада, Бекзада, үшінші әйелінен Есмұхамед пен Жармұхамед, төртінші әйелінен туғандар жас кездерінде қайтыс болған.

Қазір Қалқай, Қалыбай, Елібай, Жармұхамед атты балаларының ұрпақтары Қызылорда, Қостанай, Торғай, Астана, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан облысы, Өзбекстан жерлерінде тұрып жатыр. Марал ишан өмірінің соңғы кезеңі Қызылорда облысының Қармақшы ауданында өтті. Сондықтан да жұрагаттарының көпшілігі осы арада. Балалары мен немерелерінен де әулие иелері, ишандар шыққан. Қалқай атты бір баласынан гана 4 ишан шыққан.

Шәукер қажы Әжімбетұлы осы Қалқай ишанның Мүриді (шәкірті) болып тәрбиесін алыпты. Қалқай ишанның өзімен және оның балаларымен Меккеге барған.

Марал ишанның ұрпақтары былай таратылады.

Марал ишаннан – Айтмағамбет, Алтай (Айбарша деген жеңге алған әйелінен), Қалқай, Қолыбай, Елібай (бұл үшеуі қыздай алған бірінші әйелі Мендібикеден), Пірзада, Текзада (үшінші әйелінен), Есмұхаммед, Жармұхаммед (төртінші әйелінен), Үсмайыл (бесінші әйелінен).

Марал да, оның Айтмағамбет, Алтай, Қалқай есімді ұлдары да өздерінің Бибі атты апасынан туған Кенсары ханды қолдап, оның сарбаздарын азықпен, киіммен, көлікпен жабдықтауға ат салысқан. Қалқай ишаннан – Алдажар, Тобағабыл, Омар, Әбдірахыман (бәйбішесі Көңеш Шагырай қызынан), Мамырбай (екінші әйелінен), Нұрғожа, Сияқожа (үшінші әйелінен), Оспан (төртінші әйелінен).

Алдажардан – Үсқақ пен Мұхаммеджан. Үсқақтан – Ақылима мен Ералы. Мұхаммеджаннан – Үрім, Қырым, Әубәкір (Тәжікеннен). Қырымнан – Мұсайыпхан мен Сәдір. Әубәкірден – Икрамша. Тобағабылдан – Батырхан мен Қазихан. Әбдірахманнан - Әмит (шын аты – Абдулхамит). Әмиттен – Аскар, Әбілда, Қасымхан. Мамырбайдан – Асан, одан Қауыс, одан Үсмағұл. Қалыбай ишаннан – Шайхы (бірінші әйелінен), Сәруар, Мұхтар, Ахмет (екінші әйелінен).

Шайхыдан – Эмірхан мен Сыламхан. Эмірханнан – Нәби мен Әбдіразақ. Нәби Ұлы Отан соғысында қаза тапқан.

Сәруардан – Сейітхан, Сейілхан, Әлінше. Есілбай ишаннан – Үндемес, Сыдық, Сәлен, Батырхан, Әміре.

Сәленинен – Мінуар. Батырханнан – Мұсілім, Кәшім. Кәшім екі рет Ленин орденімен марапатталған. Үнде-местен – Жұнісхан мен Дастан (Мынғайдан). Жұніс-ханнан – Темірхан мен Нагайхан. Темірханнан – Ка-сымхан.


Маралдың Есмұхаммед деген баласын туыстары еркелетін, Есей деп атап кетіпті. Есейден – Сүлеймен ишан, одан Бахытжан.


Сүлеймен Кеңес дәуірінде Қызылорда облыстық мешітінің имамы болып, көп жыл қызмет атқарған.


Марал ишанның төртінші ұрпағы Темірхан Қос-танай облысының Қамысты ауданындағы Бестау кен-шарының орталығында Марал атындағы мешітті ашуда ерекше қызмет еткен (1996 жылы).


Марал ишанның төртінші елі Нұрымбет Керейдің жартысы ата қонысында Қостанай облысындағы Жеті-көл ауданында, ал, қалған жартысы 1723 жылға дейінгі ескі ата қонысында – Солтүстік Қазақстан облысын-дағы Жамбыл ауданында өмір сүріп жатыр.


НУРАЛЫ ШЕЖКИРЕСІ

















































Тілестің бұл үрпактары Түмен облысы жерінде тұрып жатыр.




































































Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы. 1989 ж.
2. Айтыс – Алматы. 1965 ж.
3. Біржанның белгісіз ғұмыры. «Мәдениет және тұрмыс». – Қаратай Биғожин. 1994 ж. № 1, 2.
4. Біржан сал. (пьеса). – «Ленин туы» газеті. № 11. 1988 ж.
5. Біржан сал қай жерде туған. Сәркен Барқытов. «Солтүстік Қазақстан» газеті.
6. Аспандағы аққуға әнін қосқан. Илия Жақанов. «Жұлдыз» 1982 ж. № 4.
7. «Теміртас, Асыл Ақық – қарақтарым» - Сәркен Барқытов. «Солтүстік Қазақстан» газеті 22.01.1997 ж.
8. Біржан Қарқарага қашан келді. Төлен Қаупынбайұлы. «Қазақ әдебиеті» газеті. 28.04.2006 ж.

МАЗМҰНЫ

I. БІРЖАННЫҢ БЕЛГІСІЗ ГҮМЫРЫ

1. Біржан салдың ата қонысы.....	4
2. Нұралы Керей елінің қоныс аударуы.....	7
3. Қожағұл бүркөуі жеріне Керейдің Сыйбан атасы ұрпақтарының қоныстануы.....	10
4. Біржанның ата-тегі. Біржан қай жылы, қай жерде туған.....	13
5. Біржанның белгісіз гүмымыры.....	18
6. Біржанның шығармашылығы.....	42
7. Теміртас Біржандұлы.....	61
8. Нұржан мен Айымжан сұлу.....	78
9. Біржан салдың шежіресі.....	87
10. Біржан салдың шығармалары.....	91

II. НҰРАЛЫ ШЕЖІРЕСІ

1. Керей шежіресі туралы.....	114
2. Нұралы шежіресі.....	120
3. Шәукер қажы және оның ұрпақтары.....	126
4. Теміргали Нұртазин.....	143
5. Марал ишан Құрманұлы.....	145
6. Нұралы шежіресі.....	154
7. Пайдаланылған әдебиеттер.....	194

**Біржанның белгісіз ғұмыры
Нұралы шежіресі - Социал Жұмабаев
Кәрім Жалмақанов**

**Редакция алқасы: Қайролла Мұқанов,
Қаратай Биғожин,
Таңат Сүгірбаев**

Редакторы: Болат Нұртаев

**Авторлары: Социал Жұмабаев
Кәрім Жалмақанов**

**Компьютерге терген: Нұржамал Байтенова
Дизайнері Сәуле Ахмадиева**

2009 жылы баспаға тапсырылған.
Офсеттік басылым. Көлемі 12,4 баспа табак.
60x84/16. Эріп түрі TimesNewRoman.
Таралымы 400. Тапсырыс № 1462
“Полиграфия” АҚ басылды.
Петропавл қаласы,
Қазақстан Конституциясы көшесі, 11



Кітаптың авторлары